

Б. Қ. Купешова

ФИРМАЛАР ҚАРЖЫСЫ

Оқу құралы



Б. Қ. Купешова

ФИРМАЛАР ҚАРЖЫСЫ

Оқу құралы

ӘОЖ 005 (075.8)
КБЖ 65. 290 - 93 я 73
К 92

*Баспаға Экономика және бизнес Жоғары мектебі Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№3 хаттама 04 наурыз 2015 жыл)*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының докторы, профессор **Б.Қ. Қазбеков**
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент **А.О. Базарбаев**
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент **М.К. Қожасметова**

Купешова Б.Қ.

К 92 **Фирмалар қаржысы: оқу құралы / Б.Қ. Купешова. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2021. – 178 б.
ISBN 978-601-04-1289-7**

Оқу құралы «Фирмалар қаржысы» курсы бойынша негізгі тақырыптарды, фирманың қаржылық ресурстарын басқаруды, оларды қалыптастыру көздері мен пайдалану бағыттарын қарастырады. Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарының экономика мамандығының студенттеріне арналған.

**ӘОЖ 005 (075.8)
КБЖ 65. 290 - 93 я 73**

Кіріспе

Фирманың қаржылық жағдайы кәсіпорынның қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігімен және қаржылық тұрақтылықпен сипатталады. Фирманың өз міндеттемелерін уақытылы өтеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсылығын көрсетеді. Кез келген фирманың қаржылық қызметінің қалыпты болуы, әсіресе алдына қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызуда оның қаржысын ұйымдастыру мен басқарудың маңыздылығы өзекті мәселе болып табылады. Оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және фирманың қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдарын қарастыру өте маңызды.

«Фирмалар қаржысы» пәні компания қаржысын, инвестициялық ресурстарды зерделеу жөніндегі қызмет және бизнестің табыстылығын бағалау болып табылады.

«Фирмалар қаржысы» пәнінің мақсаты – фирмалар қаржысын ұйымдастырудағы теориялық және тәжірибелік негіздерді зерттеу, оларды тұрақты жағдайға жету мен пайданы оптимизациялау мақсатында тиімді басқару.

«Фирмалар қаржысы» курсы оқу нәтижесінде студент: түрлі меншікті нысандағы кәсіпорындар қаржысын ұйымдастыру ерекшеліктері мен нарықтық экономика жағдайындағы корпорациялардың қаржылық қатынастары бойынша теория және тәжірибелік білімге ие болу керек; фирманың қаржылық жағдайын бағалай біліп, қаржылық жоспарлар мен болжамдар жасай алуы тиіс; экономиканың тұрақсыздық жағдайында фирмалардың түрлі салаларда қызмет ету барысында дұрыс қаржылық шешімдер қабылдай білу.

1. ФИРМАНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ МАЗМҰНЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1. Фирма қаржыларын басқару мақсаты мен міндеттері

Фирмалар қаржыларын басқарудың бүгінгі таңда ғылым мен тәжірибеде қалыптасқан заманауи мектептері мақсатты бағыттары таңдаудың түрлі жолдарын ұсынады.

Нарықтық мектеп (америкалық мектеп) капиталдың шашылуымен (меншікті және қарыз капиталдарының иелері акция және облигациялар ұстаушылары болып ұсынылған) меншік иелерінің басқаруда қатысумен қатар ақша ағындарын бақылау деңгейінің төмендігімен негізделген. Қаржылық және қор нарықтарының дамуымен жақсы құқықтық базаның болу барысында иелердің мұндай қатысушылығы жеткілікті. Ол қаржылық ақпараттар мен қаржылық шешімдердің ашық болуы және компания капиталының нарықтық құнын максимизациялау стратегиялық мақсатын қамтамасыз етеді. Меншік капиталы 100%-ды құраған жағдайда бұл мақсат нарықтық капитализацияны максимизациялау деп аталады.

Қарыз капиталының бар болуы мен кредиторлар қызығушылығын ескеру қажеттілігінің болған жағдайында мақсат компанияның барлық капиталын максимизациялауға трансформацияланады (меншікті және қарыз капиталдарының нарықтық бағаларының жиынтығы).

Осы мақсат фирмалар қаржыларын басқару теориясында көптеген қолдауға ие болып, түрлі мемлекеттердің корпорацияларының дамуында тәжірибелік жетістікке жетіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеген.

Бұл тұжырымдаманы америкалық деп атау шартты деуге болады, себебі Ұлыбритания, Франция және континенталды Еуро-

па мемлекеттерінің компаниялары үшін қор нарықтарына шығу мен капиталдың нарықтық құнын максимизациялау мәселелері маңызды болып танылады.

Байланысты (банктерге бағытталған) әдіс байланысты қаржы жүйесінде жұмыс жасайды. Мұнда қарыз капиталын әлсін-әлсін бөлу мен контрагенттер араларында тікелей қаржылық тәуелділік болады. Меншіктің мұндай құрылымында, менеджерлер шешім қабылдауда компанияның стратегиялық бағытында да капиталды максимизациялау мәселесіне көңіл бөлмейді.

Бірінші кезекке *салынған қаражаттардың табыс әкелуін қамтамасыз ету, әлем нарықтарына шығу мен жаңа қаржылық тәуелділікті орнату* болып танылады.

Жапония мен Азия-Тынық мұхиты аумағының компаниялары көбінде Еуропа компаниялары бас тартатын жобаларды қабылдайды. Ол капитал құнының төмен негізделуі мен тәуекелдің төмен бағаға ие болуымен байланысты. Мақсатты шарттар жобалар бойынша классикалық ұсыныстардан бас тартуға әкеледі, мысалы нөлдік немесе теріс нәтижелі таза дисконттық табысты жобалар қабылданады. Ол нарықта орынға ие болып қалу және өндірістік немесе қаржылық шынжыр қалыптастыру үшін жасалады.

Нақты өмірде мақсатты көрсеткіштерді таңдау көптеген факторларға тәуелді: ұйымның ұйымдастыру формасы, өмір сүру ұзақтығы, елдегі жалпы экономикалық жағдай және т.б.

Фирманың даму мақсаты нақты белгіленуі тиіс, қисындалған, ішкі құжаттармен белгіленген және ұйымның барлық қызметкерлеріне мәлімет жеткізілуі керек.

Фирма қаржыларын басқарудың мақсатын құру келесілерді қарастырады:

- банкроттыққа ұшыраудан қашу және ірі қаржылық сәтсіздіктен (шығынданудан);
- сату көлемі мен түсім;
- бәсекелестермен күресудегі жетекшілік (қаржыгер көзқарасы тұрғысынан, бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші капиталдың рентабельділігімен байқалады, яғни пайда капиталының 1 бірлігіне);
- компания бағасының максимизациясы.

Соның барысында қаржылық менеджердің соңғы жұмысының мақсаты – фирма бағасын максимизациялау, ол төмендегідей факторларға тәуелді:

- пайда алу ұзақтығы;
- жобаланған түсімдерді алу қаупі;
- қаржы капиталын қолдану;
- дивиденттік саясат;
- қаржылық нарық жағдайы.

Тактикалық міндеттердің шешілуін қаржылық менеджмент қамтамасыз етуі тиісті, ол:

- келісімділікпен және ақша қаражаттарының түсу уақытымен қамтамасыз ету;
- ақша қаражаттарының қажетті көлемімен қамтамасыз ету;
- сатудың рентабельділігімен қамтамасыз ету (яғни оперативті деңгейде бәсекеге қабілеттілік).

Фирма қаржысын оперативті басқарудың бірінші кезекті міндеті – оның өтімділігін қамтамасыз ету. Өтімділікті шынайы қолдау негізі – төлем қабілетсіздіктің салдарынан ұйымның қызмет етуінің тоқтатылуы мен банкроттыққа ұшырауы түрінде жариялауы. Ұйымның төлем қабілеттілігін қолдауда оның қаражат ағымын тиімді басқару қажет.

1.2. Фирма қаржысын басқару қызметтері

Фирмалар қаржысын қаржы жүйесінің бөлігі ретінде қарастыратын болсақ, ол қаржының негізгі қызметтерін (функцияларын) микродеңгейде қамтиды. Ол функцияларға келесілер жатады: *ұдайы өндірістік, бөлу және бақылау функциялары* (негізгі функциялары бөлу және бақылау). Ұдайы өндіріс функциясы көмегімен айналым кезеңіндегі материалды, еңбекті және қаржы ресурстарының балансталған құндық көрінісін қамтамасыз етеді.

Фирма қаржысының бөлу функциясы көмегімен кәсіпорынның пайдасын бөлу реттілігі және кәсіпорынды дамыту үшін белгілі бір бағыттары бойынша бөлу пропорциясын анықтауды қамтамасыз етеді.

Фирма қаржысының бақылау функциясы көмегімен ақша құралдары қорын қалыптастыру, теңге көмегімен нақты ақша айналымына бақылау қамтамасыз етіледі. Фирмада бақылау нысаны ретінде функционалды департаментализация және дивизионды департаментализация қолданылады. Фирма қаржысының бақылау функциясы келесі бағыттар бойынша: қаражаттарды қорларға өз уақытында аударуды, ақшалай қорлардың, қордың құрылымын бұзбауына, қаражаттарды мақсатты қолдануына, түскен түсімдерді, кіріс және рентабельді деңгейін бақылауды жүзеге асырады.

Экономикалық әдебиетте фирма қаржыларының функциялары сұрақтары және де жалпы қаржылар бойынша бірыңғай ой-пікір жоқ.

В.В. Бочаров және В.Е. Леонтьевтің ойлары бойынша, шаруашылық нарық жағдайында корпоративті қаржысының 3 функциясының бар болуын құқықты мойындау:

- капиталды, табысты және ақша қорларын қалыптастыру;
- капиталды, табысты және ақша қорларын қолдану;
- бақылау [1].

Осылардың ішінен біріншісі (капиталды, табысты және ақша қорларын қалыптастыру) ұдайы өндіріс үрдісінің үздіксіздігін жүзеге асыру жағдайының қажеттілігі болып табылады. Тауарларды сатудан бастапқы тарату түсім есебінен, қаржы жоспарында (бюджетінде) сипатқа ие болатын, корпорацияның және кәсіпорынның арнайы қорлары құрылады.

Фирма қаржысын басқарудың қызметтерін келесідей жүйеге келтіруге болады:

1. Жоспарлау (құрамына стратегиялық және ағымдағы қаржылық жоспарлау кіреді). Кез келген іс-шаралардың түрлі сметалары мен бюджеттерін жасау. Өткізуді болжау мен баға саясатына қатысу. Келісімшарт шарттарын анықтауға қатысу. Бірігу немесе бөліну түріндегі құрылымның мүмкін болатын өзгерістеріне баға беру.

2. Қаржыландыру көздерімен (капиталмен) қамтамасыз ету. Қысқа және ұзақ мерзімді қаржыландырудың ішкі және сыртқы көздерін іздеу. Олардың ең қолайлы үйлесімін таңдау.

3. Қаржылық ресурстарды басқару. Шоттар мен кассалардағы ақша қаражаттарын басқару. Бағалы қағаздар портфелін басқару. Қарыз қаражаттарын басқару.

4. Есеп, бақылау және анализ. Есеп саясатын анықтау. Есеп ақпараттарын қаржылық есеп түрінде беру және оны өңдеу. Нәтижелердің анализі мен оны түсіндіру. Есеп мәліметтерін жоспармен және стандарттармен салыстыру. Ішкі аудит.

5. Активтерді қорғау. Тәуекелдерді басқару. Әртүрлі тәуекелдерді сақтандырудың тиімді тәсілін таңдау.

Бұл қызметтердің нақты формалары мен әдістерін кәсіпорынның қаржылық саясаты анықтайды. Саясаттың негізгі элементтері:

- есептік саясат;
- несиелік саясат;
- ақша қаражаттарын басқару саясаты;
- шығындарды басқару саясаты;
- дивидентті саясат.

Кәсіпорынның есеп саясаты ұлттық бухгалтерлік есеп стандарттарына сай анықталады. Несиелік саясат шеңберінде айналыс қаражатының қамтамасыз етілуі туралы мәселе шешіледі – айналыстағы меншік капиталының көлемі, қарыз қаражатын алуға сұранысы, бұлар үшін коммерциялық және қысқа мерзімді несиелер қолданылады.

Ұзақ мерзімді несие тарту үшін кәсіпорынның капитал құрылымы мен қаржылық тұрақтылығы бағаланады. Ақша қаражаттарын басқару саясаты – жоспарлау мен бақылау жүйесі. Дивидентті саясат менеджерлер мен кредиторлардың мүддесін қорғайтын жеке меншік иелерінің мүдделерін қорғауды теңестіруі керек.

1.3. Фирмадағы қаржылық жұмысты ұйымдастыру

Фирманың өркениетті қаржылық менеджментін қалыптастыруда ішкі басқаруды орнатудың технологиясы бірінші кезекке шығады.

Бұл үлкен әрі еңбекті көп қажет ететін жұмыс. Оның құрамына мынадай іс-шаралар кіреді:

1. Қаржылық ашықтылықтың талаптарын ескере отырып, кәсіпорынды басқарудың механизмін қайта құру. Мысалы, ірі

кәсіпорындар мен холдингтер үшін бюджеттік басқару ең тиімді жүйе болып табылады.

2. Өндірісті бизнес-бірліктерге бөле отырып, сәйкес ұйымдық құрылымдық басқаруды дайындау.

3. Жұмыстың барлық бағыттары бойынша мәліметтерді ала алатындай етіп, қаржылық қызметтің жұмысын ұйымдастыру:

- қаржылық басқарудың объектілері бойынша;
- басқару үдерістері бойынша (жоспарлау, талдау, болжау);
- қаржылық ағымдар бойынша.

Керек болған жағдайда заманауи қаржылық басқарудың әдістері, тәсілдері мен қағидаларын пайдалана отырып, қаржылық қызметті әдістемелік жағынан жабдықтау керек, яғни қызметкерлерге жаңа жұмыс шарттарын үйрету.

4. Фирмаға және оның әр бөліміне арналған басқару есебінің стандарттарын дайындау: есептіліктің формасы, мерзімі, ақпараттық ағымның жүйесі, құжаттарды өңдеу және т.б. Басқарушылық қаржылық есеп пен бухгалтерлік есептің бірлесуіне қол жеткізу өте маңызды, себебі нақты қаржылық ақпараттың көзі фирманың есептілігі болып табылады.

Бұл кезеңнің мақсаты – үшінші кезеңнің жұмысы бойынша анықталған оперативтік кіріс пен талаптарға қатысты қажетті қаржылық ақпараттарды жинақтау.

Фирма қызметінің жұмыс көлемін шешу мен оның қиындықтарының сұрақтарына байланысты қаржылық басқару ірі кәсіпорындарда сипатталуы мүмкін, орта кәсіпорындардың қаржылық бөлімшесі болып қаржылық директор немесе тек бухгалтерлік есеппен айналысатын бас бухгалтер ғана емес, кішігірім кәсіпорындардың қаржылық стратегиялармен айналысуы мүмкін.

Қаржылық есептілікке қойылатын талап – кәсіпорынның шаруашылық операцияларының есебін жүргізу және жарияланатын қаржылық есептіліктердің стандарттар мен талаптарға сай болуын қамтамасыз ету.

Аналитикалық бөлім кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдайды және бағалайды: түсім, өткізу көлемі, өтімділік пен рентабельділікті қолдау бойынша жоспарланған тапсырмаларды орындау. Сонымен қатар нарық конъюктурасы, контрагенттік

және ұқсас кәсіпорындардың көрсеткіштерін бақылай отырып, қаржылық көрсеткіштерді болжап отырулары керек. Осы бөлімнің мамандары ұсынылатын инвестициялық жобаларға бағалау жасай алады.

Негізгі жоспарлы құжаттарды дайындаумен *қаржылық жоспарлау бөлімі* айналысады: кірістер мен шығыстар балансы, ақша қаражаттары қозғалысының бюджеті, активтер мен пассивтердің жоспарлы балансы. Жоспарлау үдерісінің ақпараттық негізі – аналитикалық және оперативті бөлімдердің, бухгалтерлік есептің, басқа да фирманың экономикалық қызметтерінің, сонымен қатар нормативтеу мен нұсқаулық мәліметтерінің көрсеткіштері.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Фирма қаржыларын басқару мақсаты мен міндеттерін ашып, анықтама беріңіз.
2. Фирма қаржысын басқару қызметтерін атаңыз.
3. Фирмадағы қаржылық жұмысты ұйымдастыру орындары мен олардың қызметі туралы не білесіз?
4. Қазақстан Республикасында фирмалар қандай кәсіпкерлік нысандарда қызмет жасайды?
5. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдаудың қандай шараларын білесіз?
6. Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің даму динамикасын анықтаудың ақпараттық көздерін атаңыз.

2. ФИРМАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІН ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Қаржылық жағдайдың мәні және оны бағалаудың мақсаты

Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау жөніндегі сұрақтарды қарастырмас бұрын, «қаржылық жағдай» немесе «қаржылық жай-күй» дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әртүрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет «Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады» деп жазған [2].

Профессор И.Т. Балабанов: «Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы – бұл оның қаржы бәсекелестік қабілеттілігінің сипаттамасын (яғни төлем қабілеттілігі, несие қабілеттілігі) қаржы ресурстары мен капиталды пайдалану, мемлекет алдында өз міндеттемелерін орындау. Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайын бағалаудың келесі түрлерін жүргізеді: табыстылық пен рентабельділік; қаржылық тұрақтылық; несие қабілеттілігі; капиталды пайдалану; валюталық өзін-өзі өтеу», – деп жазды [3].

Жоғарыда берілген анықтамалар қарастырылып отырған ұғым мәнін жеткілікті дәрежеде ашпайды, бірақ олардың әрқай-

сысында бұл ұғымды дәлірек анықтауға мүмкіндік беретін ұтымды тұжырымдар бар. Бірқатар түрлі әдістермен есептелетін бірыңғай көрсеткіштерге қарағанда (мысалы, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылығы, өзіндік құн, жалпы табыс, тиімділік) қаржылық жағдай түрлі көрсеткіштерді есептеу нәтижесінде және олардың жалпы бағалауға тигізетін әсерін зерттеу негізінде анықталатыны анық. Қорыта келе, кәсіпорынның қаржылық жағдайы әлсіз және өмір сүру қабілеті жоқ кәсіпорындарға аяусыз қарайтын бәсекелі нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның сенімді болуын, тұрақтылығын және келешегі барлығын куәландыруы тиіс.

Сенімділік кәсіпорын жұмысының үздіксіздігін және оның төлеу қабілеттілігін көрсетеді. Осы берілген түсініктерге сүйене отырып, біз осындай тұжырымдамаға келеміз.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақытында өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Кейбір авторлар қаржылық тұрақтылықты «өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс үрдісінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы» деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық – меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы [3].

Бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфуллин өте ықшам түрде анықтайды. Олардың ойынша, «Қаржылық тұрақтылық – бұл әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін кәсіпорынның белгілі бір шоттар жағдайы».

«Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы» [4].

Қаржылық жағдайды бағалауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

- кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;
- кәсіпорын активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;
- баланс өтімділігін талдау;
- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау.

2.2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негіздері

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негізі қаржылық есеп беру болып табылады.

Қаржылық есеп беруге төмендегілер жатады:

1. Бухгалтерлік баланс (қаржылық жағдай туралы есеп).
2. Табыстар мен шығындар туралы есеп (жиынтық табыс туралы есеп).
3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
4. Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.
5. Түсіндірме жазбалар [5].

Қаржылық есеп беруге негізделген немесе қаржылық есептен алынған материалдармен толықтырылуы мүмкін және бұл материалдар солармен бірге оқылады. Түсіндірме хатта берілген субъектінің есеп, есеп берудің қандай саясатын ұстап отырғандығы және қаржылық есепті пайдаланушылардың талаптарына сай басқа да ақпараттар жазылуы тиіс. Мысалы, оған субъектіге әсер етуші тәуекел мен белгісіздік туралы, қаржылық есепте жазылған міндеттемелер түсініктерін жазуға болады. Нарықтағы географиялық сегменттер, сомалық ерекшеліктер, қызмет түрлері туралы ақпараттар, баға өзгерісінің әсері туралы мәлімдемелер және басқалары қосымша ақпарат ретінде қарастырылады.

Бухгалтерлік есеп – субъектілерді пайдаланушылардың қарауына ұсынатын қаржылық ақпаратының сипаты мен көлеміне байланысты. Пайдаланушылар әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы,

инвесторлар немесе несие берушілер әлде бірлесе отырып іс-қызмет жүргізушілер. Өртүрлі экономикалық шешім қабылдауда олар субъектінің қаржылық және басқадай есептеріне сүйенеді.

Қаржылық ақпаратты пайдаланушылардың екі негізгі тобы бар:

- ішкі;
- сыртқы.

Сыртқы пайдаланушылар екі категорияға бөлінеді. Олар:

- кәсіпорын қызметіне тікелей қаржылық мүддесі бар;
- кәсіпорын қызметіне жанама қаржылық мүддесі бар.

Тікелей қаржылық мүддесі бар пайдаланушылар категориясына мыналар жатады:

- қазіргі және болуы ықтимал инвесторлар;
- қазіргі және болуы ықтимал кредиторлар;
- сатып алушылар.

Жанама қаржылық мүддесі бар пайдаланушылар категориясына кіретіндер:

- салық органдары;
- реттеуші органдары;
- статистикалық органдар;
- басқа топтар (аудиторлар, кеңесшілер, тұтынушылар топтары, т.б.).

Қаржылық есеп беруді пайдаланушыларды жіктеу. «Қаржылық есеп беруді дайындау мен ұсынуға арналған тұжырымдамалық негізге» сәйкес қаржылық есеп беруді пайдаланушылар қатарына келесілер қосылады:

- берілген инвестицияларға байланысты тәуекелді көтеруші инвесторлар. Оларға акцияны сату, ұстай тұру немесе сату жайлы шешім қабылдауға және субъектінің дивидент төлеуге қабілетін бағалауға көмектесетін ақпарат керек болады;
- тиесілі несиелер мен пайыздар бола ма, олар уақытында төлене ме деп білгісі келетін қарыз берушілер;
- сатып алушылар. Оларға кәсіпорынның үздіксіз қызметі туралы, әсіресе олардың осы субъектіге ұзақ мерзімдік келісімдері туралы ақпарат қажет;

- қызметкерлер. Олар кәсіпорын қызметінің тұрақтылығы мен тиімділігі туралы ақпаратқа, сонымен қатар кәсіпорынның еңбек ақымен және басқа жеңілдіктермен, зейнетақымен, жалдау жөніндегі бұдан былайғы жұмыспен қамтамасыз ету қабілетін бағалау мүмкіндігін беретін ақпаратқа мүдделілік танытады;
- ресурстарды бөлу жайлы ақпарат алуға мүдделі мемлекеттік органдар. Сонымен қатар оларға кәсіпорынның іс-әрекетін реттеу, салық салу саясатын белгілеу үшін және ұлттық табыс пен басқадай статистикалық мәліметтерді анықтауға негіз есебіндегі ақпарат қажет;
- көпшілік, өйткені субъектілер жергілікті экономикаға көптеген тәсілдермен елеулі үлес қосады, бұған халықтың еңбекпен қамтылуы мен жергілікті жабдықтаушылардың қолдауы да қатысты.

Қаржылық есеп беруді дайындау мен ұсыну үшін ұйым басшылығы қаржылық жағдай, оның нәтижелері мен қаржылық жағдайдағы өзгерістер жайлы ақпаратқа сүйене отырып, жауапкершілік көтереді.

Бухгалтерлік ақпараттық жүйе қаржылық және басқарушылық болып екіге бөлінеді. Қаржылық есепті сыртқы есеп деп, ал басқарушылық есепті ішкі есеп деп те атайды [6].

Ақпараттар жүйесі екі саладан тұрады:

1. Сыртқы пайдаланушылардың мүддесіне арналған ұйымдардың қаржылық қызметі жағдайын бағалауға қызмет ететін қаржылық есеп.

2. Ішкі пайдаланушылардың мүддесіне арналған ұйымдардың шаруашылық қызметін талдау мен бағалауға қызмет ететін басқарушылық қызмет.

Қаржылық есепте ұйымдардың қаржылық жағдайы жөніндегі мәліметтер жинақталып, жалпы бухгалтерлік есеп жүйесіндегі ақпараттардың белгілі бір бөлігін құрайды [7].

Қаржылық есеп өрісіндегі мәліметтер тиісті құжаттар мен тиісті шоттарда жинақталады. Американың дипломданған бухгалтерлік қоғамы институтының берген анықтамасында: «Қаржылық есеп ақшалай өлшеммен алғандағы ұйымдардың активтерін және осы активтер көздерін, сондай-ақ қаржылық қызмет

бағытының өзгеруін және өзгеріске түсу фактілерінің есебін жүргізуге арналған», – делінген.

Сонымен, қаржылық есепте жинақталған ақпараттар сыртқы және ішкі пайдаланушыларға арналады. Көпшілік жағдайда қаржылық есеп ақпараттарын сыртқы тұлғалар кеңінен қолданады. Қаржылық есеп ақпараттарының көпшілігі коммерциялық құпияға жатады.

Басқарушылық есеп қаржылық есептің жалғасы ретінде өндірістік үрдіс ақпараттарын қалыптастыру мақсатына, мұның негізінде арнайы басқарушылық шешімдер қабылдауға арналған. Басқарушылық есеп өрісінде жинақталған, өңделген және жүйеленген ақпараттар іштей пайдалануға арналып, осы ұйымды басқарушылар, мұндағы ақпараттарды өндірістік үрдісті жоспарлауға, тексеру мен бағалауға, өндірістік қызметті талдауға, сондай-ақ қолда бар экономикалық ресурстардың тиімділігін арттыруға пайдаланылады. Басқарушылық есеп ақпараттары сыртқы тұлғалардың пайдалануына берілмейді және толығымен коммерциялық құпия болып саналады.

Қаржылық және басқарушылық есеп бірегей бухгалтерлік жүйесінің екі бөлігін құрайтын болғандықтан, бухгалтерлік және басқарушылық есеп өрісінде қолданылатын шоттар жоспары есептің екі түріне тән бірдей болып, ұйымдардың қозғалыстағы активті қаражаттарының есебі мен қозғалысы жағдайын жинақтауға арналған. Бухгалтерлік есептің қай түрі болмасын шоттардың динамикалық және статистикалық міндеттерін атқарады. Бухгалтерлік есептің статистикалық міндеттері қаржылық есептің мақсатын іске асыруға, ал ұйымдардың активті қаражаттарының қозғалысын бухгалтерлік есеп шоттарында көрсету динамикалық есепке тән басқарушылық есеп өрісінде жүргізіледі.

Қаржылық есеп кәсіпорындардың қаржылық қызметі жөніндегі ақпараттарды жіктеуге, қаржылық мәліметтерді жүйелеуге, талдауға және зерделеуге арналған. Сонымен қатар қаржылық есеп өрісінде дайындалатын қаржылық қорытынды есеп көрсеткіштері корпоративтік және инвестициялық деңгейде қолданылатын болғандықтан қаржылық ақпараттарды бағалау мен пайдалануға беру жағдайында бухгалтерлік есепке тән жалпы ережелер мен әдіснамалар, бағалау, т.б. шаралардың барлығы да сақталуы керек.

Сонымен, қаржылық есеп ұйымдардың қаржылық жағдайын толық және дәлме-дәл ашып көрсету мен түсіндіруге арналса, басқарушылық есеп ұйымдардың әкімшілігіне, бұлардың алға қойған мақсаттарын іске асыруға қызмет етеді.

Қазіргі кезде бізде қолданылып жүрген отандық қаржылық есеп негізі шамалары бойынша халықаралық есеп стандартының талаптарына сай келеді, себебі ҚР-да соңғы жылдары бухгалтерлік есепті халықаралық тәжірибеге бейімдей отырып реформалау үрдісі белсенді жүргізілді, ол, *біріншіден*, негізін құраушы нарықтық қатынастар болып табылатын жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуымен, *екіншіден*, біздің еліміздің әлемдік экономикалық кеңістікке кіруімен байланысты.

ҚР-да бухгалтерлік есепті реформалау үрдісі барысында есеп беруді құру мақсаттарына жаңа көзқарастар пайда болды және оның бағыты өзгерді.

Қаржылық есеп негізінен өтелген жағдайлардың қаржылық нәтижелерін және де кәсіпорын үшін инвестициялық шешімдер, несие беру бойынша шешімдерді шешу үшін, сондай-ақ субъектінің болашақтағы ақша ағымдарын және осы субъектіге сеніп тапсырылған ресурстар мен басқарушы органдардың жұмыстарымен байланысты ресурстар мен міндеттемелерді бағалау үшін қажетті пайдалы ақпараттарды сипаттайды. Алайда қаржылық есеп қолданушыларға экономикалық шешімдерді қабылдау үшін қажетті барлық ақпараттарды қамтымайды. Қаржы есебін пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдер субъектінің ақша қаражаттарын айналдыру мүмкіндігін бағалауды, сондай-ақ оларды айналдыру уақытын есептеуді және нәтижеге сенімді болуын талап етеді. Нәтижесінде субъектінің өз жұмысшыларына және жабдықтаушыларына ақы төлеу, пайызды төлеу, несиені қайтару және табысты тарату қабілетін анықтайды. Егер де қолданушылар тек қана субъектінің қаржылық жағдайын, қызметін және оның өткен есепті мерзімдегі қаржылық есебінің өзгерісін сипаттайтын ақпараттармен емес, сонымен қатар барлық қажетті ақпараттармен жабдықталған болса, онда олар, яғни қолданушылар ақша қаражаттарының айналдыру мүмкіндігін одан да жақсы бағалайды. Бірақ коммерциялық құпияны қорғау туралы заң қолданушылар алатын қаржылық ақ-

паратқа шек қояды, дегенмен олардың ішінде кейбіреулері (тіркеу органдары, ревизорлар, аудиторлар) өкілдігі болған жағдайда қаржылық есепте көрсетілген ақпараттарға қосымша ақпараттарды талап ете алады. Қолданушылардың көпшілігі қаржылық есепке қаржылық ақпараттың басты көзі ретінде сенуі тиіс. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда негізгі ақпарат көзі қызметін бухгалтерлік баланс атқарады.

Баланс есепті жылдың басындағы және соңындағы кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды және маңызды қызметтер атқарады. Баланс ақпараттары негізінде сыртқы пайдаланушылар берілген кәсіпорынмен өзінің серіктесі ретінде жұмыс жүргізудің мақсатқа сәйкестігі және оның шарттары туралы шешімдер қабылдай алады, сонымен қатар өз салымдарының мүмкін болатын тәуекелділіктерін және берілген кәсіпорынның акцияларын иеленудің орындылығын, басқа шешімдерді бағалайды. Баланстың маңыздылығы соншалық, көп жағдайда қаржылық жағдайды талдауды баланс талдау деп атайды. Бухгалтерлік баланс – қаржылық есептің негізгі түрі бола отырып, ол есепті кезеңдегі кәсіпорын мүлкінің құрамы мен құрылымын, қысқа мерзімді активтердің айналымдылығы мен өтімділігін, меншікті капитал мен міндеттеменің қолда барын, дебиторлық және кредиторлық борыштың динамикасы мен жағдайын және кәсіпорынның несие қабілеттілігі мен төлеу қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Баланс көрсеткіштері кәсіпорынның капиталын орналастыру тиімділігін, оның ағымдағы және алдағы кезеңдегі шаруашылық қызметке жетуі, қарыз көздерінің көлемі мен құрылымын, сондай-ақ оларды ынталандыру тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, бухгалтерлік баланс талдау үшін және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда ақпараттың ең қажетті түрі болып табылады.

Баланстың актив бөлімінің құрылымына сай ерекшелік – баланс бөлімдері мен баптарының әр бөлім ішінде қатаң, белгілі бір дәйектілікпен орналасуы, яғни олардың өтімділік дәрежесіне байланысты мына принцип бойынша: өтімділік дәрежесі көп активтерден өтімділігі аз активтерге дейін, демек, басында баланстың өтімділігі жағынан жоғары бөлімдері мен баптары жазыла-

ды, содан кейін өтімділігінің төмендеу деңгейіне байланысты аз өтімді активтер жазылады. Осы принцип бойынша активтің қорытынды баптары ең өтімді айналым қаражаттары болып табылады.

Баланс пассивінің бөлімдері мен баптары төлем мерзімінің жеделдік дәрежесіне байланысты мынадай принципке сай құрылды: төлем мерзімінің жеделдігі көп бағыттарынан жеделдігі аз бағыттарға дейін.

ҚР-дағы бухгалтерлік есеп туралы заңды жасаушылар негіз ретінде батыс ғалымдарының еңбегін алып отыр. «Қаржылық есептің, субъектінің қаржылық жағдайын бағалаумен байланысқан негізгі элементтері – активтер, меншікті капитал және субъектінің міндеттемесі» болып табылатынын айта келе, олар қаржылық есептің бұл элементтеріне келесідей сипаттама берді:

«Активтер – бұл құндық бағасы бар кәсіпорынның мүлкі, мүлдікті, жеке мүлдікті емес иелігі және құқығы болып табылады. Міндеттеме – бұл тұлғаның (қарыз адамның) белгілі бір әрекетті басқа бір тұлғаның (несие берушінің) пайдасын жасайтын міндеті – мүлдікті беру, жұмыс атқару, ақша төлеу және басқалар немесе белгілі бір іс-әрекеттен бас тарту, ал несие берушінің қарыз адамнан өзінің міндетін орындауын талап етуге құқығы бар.

Меншіктік капитал – бұл субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері» [5].

Баланста ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелердің жиынтық сомасы анықталады. Баланста қысқа мерзімді активтер мен міндеттемелерді және олардың жиынтық сомасын анықтау қаржылық есепті пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда және дәлелді басқарушылық шешімдер қабылдауда қажет болатын ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Қаржылық есепті жасаудың әдістемелік нұсқаулары негізінде құрастырылған бухгалтерлік баланс көлденең түрде 1-кестеде көрсеткіштерден тұрады.

Балансты құрудың түрін таңдау (көлденең, яғни екі жақты немесе тікелей) шаруашылық субъектілерінің шексіз құқы болып табылады.

Бухгалтерлік баланс*

Активтер	Пассивтер
1	2
I. Қысқа мерзімді активтер	I. Қысқа мерзімді міндеттемелер
– тауарлы-материалдық қорлар	– қысқа мерзімді несиелер және овердрафт
– алдағы кезең шығындары	
– ақша қаражаттары	– ұзақ мерзімді несиелердің ағымдағы бөлігі
– қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	
Дебиторлық борыш:	– кредиторлық борыш
– қысқа мерзімді активтерді сатып алуға қажетті аванстық төлемдер	– төленуге тиісті вексельдер және шоттар
– алынуға тиіс шоттар	– сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар
– алынған вексельдер	– салықтар бойынша борыш
– акционерлік қоғамдағы лауазымды тұлғалардың дебиторлық борышы	– төленуге тиісті дивидендтер
– ішкі топтық операциялар нәтижесінде пайда болған негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің арасындағы дебиторлық борыш	– негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестігі арасындағы борыш
Жиыны:	
II. Ұзақ мерзімді активтер	– акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларына борыш
Негізгі құралдар:	– басқадай несиелік борыштар
– жер	– төленуге берілген шығындар
– құрылыстар мен ғимараттар	– алдағы кезең кірістері
– машиналар мен жабдықтар	– алдын ала қарастырылмаған жағдайға байланысты бөлінген төлемдер
– басқа негізгі құралдар	
– жинақталған тозуы	

1	2
– аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиыны:
Материалдық емес активтер:	II. Ұзақ мерзімді міндеттемелер
– гудвилл	– қайтарылуы қамтамасыз етілген несиелер
– патенттер, тауарлық белгілер және басқалар	– қайтарылуы қамтамасыз етілмеген несиелер
– материалдық емес активтердің амортизациясы	– негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің бір-біріне берілетін несиелері
Инвестициялар:	
– еншілес серіктестіктерге инвестициялар	
– тәуелді серіктестерге инвестициялар	– кейінге қалдырылған салықтар
– басқадай инвестициялар	III. Меншікті капитал
Дебиторлық борыш:	– жарғылық капитал
– алынуға тиісті борыштар	– дивидендтер
– алынған вексельдер	– қайта бағалау сомасы
– ішкі топтық операциялар нәтижесінде пайда болған негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің арасындағы дебиторлық борыш	– негізгі құралдардың
– акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларының дебиторлық борышы	– инвестицияның
– басқадай дебиторлық борыш	– резервтік капитал
– алдағы кезең шығындары	– бөлінген табыс
Жиыны:	Жиыны
Барлығы:	Барлығы:

* Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2001 [8].

Тікелей түрде құрастырылған баланс 5 бөлімнен тұрады:

1. Қысқа мерзімді активтер.
2. Ұзақ мерзімді активтер.
3. Қысқа мерзімді міндеттемелер.
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер.
5. Меншікті капитал.

Баланс қаржылық есеп беруде үш элементті сипаттайды: активтер, меншікті капитал және міндеттемелер. Қалған екі элемент – табыс және шығын табыстар мен шығындар туралы есеп беруде көрсетіледі.

Қаржылық жағдайды талдау барысында тек бухгалтерлік баланс мәліметтеріне ғана сүйенуге болмайды. Мұндай тәсіл біршама қарапайымдау, себебі бухгалтерлік баланс кемшілік пен шек қоюшылықтан алда емес, олардың ең маңыздылары келесілер болып табылады:

1. Баланс табиғаты жағынан тарихи сипатта болады.

2. Баланс кәсіпорын қаржысында және міндеттемелерінде статус-квоны сипаттайды, яғни пайдаланып жүрген есеп саясатына сай осы кезеңде кәсіпорын жалпы қандай жағдайда тұр деген сұраққа жауап береді, бірақ бұл жағдайға ненің нәтижесінде жеткеніне жауап бермейді. Бұл сұраққа жауап беру үшін тек қосымша мәліметтер ғана емес, сонымен қатар есеп және есеп беруде көрсетілмейтін көптеген факторлардың талдануы қажет.

3. Баланста салыстырмалы шаруашылық аралық талдау жүргізу үшін қажетті база жоқ.

4. Баланста кәсіпорынның қаражаттарының айналымы туралы мәлімет жоқ.

5. Баланста есепті кезеңнің басы мен соңындағы мезгілдік мәліметтердің жиынтығы болып табылады.

6. Баланста кәсіпорынның активтерін сатып алуда тарихи бағаны қолдану принципі жүргізіледі, ол мүліктің жалпы алғанда нақты бағасын едәуір дәрежеде бұрмалайды.

7. Баланс және қаржылық есеп берудің басқа да нысандары шаруашылық субъектісі қызметінің барлық жақтарын толығымен көрсетпейді.

Осы шектеулерге қарамастан, бухгалтерлік баланс кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауды ақпараттық қамтамасыз етудің бірден-бір басты көзі болып табылады.

Алайда кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізгенде баланс көрсеткіштерімен қатар қаржылық есеп берудің басқа да нысандарының көрсеткіштерін қолдану қажет, әсіресе кәсіпорынның жыл бойғы барлық табыс сомасын осы кәсіпорынның өзінің қызметін жүргізу үшін жұмсалған барлық шығындар сомасымен салыстырудан тұратын табыстар мен шығындар туралы есепті қолдану керек, оның баланстан айырмашылығы кәсіпорынның мезеттік суреті және қатып қалған қаржылық жағдайы емес, ол капитал қозғалысы, есепті кезеңдегі субъектінің қаржылық нәтижесі болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның балансына қарағанда, бұл құжат бағалаушы адам үшін анағұрлым маңызды және ақпараттық болып табылады. Ол бұл кәсіпорын табыс немесе шығын әкелетіндігін анықтау үшін табыстар мен шығындар туралы жеткілікті мөлшерде бөлініп алынған анық көрсеткіштердің көмегімен белгілі бір кезеңдегі кәсіпорынның қызмет нәтижесіне баға береді. Батыс тәжірибесінде, баланстық есеп берудің басты нысаны ретінде бөліп қарастыратын біздің елге қарағанда, табыс және шығын туралы есепке біршама басымдылық берілуі кездейсоқ емес. Атап айтқанда, дәл осы үлгі америкалық, ұлыбританиялық және жаңазеландиялық фирмалардың жылдық есебінде бірінші болып келтіріледі. Мұның тұптамасын психологиялық тұрғысынан іздеген жөн, табыс батыс фирмалары қызметіндегі маңызды көрсеткіш болып табылады, олар сондықтан да оны ең алдымен сыртқы пайдаланушыларға әйгілеп көрсетуге тырысады.

Субъект қызметінің қаржылық нәтижесі туралы есеп бухгалтерлік есептің №3 «Табыстар мен шығындар туралы есеп» стандартымен анықталады. Онда заңды тұлғаларды рет-ретімен құру және ұсыну мақсатында табыстар мен шығындар жөніндегі есептің баптарын жіктеу және есепке алудың тәртібі көрсетіледі, бұл өз кезегінде заңды тұлғаның әр мезгілдегі есептік кезеңдердегі қаржылық есебі мен түрлі заңды тұлғалардың қаржы есептерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ стандарт, негізгі қызметтен алынған табыс пен шығынды, төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан

болатын табыс пен шығынды, есеп кезіндегі есептік бағаның, есеп саясатының өзгеруінен және қаржылық есептегі елеулі қателерді түзетуден болатын әртүрлі табыс және шығындарды ашудың тәртібін анықтайды.

Табыстар мен шығындар баптарының арасын ажырату да субъекті жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Есепті кезеңде табылған табыстар мен шығындардың барлық баптары есепті кезеңнің таза табысын немесе шығынын анықтау барысында есепке алынады. Осылайша, кәсіпорынның табыстар мен шығындар туралы есеп, қаржылық есептің қалған екі элементі туралы, яғни табыс пен шығындар туралы мәліметтерден тұрады.

Табыстар активтердің көбеюін немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді, ал шығындар активтердің азаюын немесе есепті кезеңдегі міндеттемелердің көбеюін көрсетеді.

Табыстар мен шығындар баптарының арасына қойылған шектеулер тәжірибеде жалпы қабылданған болып табылады. Бұл шектеу, баптың қалыптасу көзі осы субъектінің ақша қаражаттарын болашақта айналдыру мүмкіндігін бағалау барысында белгілі бір маңызға ие болады деген негізде жүргізіледі.

№3 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі» ҚР шаруашылық субъектілерінің қаржылық есеп беруіндегі жаңа үлгі болып табылады. Бұл есепте кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі ақша қаражаттарының көздері анықталады және оларды пайдалану жолдары көрсетіледі. Кәсіпорынның есепті кезеңіндегі жұмсаған ақша қаражаттарын жабу үшін негізгі қызметтен алынатын қаражаттары жеткілікті ме, соны көрсетеді. Ол сондай-ақ қолданушыларды кәсіпорынның операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің белгілі бір бөлігіндегі есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының келіп түсуі мен шығыны туралы ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, оларға кәсіпорынның қаржылық жағдайындағы өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттары – бұл кассадағы және банк шоттарындағы қолма-қол ақша.

Операциялық қызмет деп субъектінің табыс алу жөніндегі негізгі қызметін, сондай-ақ оның инвестициялық және қаржылық қызметіне қатысы жоғын айтамыз.

Инвестициялық қызмет дегеніміз – бұл ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, өтелінетін несиелерді беру және алу.

Қаржылық қызмет бұл нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшері өзгеріске ұшырайтын субъектінің қызметі болып табылады.

Сонымен, кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалаған кезде тек бухгалтерлік баланс мәліметтері ғана емес, сонымен бірге басқа да қаржылық есеп беру нысандарының көрсеткіштері, түсіндірме хаттағы мәліметтер және де есеп берудегі қосымша ақпараттар мәліметтері де қолданылады.

Қаржылық есеп берудің жаңа түрі кәсіпорынның коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпараттарына сүйенбестен, оның қаржылық жағдайын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

2.3. Қаржылық жағдайды талдау әдістері

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырады. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

1. Көлденең талдау.
2. Тікелей талдау.
3. Трендтік талдау.
4. Салыстырмалы талдау.
5. Факторлық талдау.
6. Қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдігімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей және көлденең талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан да есептік бухгалтерлік үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әртүрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл – қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді.

Қатынасты талдаудың рөлін асыра бағалаудың да қажеті жоқ, себебі олардың әмбебап мәні болмайды және диагностика үшін индикатор болып табылмайды. Әлдеқайда тереңдетілген талдау қатынас негізінде жасалған шешімдерді әрқашан қолдай бермейді, себебі олардың деңгейіне келесілер әсер етеді, жеке-леген кәсіпорындардың ерекшеліктері орташа салалық мәліметтер. Сондай-ақ өткен жылдардағы нақты қол жеткізілген деңгейдің қолайсыз болуы немесе оның сол өткен жылдар жағдайы үшін қолайлы болып, бірақ қазіргі және болашақтағы жағдайлар талаптарына сәйкес келмеуі әсер етеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу көп жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кей-бір кезде расталмайды.

Салыстырмалы (кеңістік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар қаржылық жағдайды талдауда экономикалық, сондай-ақ экономикалық және математикалық статистиканың дәстүрлі тәсілдері қолданылады. Белгілі бір экономикалық ғылым шегінде жасалған түрлі әдістер мен тәсілдерді іскерлікпен пайдалану кәсіпорынның қаржылық жағдайына терең талдау жасауға және шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, жағдайын жақсартуға байланысты ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалауда аудиторлық түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға еркі бар. Оларды ұтымды пайдаланып, осы бағалауды жүргізудің дәйектілігіне байланысты дұрыс әдісті таңдай отырып, аудитор қаржылық жағдайға терең, жан-жақты әрі кешенді талдау жүргізе алады, сондай-ақ объективті және анық баға береді, қаржылық тұрақтылықтың нығаюы мен кәсіпорынның табыстылығының өсуі жөнінде ұсыныстар дайындайды.

2.4. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау

Аудиторлардың аналитикалық қызметінің логикасы оны, яғни талдауды екі модульдік құрылым түрінде ұйымдастыруды көздейді:

- қаржылық есепті экспресс-талдау;
- қаржылық жағдайды тереңдетіп (нақтылап) талдау.

Экспресс-талдаудың мақсаты шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы мен даму динамикасын көрнекті түрде және қарапайым бағалау болып табылады.

Экспресс-талдаудың үш кезеңде жүргізілуі орынды:

1. Дайындық.
2. Қаржылық есепке алдын ала шолу жасау.
3. Экономикалық оқу және есеп беруді талдау.

Бірінші кезеңнің мақсаты – қаржылық есеп беруді талдаудың мақсатқа сәйкестілігі туралы шешім қабылдау және оның оқуға дайындығына көз жеткізу.

Бірінші міндет аудиторлық есепте берілген ақпараттардың дәлдігі және олардың қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы баға берілген бағасынан тұратын аудиторлық қорытындымен танысу арқылы шешіледі.

Екінші кезеңнің мақсаты – балансқа қосымша түсіндірме хатпен танысу.

Бұл есепті кезеңдегі жұмыс жағдайларын бағалау қызметтегі негізгі көрсеткіштердің тенденцияларын анықтау, сондай-ақ шаруашылық субъектісінің мүлктік және қаржылық жағдайындағы сапалы өзгерістерді анықтау үшін қажет.

Түсіндірме хатпен танысқаннан кейін экспресс-талдаудың негізгі үшінші кезеңіне, яғни экономикалық оқу және есепті талдауға көшу керек. Оның мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін жалпылама бағалау.

Экспресс-талдаудың негізгі элементтерінің бірі жылдық есеппен жұмыс істей алу болып табылады, соның ішінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау мен талдау үшін оның негізгі ақпараттық үлгісі болып табылатын бухгалтерлік баланспен жұмыс істеу.

Жалпы алғанда баланс элементтері – өзара тығыз байланысты жүйе. Бөлімдер, топтар және баптар деңгейінде логикалық және сандық қатынастар болады. Кәсіпорын бөлімдері арасындағы өзара байланыс өзгешелігі келесідей болады:

1. Баланс активінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасы оның пассивінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасына тең.

$$A(I+II)=П(I+II+III).$$

Бұл теңдік бухгалтерлік баланстың негізгі ойын көрсетеді, яғни кәсіпорын қаражаттарының сол бір ғана сомасы екі аспектіде көрсетілген:

- құрамы мен таратылуы бойынша;
- қалыптасу көздері (қаржыландыру) бойынша.

2. Ережеге сай активтің екінші бөлімінің жиыны пассивтің үшінші бөлімінің жиынынан аз:

$$A(II) < П(III).$$

Бұл теңсіздіктің экономикалық мәні мынада, яғни меншікті қаражаттардың бір бөлігі негізгі құралдарға және ұзақ мерзімді қаржы салымдарына жұмсалады. Ал қалған бөлігі – активтің бірінші бөлімінде көрсетілген айналым қаражаттарын жабуға кетеді.

3. Қысқа мерзімді активтердің жалпы сомасы қысқа мерзімді міндеттемелердің көлемінен асады:

$$A(I) > П(I).$$

Берілген теңсіздік алдыңғы теңсіздікпен байланысты. Ол қалыпты жұмыс істеу кезінде айналым қаражаттарының едәуір бөлігі кәсіпорынның, өзінің қаржы ресурстары есебінен алынуына бағытталған.

4. Меншік қатынастарын сипаттайтын баланс баптарының топтары арасындағы байланыстың нарықтық экономика жағдайында әлдеқайда терең экономикалық мәні бар, ол келесі теңсіздікте көрсетілген:

$$A = C_k + П_k,$$

мұндағы A – кәсіпорынның активтері; C_k – меншікті капитал; $П_k$ – міндеттемелер.

Берілген теңдік кәсіпорынның барлық активтері (А) негізінен екі түрлі көзден тұратынын көрсетеді: меншікті капитал (Ск) және міндеттемелер (Пк).

Экспресс-талдаудың әдістемесі бойынша қаржылық есепті талдау жүргізгенде ең алдымен көрсеткіштерді есептеуге салыстырмалы түрде қиын емес есептеулер жүргізіледі, содан кейін олардың ішінен ең маңызды болып табылатын көрсеткіштерінің аздаған саны сұрыпталып алынады. Көрсеткіштерді сұрыптау субъективті және оны талдаушы жүзеге асырады.

Бұл көрсеткіштердің жиынтығы кәсіпорынның салыстырмалы кеңістіктік-мерзімдік қызметін сипаттайды. Кәсіпорынның экономикалық потенциалы екі жақты сипатталуы мүмкін: кәсіпорынның мүліктік жағдайы және қаржылық жағдайы тұрғысында. Бұл екеуі өзара байланысты, ол көрсеткіштердің өзгеру қарқынын есепке ала отырып, динамикада қарастырылуы тиіс. Экспресс-талдауды жүргізу барысындағы аналитикалық көрсеткіштерді сұрыптаудың варианттарының бірі 2-кестеде көрсетілген.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын ұзақ және қысқа мерзімді даму барысы тұрғысынан бағалауға болады. Бірінші жағдайдағы қаржылық жағдайын бағалау өлшемдері – кәсіпорынның өтімділігі мен төлеу қабілеттілігі.

Кәсіпорынның өтімділігі жөнінде айтқан кезде, ондағы бар қысқа мерзімді активтердің мөлшерінің теориялық тұрғыдан алғанда келісімшартта белгіленген өтеу мерзімі сақталмаған жағдайдың өзінде, олардың қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болуы назарға алынады.

2-кесте

Экспресс-талдау үшін аналитикалық көрсеткіштер жүйесі*

Талдау бағыты	Көрсеткіштер
1	2
1. Шаруашылық субъектісінің экономикалық потенциалын бағалау	
1.1. Мүліктік жағдайды жалпы бағалау	1) активтердің жалпы құны; 2) өндірістік мүліктің құны; 3) негізгі құралдардың құны және олардың активтердің жалпы құнындағы үлесі; 4) негізгі құралдардың тозу коэффициенті.

1	2
1.2. Қаржылық жағдайды бағалау	1) меншікті капитал және оның жалпы капиталдағы (тәуелсіздік коэффициенті) үлесі; 2) міндеттемелердің және меншікті капиталдың арақатынасының коэффициенті; 3) ағымдағы өтімділік коэффициенті; 4) қысқа мерзімді активтердегі меншікті айналым қаражаттарының үлесі; 5) қорларды жабу коэффициенті.
1.3. «Осал» баптардың болуы	1) жабылмаған зиян; 2) қамтамасыз етілмеген несие.
2. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелігін бағалау	
2.1. Табыстылықты бағалау	– жалпы, жиынтық және таза табыс; – таратылмаған табыс; – негізгі қызметтің табыстылығы.
2.2. Өсіңкілікті бағалау	1) өнімді сатудан және жалпы капиталдан алынған табыстың салыстырмалы өсу қарқыны; 2) жалпы, жиынтық және таза табыстың өсу қарқыны; 3) меншікті капиталдың өсу қарқыны.
2.3. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін бағалау	1) қысқа мерзімді активтердің айналымдылығы; 2) еңбек өнімділігі; 3) қор қайтарымдылығы; 4) өнімнің материалдық сыйымдылығы; 5) меншікті капиталдың табыстылығы; 6) жалпы капиталдың табыстылығы.

*Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Ә.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2001 [8].

Төлеу қабілеті тез арада өтеуді талап ететін кредиторлық борыш бойынша есеп айырысу мақсатында осы кәсіпорында ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің жеткілікті дәрежеде бар екендігін көрсетеді.

Экспресс-талдау шеңберінде анықталған кассадағы және банктің есеп айырысу шотындағы қолма-қол ақшаларды сипат-

тайтын баптарына көңіл бөледі. Бұл жағдай түсінікті де: олар жиынтық қолма-қол ақша қаражаттарын сипаттайды, яғни кез келген басқа салыстырмалы бағасы ғана бар мүлікке қарағанда, абсолюттік бағаға ие болатын мүлікті сипаттайды. Бұл ресурстар әлдеқайда мобильді, олар кез келген уақытта қаржы-шаруашылық қызметке енгізілуі мүмкін.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы ұзақ мерзімді келешекке арналған бағытта қаражат көздерінің құрылымымен, кәсіпорынның сыртқы инвестициялар мен кредиторлардан тәуелсіздік деңгейімен сипатталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын экспресс-талдау түрліше дайындалуы мүмкін: жиынтық көрсеткіштер қысқаша тестік есебі түрінде, аналитикалық кесте түрінде және ол осы кәсіпорынның қаржы жағдайын әлдеқайда терең әрі нақтылы талдау қажетті немесе талдаудың мақсатқа сай екендігі туралы және осы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы қорытындымен аяқталады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Қаржылық жағдайдың мәні және оны бағалаудың мақсаты неде?
2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негіздеріне қандай құжаттар жатады?
3. Қаржылық жағдайды талдау әдістерін атап, оларды ашып сипаттаңыз.
4. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау деген не?
5. Қаржылық жағдайды талдау барысында қандай көрсеткіштер анықталады?

3. ФИРМАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰНЫН ТАЛДАУ

3.1. Капитал мен қаржылық капиталдың анықтамалары

Қаржылық капитал – ол фирманың өндірістік айналысына салынып, ол айналыстан табыс әкелетін *қаржы ресурстары*. Капиталдың басым рөлі кәсіпорынның экономикалық дамуында және үкіметтің мүдделерін қанағаттандыруын қамтамасыз ету.

Меншік иесінің және персоналдың кәсіпорынның қаржылық басқаруының басты объектісі ретінде капиталды анықтайды. Ал оның тиімді қолдануының анықталуы анағұрлым жауапты қаржылық менеджмент тапсырмасына қатысты. Кәсіпорын капиталы тек ғана өзінің көп аспектілі мәнімен емес, сонымен қатар көптеген амал ретінде мінезделеді.

Капитал – активтердің құрылуына инвестицияланған материалдық және материалдық емес нысандағы кәсіпорынды қалыптастыру мен дамытудың экономикалық негізі.

Капиталдың сыныптамасы

I. Нысаны бойынша:

1. Меншікті капитал – меншік құқығындағы фирмаға тиесілі құралдарының жиынтық құны.

2. Жарғылық капитал – фирманың қаржылық ұйымдастырылуының негізгі көзі, оның көлемімен фирма қаржылық міндеттемелері бойынша жауап береді.

3. Қосымша капитал негізгі құралдарды, күрделі құрылыспен бір жылдан астам қызмет ететін фирманың басқа да материалдық объектілерін қайта бағалау сомасынан қалыптасады.

4. Резервтік капитал – ол белгілі мөлшерде пайдадан аударымдар жасау арқылы қалыптасатын (жыл сайын пайданың 5%

көлемінде), бөлінбеген пайда есебінен фирманың қызметін кеңейтуге қажетті инвестициялар жасалады.

5. Фирманың басқа да резервтері фирманың болашақтағы шығыстарын есеп беру кезеңінің өндірістік шығындарына немесе айналымына біркелкі қосып отыру арқылы қалыптасады. Олар ағымдағы қызметті тұрақтандыру үшін қажетті.

6. Қарыз капиталы – фирманың болашақ кезеңде қаржыландыру үшін қайтару шартымен тартылған ақша қаражаттары мен басқа да мүліктік құндылықтары.

Аталғандардың барлығы баланс пассивінде көрініс табады.

II. Объекті бойынша:

1. Негізгі капитал – айналымнан тыс активтерінің барлығы инвестициялау үрдісінде пайдаланылатын капитал бөлігі.

2. Айналым капиталы – фирманың айналымына инвестицияланған капитал бөлігі.

Аталғандар баланс активінде көрініс табады.

III. Пайдалану мақсаты бойынша:

1. Өндірістік капитал – шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін операциялық активтерге инвестицияланатын қаржы ресурстары (Қаржылық есеп №3 «Ақша қозғалысы туралы есепте» Операциялық қызмет бойынша ақша қозғалысында көрініс табады).

2. Ссудалық капитал – инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланудағы қаржы қаражаттары (Қаржылық есеп №3 «Ақша қозғалысы туралы есепте» инвестициялық қызмет бойынша ақша қозғалысында көрініс табады).

3. Спекулятивті капитал – спекулятивті қаржылық операциялар барысында қолданылатын капитал (Қаржылық есеп №3 «Ақша қозғалысы туралы есепте» Қаржылық қызмет бойынша ақша қозғалысында көрініс табады).

IV. Айналыс үрдісінде болу нысаны бойынша:

1. Фирма қорлары.

2. Банктік несиелерді өтеуге арналған қорлар.

3. Ғылыми-зерттеуді қаржыландыруға арналған қорлар.

4. Жоғары ұйымдарға аударымдар жасауға арналған қорлар.

3.2. Фирманың қаржылық капиталы – қаржы ресурстарын қалыптастыру көздері

Қаржы ресурстарының көздері макродеңгейде және микродеңгейде іс-әрекет ететін көздер болып екіге бөлінеді.

Макродеңгейдегі қаржы ресурстарының көздері: жалпы ішкі өнім; ұлттық байлық; тартылған (қарыз) ресурстары.

Микродеңгейдегі қаржы ресурстарының көздері:

– меншікті қаржы ресурстарының көздері: өнім өткізуден түскен табыс; субъектінің сыртқы экономикалық қызметі; мүлік;

– шаруашылық жүргізуші субъектісінің меншікті қаражаттарына теңестірілетін қаражаттар: тұрақты пассивтер нысанындағы жалақы; қосымша жалақы – қызметкерлердің демалыстарын төлеуге арналған ақша;

– қаражаттарды қайта бөлу тәртібімен алынатын көздер: жоғары инстанциялардан алынатын қаражаттар; сақтық өтеулері.

Микродеңгейдегі қаржы ресурстарының түрлеріне мыналар жатады: пайда (шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы); амортизациялық аударымдар; кредиттер; салықтық өтеу-лері; істен шыққан мүлікті сатудан түскен түсім – ақша; орнықты пассивтер; құрылыста ішкі ресурстарды жұмылдыру; серіктестіктер мен кооперативтер мүшелерінің үлестік және басқа жарналары; меншікті бағалы қағаздарды сатудан алынған табыстар; жоғарғы құрылымдардан аударылған қаржы ресурстары; бюджет субсидиялары және басқалары.

Барлық кәсіпкерлік нысандағы фирмалар қаржысының негізі болып меншік иесінің шаруашылық және коммерциялық қызметін атқаруға қажетті мөлшердегі қаржылық капиталының болуы. Бұл капиталдың алғашқы пайда болуы фирманың құрылу кезінде *жарғылық капиталдың* қалыптасуы арқылы жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде *негізгі және айналым капиталынан* қалыптасады.

3.3. Меншікті қаржы ресурстарының көзі – жарғылық капитал

Жарғылық капитал – өз қызметін бастау үшін акционерлік қоғамдар және басқа да заңды тұлғалар бөліп шығаратын капи-

тал мөлшері. Оның мөлшері шартпен және жарғымен белгіленеді. Жарғылық қоры акцияларын сату, жеке салымдар, мемлекеттік қосылымдар, сондай-ақ басқа ноу-хау, патенттер, лицензиялар және басқа да жолмен құрылады. Жарғылық капитал негізгі және айналымдағы қаржы салымдар бағасынан тұрады. Жарғылық қордың құқықтық реттелуіне ерекше мән беріледі, яғни оның негізгі функцияларын ескере тұратын болсақ.

Жарғылық қордың (капиталдың) бірінші функциясының мазмұны – акционерлік қоғам құрылған сәтте оның сауда-өндірістік қызметі үшін құрылатын материалдық базасын құрайтын төленетін меншіктік салымдар. *Екінші функциясы* – кепілдік беру. Акционерлік қоғам кредиторлар алдында өзі иеленетін мүлік шегінде жауап береді. Аталған мақсаттарға жету үшін заң үкімдері қызмет етеді. Қоғам мүлкінің бағасы акционерлік капиталдың жарғысындағы белгіленген мөлшерінен асқан кезінде ғана пайданы акционерлер арасында бөлуге жол беріледі. Дивиденд баланстық (таза) пайда ретінде бөлінуге жатады. Ол қоғамның актив пен қарыз міндеттемелер арасындағы айырмашылығы болып табылады (акционерлік капиталын санамағанда). Сондай-ақ *жарғылық қордың үшінші функциясы* арқылы акционерлік қоғамның акционердің әрқайсысының бөлігі белгіленеді.

Акционерлік қоғамның жарғылық қоры – мөлшері акционерлік қоғамның жарғысында бекітілген және де акционерлермен иеленген акционерлік қоғамның номиналды бағасынан тұратын капитал. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері және оны қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оны ұлғайту тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады.

Тәуелді акционерлік қоғам. Егер акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының 20%-дан астамы басқа (қатысушы, басымырақ) заңды тұлғаныкі болса, ол тәуелді қоғам деп танылады.

Басымырақ (қатысушы) заңды тұлға тәуелді акционерлік қоғам акцияларының тиісті бөлігін сатып алғаны туралы мәліметті заң құжаттарында көзделген тәртіп бойынша дереу жариялауға міндетті.

Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлік қоғамдардың бір-бірінің жарғылық капиталдарында өзара қатысуы

әрбір жарғылық капиталдың 25%-ынан аспауға тиіс. Бір-бірінің жарғылық капиталына өзара қатысатын акционерлік қоғамдар басқа қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында 25%-дан артық дауысты пайдалана алмайды.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын құру. Нарықтық экономика қағидаларында қызмет ететін коммерциялық кәсіпорындар, әдетте, ұжымдық немесе корпоративті меншікке ие. Меншік иелері бірнеше заңды және жеке тұлғалар, салымшылар ұжымы немесе акционерлер болады. Акционерлік ретінде құрылған жарғылық капитал жарғылық капитал құрылуының барлық аспектілерін толықтай көрсете алады.

Қоғамның жарғылық капиталына әр қатысушының салымы қатысушылар қол қоятын құрылтайшылық келісімшартпен (мәжіліс хатпен, келісіммен) анықталады.

Акция акционерлік қоғамның жарғылық капиталына белгілі бір соманы салғандығын куәландыратын, акционерлер жиналысына қатысу және дивидендтер (акция ұстаушысының табысы) түрінде белгілі бір үлесті алу құқығын беретін бағалы қағаз болып табылады.

Акцияның құнын оның ұстаушысы тек акционерлік қоғамның жойылуынан кейін немесе оны қор биржасында өткізу жолымен алу мүмкін. Акцияны сату жағдайында салым және онымен бірге туындайтын құқық басқа ұстаушыға аударылады, ал акционерлік қоғамның заңды тұлға ретіндегі мүліктік жағдайы өзгермейді.

Акциялар қарапайым (жай) және артықшылығы бар деп бөлінеді. *Артықшылығы бар акциялар* (құны бойынша) *тек белгіленген жарғылық капиталдың 10%-дан астам емес мөлшерде шығаруға болады.* Артықшылығы бар акциялар кепілдендірілген табысқа құқық береді, олар бойынша дивидендтер олардың номиналды құнына пайыздармен белгіленген мөлшерден төмен емес мөлшерде төленеді [9].

Артықшылығы бар акция иелері акционерлер жиналысында дауыс құқығына ие емес. Жай акция иелері олар бойынша табыстарды шаруашылық қызмет нәтижесіне және берілген есептік жыл нәтижесі бойынша дивидендтерді төлеуге жіберілген таза пайда сомасы туралы акционерлер жиналысының шешіміне байланысты алады.

Жарғылық капитал мөлшері, бір акция құны, жай және артықшылығы бар акциялар арақатынасы акционерлер жиналысымен анықталады, қоғам жарғысында көрсетіледі және сәйкес мемлекеттік әділет органдарында тіркеледі. Жарғылық капиталдың кейінгі кез келген өзгерулері акционерлер жиналысымен бекітіледі және акционерлік қоғамның жарғысы алғашында тіркелген мемлекеттік әділет органында тіркелуі қажет.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы жарғымен белгіленген мерзім ішінде құрылады. Төлеуге ақшалай қаражаттар, құпиялы интеллектуальды меншікті (ноу-хау) қоса алғандағы материалдық емес активтер, негізгі құралдар, басқа материалдық құндылықтар, жер және мүлік салымдары есебінен алынатын және тараптар келісімі бойынша бағаланатын құндылықтар және т.с.с. қабылданады.

Жарғылық капитал өткізілген акциялардың номиналды құны бойынша бағаланады. Өткізілген акциялар құнының олардың номиналынан артық болуы, құрылтайшылық немесе эмиссиондық табыс бөлек ескеріледі және номиналдан төменді жабуға жіберіледі. Бұл қаражаттар қосымша капиталға кіреді.

Жарғылық капитал оның жаңа шамасы мемлекеттік әділет органында тіркелгеннен кейін акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша төмендетіледі немесе ұлғайтылады.

Қайта құрылған акционерлік қоғамның жарғылық капиталы өз акциялар пакетін төлеуге акционерлермен берілген ақшалай және материалдық қаражаттардың есебінен ұйымдастырылады.

Жауапкершілігі шектелген серіктестігінің жарғылық капиталы қатысушылардың салымдар сомасын құрайды. Жарғылық қоры кредиторлар мүддесіне кепілдік беретін қоғам мүлігінің минималды мөлшерін белгілейді. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорына салымы ретінде ақша, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде интеллектуалды қызмет нәтижелері және басқа мүлік түрі болады.

Қатысушылардың жарғылық қорына салымдары табиғи түрде немесе мүліктік құқықтар түрінде барлық қатысушылар келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы отырыс шешімі бойынша ақша мөлшерінде белгіленеді.

Қатысушылардың жарғылық қордағы пайы және сәйкесінше шаруашылық серіктестіктің мүліктің бағасы егер басқалай жарғылық құжаттарда белгіленбеген болса, олардың салымдар мөлшеріне тең болып табылады.

Заң актілерімен және (немесе) жарғылық құжаттармен жарғылық қорға салымдарды салудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындамау үшін жауапкершілік анықталады.

Толық серіктестіктің жарғылық қорының көлемі оның қатысушыларымен белгіленеді, бірақ заң актілерімен белгіленген мөлшерден кем болмауы тиіс.

Сенім серіктестігінің жарғылық капиталы оның қатысушылары салатын салымнан құралады. Шаруашылық үрдісінде жарғылық қор өзгертілуі мүмкін. Салымшылардың салымдарын есептегенде, жарғылық капитал толық серіктестердің сенім серіктестігі мүлкіндегі үлесін белгілейді.

Жарғылық капиталдың мөлшерін сенім серіктестігінің толық серіктестері белгілейді және ол заң құжаттарында белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болмауы керек.

Сенім серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға оның барлық несие берушілеріне хабарланғаннан кейін жол беріледі. Несие берушілер бұл ретте тиісті міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе орындалуын және өздері шеккен залалдың орын толтырылуын талап етуге құқылы. Осы бапта белгіленген тәртіпті бұзып жарғылық капиталды азайту мүдделі адамдардың арызы бойынша сот шешімімен сенім серіктестігін таратуға негіз болады.

3.4. Өнім өткізуден түскен табыс

Табыстың экономикалық мәні бүгінгі экономикалық теорияның ең бірінші күрделі және жан-жақты ұғымдарының бірі болып табылады. Экономикалық көзқарас бойынша табыс дегеніміз – бұл ақша шығыстары мен кірістерінің айырмасы. Шаруашылық тұрғыдан қарастыратын болсақ, табыс бұл кәсіпорынның есепті кезеңінің басындағы және соңындағы мүліктік жағ-

дайының айырмасы болып табылады. Бұл жерде табыс ұғымы кәсіпорынның өзінің қаржылық-шаруашылық қызметінен алатын алуан түрлі табыстарының шығындар көлемінен басым болатын жағдайын білдіреді [10].

Табыстарды қалыптастыру сұрақтарын қарастырған кезде «түсім», «табыс», «пайда», «таза пайда» деген негізгі ұғымдардың айырмашылықтарына тоқталу қажет. Яғни осы көрсеткіштердің қайсысы сомалы мағынада аз немесе көп және қайсысы қайсысынан шығатынын қарастыру керек. Негізінен, түсім өнімді өткізу, қызмет көрсету нәтижесінде қалыптасады. Қазақстан Республикасындағы нормативті көздерде пайда анықтамасы жоқ, тек қана барлық жерде табыс, таза табыс, салық салынатын табыс және т.б. ұғымдардың анықтамаларын байқаймыз.

Табыс түсінігін түбегейлі қарастыру үшін түсім деген экономикалық категорияны қарастырған жөн. Экономикалық әдебиеттерде өткізуден түскен түсімнің жоспарлы сомасы келесідей формуламен анықталады:

$$B_p = O_1 + B_{\text{тп}} - O_2.$$

Мұндағы O_1 – жоспарлы жылдың басындағы өткізілмей қалған өнімдердің өткізу құны бойынша қалдықтары; $B_{\text{тп}}$ – жоспарлы жылдағы өткізу құны бойынша тауарлы өнім; O_2 – жоспарлы жылдың соңындағы өткізілмей қалған өнімдердің өткізу құны бойынша қалдықтар.

Алдыңғы тақырыпта шығындардың жоспарлы сомасы (толық өзіндік құны) осыған ұқсас формуламен анықталды:

$$З_p = O_1 + \text{ТП} - O_2 + C.$$

Мұндағы O_1 – жоспарлы жылдың басындағы өткізілмей қалған өнімдердің өндірістік өзіндік құны бойынша қалдықтары; ТП – жоспарлы жылдағы өткізу құны бойынша тауарлы өнім; O_2 – жоспарлы жылдың соңындағы өткізілмей қалған өнімдердің өндірістік өзіндік құны бойынша қалдықтар; C – өндірістен тыс шығыстар.

Бірінші формуладағы көрсеткіштер өткізу құны бойынша, ал екінші формуладағы көрсеткіштер өзіндік құны бойынша

есептелгенін байқауға болады. Баға мен өзіндік құнның айырмашылығы пайданы беретіні белгілі. Осыдан пайданы есептеудің келесі формуласы шығады:

$$Pr = Vp - Zp$$

$$Pr = \Pi_1 + \Pi_{тп} - \Pi_2.$$

Мұндағы Π_1 – жоспарлы жылдың басындағы өткізілмей қалған өнім қалдықтарындағы пайда; $\Pi_{тп}$ – жоспарлы жылдағы тауарлы өнімдегі пайда; Π_2 – жоспарлы жылдың соңындағы өткізілмей қалған өнім қалдықтарындағы пайда.

Табыстар – қаржымен тығыз байланысты күрделі экономикалық категория. Табыс – бұл шығын құралдарымен байланысты (оларды жүзеге асыру уақытына байланыссыз) белгілі бір жұмыстың нәтижесі. Табыс өндірістік, коммерциялық, делдалдық және басқа да мақсаттарға бағытталған қызмет нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар жаңадан қызмет және өнім шығарылғанда бөлу кезеңінде пайда болады. Табыстар аралық сипатта болуы мүмкін. Яғни өзінің қалыптасуынан кейін жаңа бөлу кезеңіне қадам жасайды немесе айырбастау (ақырғы табысты жинақтауға және тұтынуға қолданылатын табыс деп түсінеміз) деген жаңа өндірістік кезеңге өту кезінде ақырғы табыс ретінде қызмет етуі мүмкін. Табыстың аралық сипаты бір шаруашылық субъектісінің табысы басқа шаруашылық жүргізуші субъектісінің шығыстары есебінен қалыптасқан кезде көрінеді. Мысалы, кәсіпкерлік сектордың табысқа салынатын салық төленген шығыстары мемлекеттің табысы немесе мемлекеттің әлеуметтік мақсаттарға арналған шығыстары жеке топ халықтың табысы болып табылады [11].

Нарықтық экономикада кәсіпорын табысының рөлі оның атқаратын функцияларымен анықталады. Экономикалық нарықтық қатынастардың маңызды категориясы ретінде табыс бірқатар маңызды функцияларды атқарады.

Біріншіден, табыс – кәсіпорын қызметінің тиімділігін білдіретін көрсеткіш. Басқаша айтар болсақ, кәсіпорынның табыстылығы деген деректің өзі оның қызметінің тиімділігінің айғағы болып табылады. Алайда бұл көрсеткіш кәсіпорын иелері мен

кредиторлары үшін нақты бір қолайлы жағдайдың дәлелі бола ала ма? Әрине, жоқ, себебі кәсіпорынға кез келген бір табыс қажет емес, оның барлық мүдделі тұлғалардың (кәсіпорын иелерінің, қызметкерлердің, кредиторлардың) қажеттіліктерін қанағаттандыруарлық мөлшері қажет. Табыс мөлшері көптеген факторлармен анықталады, олардың кейбіреулері кәсіпорынның өзіне байланысты болса, кейбіреулері кәсіпорынның қолынан келмейтін шаралар болып табылады.

Екіншіден, табыс ынталандырушы қызмет атқарады. Кәсіпорындардың қорытынды қаржылық-экономикалық нәтижесі бола отырып, табыс нарықтық шаруашылық өмірде шешуші рөл атқарады. Табыс «кәсіпорындардың басты мақсаты» деген дәрежеге ие екенін білеміз. Бұл шаруашылық субъектілерінің экономикалық әрекеттерінің алғышарты, ал ол әрекеттердің игіліктерге ұласуы табыстың мөлшеріне, сонымен қатар ұлттық экономикада қалыптасқан оны үлестіру тәртіптеріне (соның ішінде салық салу жүйесіне де) байланысты.

Табыс – меншікті капитал өсімінің бірден-бір көзі. Нарықтық қатынастар жағдайларында акционерлер мен қаржы менеджерлері, кәсіпорын қарамағында қалатын табыс мөлшеріне икемделе отырып, кәсіпорынның даму перспективаларына сәйкес дивидендтік және инвестициялық саясаттар бойынша шешімдер қабылдайды.

Нарықтық экономикада табыс өндірістік активтердің және өндірілетін өнімнің қозғаушы күші болып табылады.

Тағы да айта кететін жағдай, табыс – кәсіпорын жұмысшыларының әлеуметтік игіліктерінің көзі. Салықтарды, дивидендтерді және басқа да бірінші кезектегі төлемдерді өтегеннен кейін кәсіпорын қарамағында қалатын табыс жұмысшыларға материалдық жәрдемақы төлеуге, оларға әлеуметтік жеңілдіктер жасауға, әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруға жұмсалады.

Үшіншіден, табыс мемлекеттік бюджет қаражаттарының қалыптасу көзі болып табылады. Табыс мемлекеттік бюджет қазынасына салықтар түрінде, сондай-ақ экономикалық санкциялар түрінде түседі. Бұл қаражаттар, өз кезегінде, бюджеттің шығыстық баптарымен қарастырылған және заңды түрде бекітілген мақсаттарына бағытталады [12].

Сонымен, кәсіпорынның табысы – оның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Бұл қорытынды кәсіпкерлік қызметтің түпкі мақсатынан келіп туындайды. Қазіргі замандағы батыстық экономика ғалымдары кәсіпорындардың мақсаттарын келесідей тәртіппен тұжырымдайды:

- акционерлік меншікті арттыру;
- табысты арттыру;
- басқарушылық сыйақыларды арттыру;
- әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.

Қаржыны басқарудың бүгінгі теориясы бизнестің ең бірінші кезектегі мақсаты – кәсіпорын акционерлерінің материалдық мүдделерін арттыру болып табылады деген тұжырымға негізделген. Яғни кәсіпорындар өздерінің қарапайым акцияларының биржалық құнын арттыруы тиіс. Кәсіпорынның басқа мақсаттары да оның экономикалық саясатына өз әсерін тигізетіні сөзсіз, алайда олар алғашқымен салыстырғанда маңыздылығы төмен болып саналады.

Кәсіпорын мақсаттарын осылай саралау батыстық экономика үшін әбден ақылға қонымды. Табысты арттыру аз ғана уақытты қамтитын қысқа мерзімді міндет болып табылады, ал акционерлік меншікті арттыру – ұзақ мерзімді мақсат [13].

Табыс – бұл есептік кезеңінде активтердің көбеюі немесе міндеттемелердің азаюы.

Субъектінің негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар оның жиынтық табысын құрайды. Табыс түскен немесе алынуға тиісті өткізу құнымен бағаланады. Өткізу құны субъектпен сатып алушының немесе активті қолданушының арасындағы келісіммен анықталады. Субъект қызметінде сондай бірдей мәмілелер немесе жағдайлардан болған табыс бір уақытта түскен деп саналады.

Табыс келесідей шарттарды орындаған кезде мойындалады:

- табыс сомасы үлкен сенімді дәрежемен бағаланады;
- мәмілемен байланысты экономикалық пайдаларды субъект алу ықтималдығының бар болуы.

Тауарларды өткізуден түскен табыс жоғарыдағы және төмендегі шарттарды орындаған кезде мойындалады:

- субъектімен сатып алушыға меншіктік құқығын беру;

- мәміле бойынша нақты және болжанған шығыстарды бағалау үлкен сенімді дәрежемен жүргізіледі.

Егер сатушы меншік иесінің міндеттері мен құқықтарын сақтаса, мәміле жүзеге асырылмайды және табыс мойындалмайды.

Табыстар аралық төлемдер және сатып алушыдан алынған аванс негізінде мойындалмайды.

Басқа субъектілермен активтерді қолдану табыстарды төмендегідей түрде қамтамасыз етеді:

- пайыздар – субъектінің ақша қаражаттарын қолданғаны үшін оған берілетін төлем;
- роялти – субъектінің ұзақ мерзімді активтерін пайдаланғаны үшін төлем;
- дивидендтер – жарғылық капиталда қатысу бөлігіне сәйкес акционерлер арасында таза табысты бөлу.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінә сәйкес «жылдық жиынтық табыс», «мүліктік табыс», «салық салынатын табыс» деген түсініктер бар.

Жылдық жиынтық табыс салықтық кезеңнің ішінде алынуға жататын табыстардан тұрады. Жылдық жиынтық табыс – заңды және жеке тұлғаның жыл бойы түрлі көздерден алған табысы.

3.5. Негізгі және айналым капиталы

Негізгі капитал фирманың балансында ұзақ мерзімді (айналымнан тыс) активтер ретінде көрініс табады.

Негізгі қорлар – бұл өндіріс үрдісінде ұзақ мерзім аралығында қатысатын және натуралды заттық нысанын сақтай алатын, сондай-ақ өзінің құнын дайын өнімге, тек бірнеше өндірістік циклдер өткен кейін, біртіндеп аударатын өндірістік материалды-заттық құндылықтардың жиынтығы.

Негізгі құралдар дегеніміз – ұзақ уақыт (бір жылдан астам уақыт) материалдық өндіріс саласында және өндірістік емес салада жұмыс істейтін, біртіндеп өзінің құнын жоғалту барысында амортизацияланатын материалдық-заттық құндылықтар.

Әртүрлі мақсаттармен алынған негізгі құралдар активтердің әртүрлі топтары ішінде есептеледі:

- ғимараттар мен жер учаскесі, пайдалану үшін емес, ал ұзақ мерзімге қаржыларды салу бағытымен алу инвестициялар ретінде көрсетіледі;
- қозғалмайтын мүлікті сатумен айналысатын фирманың иелігінде болған және сатуға арналған жер тауарлы-материалдық қорларға кіреді;
- қоймалар және басқа да ғимараттар құрылысына арналған жер негізгі құралдарға жатады.

Барлық негізгі құралдар ақшалай түрде бағаланады. Бухгалтерлік есепте негізгі құралдардың құны және табиғи заттай құрамы көрсетіледі.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісін қаржыландыру үшін фирмалардың *меншікті қаражаттарының көздеріне* жататындар:

- амортизация;
- материалдық емес активтердің тозуы;
- фирмада қалатын табыс.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі үшін қаражаттар көздерінің жеткіліктілігі фирманың қаржылық жағдайы үшін үлкен маңыздылыққа ие.

Қарыз көздеріне:

- банктердің несиелері;
- басқа фирмалардың қарыз қаражаттары;
- құрылыстағы үлестік қатысу;
- бюджеттен қаржыландыру;
- бюджеттік емес қорлардан қаржыландыру жатады.

Айналым капиталы кәсіпорын балансының қысқа мерзімді активтерін құрайды. *Айналым қаражаттары* – бір өндірістік цикл ұзақтығында немесе 1 жыл ішінде ақша қаражаттарына айналатын активтер. *Таза айналым капиталы* – ағымдағы актив пен ағымдағы міндеттемелердің айырмашылығы. Айналым капиталы тұрақты және айнымалы (өзгермелі) бөліктерден тұрады.

Тұрақты – өндіріс циклі ұзақтығында қажеттілігі тұрақты болатын ағымдағы активтер.

Айнымалы (өзгермелі) – операциялық циклдің жеке кездерінде қажеттілік туындайтын ағымдағы активтер.

Өз айналымында айналым қаражаттары ақшалай өндірістік және тауарлық формада болады. Осыған сәйкес:

- өндірістік айналым қорларына;
- айналыс қорларына бөлінеді.

Өндірістік айналым қорлары: шикізат, отын, ыдыс, тез тозатын арзан бағалы заттар.

Айналыс қорлары: дайын өнім, ақша қаражаттары және дебиторлық борыш.

Ағымдағы айналым активтерін басқару объектілеріне келесілер жатады:

- өтімділік дәреже;
- құрылымы;
- мөлшері;
- орнын жабу көздері және олардың құрылымы.

Жай өтімді айналым қаражаттары:

- шикізат;
- материалдар;
- аяқталмаған өндіріс;
- дайын өнім;

Тез өтімді айналым қаражаттарына дебиторлық борыштар жатады, өйткені олар тез уақытта ақша қаражаттарына айналады.

Абсолютті өтімді активтерге касса мен банк шотындағы ақша қаражаттары жатады.

Тікелей жоспарлау бойынша айналым қаражаттары мөлшерлі және мөлшерсіз болып бөлінеді. Мөлшерлі айналым қаражаттары – өндірістік цикл мен өнімді өндіру процесінің үздіксіздігін қамтамасыздандыруда қажетті минималды материалдық өндірісті запастарды қалыптастыруға қажетті ақша қаражаттары.

Қаржыландыру көздері бойынша айналым қаражаттары меншікті, қарыз, тартылған қаражаттары болып табылады.

Меншікті айналым қаражаттарына айналымнан тыс активтердің сомасынан асатын меншік капиталы мен резервтер жатады.

Кәсіпорынның маңызды мәселесі – *айналым қаражаттарының сақтығын қамтамасыз ету*. Ол үшін жоспарлы жыл басындағы қолдағы бар кәсіпорынның меншік айналым қаражаттарының сомасы оның жиынтық қажеттілігімен салыстырылады.

Егер жоспарлы қажеттілік кәсіпорынның меншік қаражаттарынан жоғары болса, онда *меншік қаражаттарының жетіспеушілігі* туындайды. Бұл жетіспейтін меншік уақытша және қарыз қаражаттар есебінен толықтырылады.

Егер айырмашылық керісінше болса, онда *меншік айналым қаражаттарына артықшылық* туындайды және бұл сома айналым меншік қаражаттар өсімін қаржыландыру көзі болып табылады. Айналым қаражаттарында қажеттілікті анықтау кәсіпорынның меншікті айналым қаражаттарын нормалау үрдісінде, яғни айналым қаражаттар нормативін анықтауда жүзеге асырылады. Айналым қаражаттарын нормалау – ұзақ мерзім бойы қолданылатын айналым қаражаттар нормалары мен жыл сайынғы (тоқсандық) нормативтерін есептеп тағайындау.

Мөлшерлеу әдістері. Нормалар және нормативтердің сапасы мен негізділігі айтарлықтай дәрежеде оларды құрастыру әдістеріне тәуелді болады. Мөлшерлеудің төмендегідей әдістері бар:

- есеп-талдау;
- тәжірибелік;
- есептік-статистикалық;
- аралас.

Есеп-талдау әдісі дегеніміз – жобалық-құрастырмалық, технологиялық және басқа да техникалық және өндірістік құжаттамалар мәліметтері бойынша әр элементтік есептеулерді жүзеге асыру, ол техника-экономикалық есептемелерді және технология мен өндірісті, өнім сапасы мен оны жетілдіру жөніндегі іс-шараларды талдауды үйлестіреді. Нормалаудың бұл әдісі нормалар мен нормативтерді орнату мен өндірістің техникалық деңгейі мен ұйымдастырылуына, өнімді жетілдіруге, оның сапасымен бәсеке қабілеттілігін жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық шараларды әзірлеу мен енгізуді бір мезгілде іске асырылуын қарастырады.

Тәжірибелік әдіс – бұл нормаларды өндірістік және лабораториялық жағдайларда жүргізілетін байқаулар, өлшеулер, тәжі-

рибелер, зерттеулер негізінде қалыптастыру. Тәжірибелік әдіспен белгіленген нормалар өндірісті техникалық жарактандыру мен ұйымдастырудың нақты қол жеткізілген деңгейін көрсетеді, алайда ол жоспарлы кезеңде өндірісті ұйымдастырудың жаңа құрылған әдістерін, озық техника мен технологияны енгізуді қарастырмайды, демек, еңбек өнімділігі, материалдық ресурстарды үнемдеудің өсуінің жаңа көздерін анықтауға жағдай жасай алмайды. Дегенмен де тәжірибелік әдісті есеп-талдау әдістің көмегімен норма орнату мүмкін емес кездерде пайдаланған жөн.

Нормалаудың **есептік-статистикалық әдісі** дегеніміз – өткен кезеңдерде нақты еңбек және материалдық ресурстар шығындары туралы статистикалық, бухгалтерлік және оперативті-өндірістік есеп беру мәліметтерін талдау. Бұл әдістің де кемшіліктері дәл тәжірибелік әдістегідей: бұрын қол жеткізілген деңгейге бағдарланады, неғұрлым жетілген техника, технология өндірісті ұйымдастыруды енгізуде жеткіліксіз көңіл бөледі. Дегенмен де есептік-статистикалық әдіс әзірлеуде салыстырмалы аз еңбек қажет ететін және жоспарлау процесінде оңай қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты үнемі пайдаланылады.

Аралас әдіс – жоғарыда аталған әдістерді бір мезгілде қолдану. Кәсіпорындарда нормалар мен нормативтерді әзірлеу, енгізу және жүйелі түрде жаңалап отыруды әртүрлі цехтер мен функционалдық бөлімшелер: техникалық, экономикалық, өндірістік бөлімшелер директор мен оның қол астындағы аппарат орынбасарларының бірінің басшылығымен жүзеге асырылады. Нормативтік база құру кәсіби нормативтік топтарға тапсырылуы тиіс, олардың қызметтеріне:

- сәйкес бөлімшелерден келіп түсетін барлық нормалар мен нормативтерді жүйелеу;
- нормативтік ақпарат базасын құру;
- цехтер мен бөлімшелер үшін нормативтік карта құру;
- нормалардың өзгеруін есепке алу және оларды нормативтік картаға енгізу;
- нормалардың дер кезінде өзгеруін бақылау;
- әр бұйым бойынша нормалардың өзгеруі және оның себептері жөнінде есеп беру жатады.

Нормативтік базаны жетілдіру – нормалар мен нормативтерді есептеудің неғұрлым дәл әдістерін енгізу, барлық жұмыс түрлері мен процестерге есептік негізделген нормалар құру; нормалар мен нормативтерді әзірлеуде, бекітуде, оларды жинау, шоғырландыру, жүйелеу мен жаңартуда есептеуіш техниканы қолдану; экономикалық-математикалық әдістерді қолдану.

Кәсіпорынның күнделікті қызмет ету барысында жинақталған ақпарат негізінде нормалар мен нормативтердің динамикасы талданады, олардың орындалуы бақыланады, нақты ресурс шығыстары мен нормада белгіленгенмен салыстырылады. Нормативтік шаруашылықтың даму барысында қолданыстағы нормаларды түгендеу, ескірген нормаларды жаңа техникалық негізделген нормалармен алмастыру жүзеге асырылады, нормативтердің жоспарлы көрсеткіштерімен өзара байланысы орнатылады.

Негізгі қорларды (құралдарды) тиімді пайдалану көрсеткіштері.

1. *Қор қайтарылымдылығы* – өнімді өткізуден түскен түсім көлемі бөлінген негізгі қорландыру орта жылдық құны.

Қор қайтарылымдылығының өсуі негізгі қорларды тиімді пайдалануды білдіреді.

2. *Қор сыйымдылығы* – қор қайтарылымдылығы көрсеткішіне теріс нәтиже.

3. Қормен қаруландыру. Әрбір жұмысшыға келетін негізгі қорлардың құнымен сипатталады.

Қормен қаруландыру – негізгі қордың орта жылдық құны бөлінген жұмысшылар саны.

Материалды емес активтер бойынша тиімді пайдалану көрсеткіштері айтылған әдістер бойынша анықталады.

Айналым капиталын тиімді пайдалану көрсеткіштері:

1. *Айналымдылық коэффициенті*, ол көтерме бағамен анықталады:

$$K_o = C_o / OQ,$$

мұндағы K_o – айналым қаражаттарының айналымдылық коэффициенті, айналымдар саны; C_o – өткізілген өнім көлемі, теңге; OQ – айналым қалдықтарының орташа құны.

Айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның белгілі кезеңде (жыл, квартал) айналым қаражаттарының жасаған айналымдар санын сипаттайды немесе айналым қаражаттарының 1 теңгесіне келетін сатылған өнім көлемін көрсетеді. Айналымдар санының ұлғаюы айналым қаражаттардың бір теңгесіне шаққандағы өнім шығарудың өсуіне не болмаса өнімнің осы көлеміне айналым қаражаттарды азырақ жұмсау керектігін білдіреді.

2. *Айналым қаражаттарының жүктеу коэффициенті*, айналымдылық коэффициентіне кері көрсеткіш. Ол сатылған өнімнің 1 теңгесіне жұмсалған айналым қаражаттарының сомасын білдіреді:

$$Кж = ОҚ / Сө,$$

мұндағы Кж – айналым қаражаттарының жүктеу коэффициенті.

3. *Күнмен есептелген бір айналымның ұзақтығы*, ол кезеңдегі күн санын айналымдылық коэффициентіне бөлу арқылы табылады:

$$Т = К / Ко,$$

мұндағы К – кезеңдегі күндер саны (360, 90).

Айналым қаражаттарының жасаған айналым саны көп болған сайын азырақ айналым қаражаттар қажет етіледі. Айналым қаражаттар неғұрлым айналымды тезірек жасаса, соғұрлым олар тиімді пайдаланылады.

3.6. Меншікті және қарыз қаражаттарының құнын анықтау

Меншік капиталының құны. Кез келген қаражат көзін тарту оған қызмет көрсетумен және шығындармен тығыз байланысты. Мысалы, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер бойынша пайыздар сәйкес келе бермейді. Әртүрлі банктер түрлі пайыздық ставкаларды ұсынады. Осындай тұжырымдаманы облигациялық қарыздар мен акциялар туралы да айтуға болады. Келтірілген қаржыландыру көздерінің құны әр-

түрлі болғандықтан, коммерциялық ұйымның капитал құнын жалпы орташа арифметикалық өлшенген формуласы бойынша табуға болады. Ал сәйкес көрсеткіш капиталдың орташа өлшенген құны (Weighted Average Cost of Capital – WACC) деп аталынады.

Капиталдың орташа арифметикалық өлшенген құнының формуласын пайдалану қосындылардың белгілі салыстырмалылығын шамалайды. Оның ішінде есептеу әдісін негізге алады. Капиталды тартумен байланысты шығындарды төлеуде жүзеге асырылатын қаржыландыру көздері әркелкі. Мысалы, дивидендтер таза табыстан төленеді де, кейбір қарыз капиталы бойынша пайыздарды өзіндік құнға жатқызуға болады. Сондықтан қосындылардың салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін WACC формуласындағы есеп-қисапты салықтан кейінгі база негізінде жасауға болады.

WACC көрсеткішін жуық шамамен есептеуге болады. Өйткені бұл жағдайда нақтылық мүлдем қол жеткізбейді. Оған үміт арту орынды да емес. WACC ең алдымен стратегиялық сипаттағы шешім қабылдауда қолданылады. WACC концепциясының теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Теориялық маңызы бірлестік басшылығымен WACC-тың ағымды маңызын және оның динамикасын білу бағалы қағаздар нарығындағы бірлестік жайының қалыптасқан және/немесе мүмкін өзгерістерін түсіну үшін қажетті. Тәжірибелік маңызы тұрғысынан алғанда қаржы менеджері капиталдың орташа өлшенген құнды есептеуді білу керек. Сондай-ақ өз бірлестігінің басқа қаржыландыру көздерінің құнын келесі белгілер айқындайды:

- меншік капиталының құны – инвестормен бірлестік қызметіне ресурстарды салу нәтижесінің қайтарылымы, сондықтан басқаратын кәсіпкерлер пайда мен дивидендтердің күтілген мағынасынан акцияларға тиесілі бағалар өзгеруінің алдын алады;
- қарыз қаражаттарының құны төленетін пайыздарға ұқсас болғандықтан, қаражат тартудың бірнеше нұсқаларынан ең тиімдісін таңдай білу керек;
- капиталдың орташа есептелген құны кәсіпорынның нарықтық құнын шұғыл-бағалау үшін пайдалануға болады;

- капиталдың құны инвестициялық жобаларды талдауда ең маңызды фактор болып табылады;
- қаржыландыру көздерін дұрыс болжамды бағалау капиталдың орташа өлшенген құнын белгілі дәрежеде төмендетеді және бірлестіктің нарықтық құнын жоғарылатады.

Фирманың WACC есептеуде білуге қажетті капиталдың төмендегідей негізгі бес көзін бөлуге болады: банктік несиелер мен қарыздар, облигациялық қарыздар, артықшылыққа ие акциялар, қарапайым акциялар, үлестірілмеген пайда. Әрқайсысының өз құны бар. Алайда оның құрылу қисыны бірдей және берілген қаржылық ресурстың сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігінің моделі сипатталады.

WACC есептеумен байланысты негізгі мәселелерді төмендегілер кұрайды:

- жаңа және қолданыстағы инвестициялар тәуекелінің әртүрлі деңгейі болады;
- жаңа жобаларды қаржыландыруға қосымша қаражаттар тарту кәсіпорын қаржылық тәуекелінің өзгеруіне әкелуі мүмкін;
- пайыздық ставкалардың өзгеруі нәтижесінде инвестицияланған капиталдан акционерлер тарапынан талап етілетін пайда нормасы да өзгереді.

Қаржыландырудың жаңа қаржыландыру көздерін тарту бойынша маржиналдық шығындарды есептегенде WACC ең ұтымды бағыттаушы маңызға ие болып саналады. Бірақ ол жаңа жобалар өндірістік және қаржылық тәуекелдер деңгейі бола қалған жағдайда ғана тиімді болмақ.

Капиталдың шектелген құны (Marginal Cost of Capital – MCC) – өнімнің жаңа түрін қаржыландыру үшін арналған капитал құны. Стратегиялық сипаттағы қаржылық шешімдер капиталдың орташа өлшенген құнына ықпал етуі керек. Сонымен қоса жоғарылататын және төмендететін факторларды есепке алғанда ресурстардың көп мөлшерін тарту, оларды тарту және қолдауға қатысты шығындардың азаюымен сипатталады. Сондай-ақ кері жағдайдың да болуы мүмкін. MCC көрсеткіші болашаққа бағдарлана отырып бағаланады әрі ол қосымша капиталдың жоспарланған көлемін тарту үшін төленетін «бағаны» сипаттайды.

«Капитал құны» түсінігін «капиталды бағалау», «фирма құны» түсініктерінен айыра білу керек. Егер біріншісі қатысты көрсеткіштерге жатқызылса әрі пайызбен есептелсе, басқалары абсолютті және ақша бірілігімен өлшенеді. Сонымен қатар акционерлік немесе қарыз капиталын бағалау туралы есептік және нарықтық бағалау ұғымдарын да айтуға болады. Бұл ретте соңғының капитал құрылымы теориясында маңызды орны бар. «Акционерлік капиталды нарықтық бағалауды» (value of a firm's common stock) теориялық тұрғысынан мерзімсіз аннуитеттің құны ретінде қарастыруға болады. Ол кірісте күтілетін дивидендтер және фирманың акционерлік капиталының құны бойынша түзілетін ағымды білдіреді. Бұл нарықтық капитализация деген атауы бар көрсеткіш шығарылған акция санын ағымды нарықтық бағаға көбейту жолымен анықтауға болады. Нарықтық капитализация – өз құнды қағаздарын қор биржаларында бағалайтын кез келген кәсіпорынның негізгі нарықтық сипаттамаларының бірі. Ал оның динамикадағы өсуі – кәсіпорын меншік иелері өзінің топ-менеджерлері алдына қоятын стратегиялық мақсаты.

Капитал құны әртүрлі қайнар көздерді тарту барысында кәсіпорын төлейтін бағасы болып табылады.

Осындай баға концепциясы капитал өндіріс факторының ең маңыздысы болып табылғандықтан шығады. Яғни басқа факторлар сияқты белгілі бір құны бар, кәсіпорынның операциянды және инвестиционды шығындарының қалыптастыра алады. Осы концепция кәсіпорынның қаржылық қызметті басқару жүйесіндегі басты база болып табылады. Сонымен қатар ол тек ғана капитал құнын тарту емес, сондай-ақ толығымен кәсіпорынның шаруашылық қызметіне бағытталған толық қатарды анықтайды. Кәсіпорын қызметіндегі капитал құнының қолданылатын маңызды сферадағы көрсеткіштерін қарастырайық:

1. Кәсіпорын капитал құны операциялық қызметтегі табыс шамасында қызмет етеді. Капитал құны – пайданың бір бөлігі. Яғни өнімді өткізу мен шығаруды қамтамасыз ету үшін жаңа капиталды тарту немесе қалыптастыру арқасында қолдануға міндетті түрде төленуі тиіс. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның операциялық табысының қалыптастырылған минималды формасы бо-

лып табылады. Осылайша, оның мөлшерінің жоспарлануы кезіндегі төменгі шекарасы.

2. *Капитал құнының көрсеткіші нақты инвестициялауды жүзеге асыру үрдісінде критериалды секілді қолданылады.* Алдымен, нақты кәсіпорынның капитал құнының дәрежесі дисконтты ставка ретінде болады. Бөлек нақты жобаның тиімділік бағасы процесінде таза қаржы ағымының сомасы қазіргі құнға келтіріледі. Сондай-ақ инвестициялық жобаны қарастыру бойынша ішкі табыс ставкасымен теңестіру базасы болып қызмет етеді. Егер ол төмен болса, онда инвестициялық жоба кері қайтарылуы тиіс.

3. *Кәсіпорынның капитал құны қаржылық инвестициялау тиімділігін қалыптастыруының базалық көрсеткіші болып қызмет етеді.* Бұл тиімділіктің критерийі кәсіпорынның өзімен жасалғандықтан, жекелеген қаржылық инструменттердің табыстылығын бағалау кезінде салыстыру базасы болып капитал құнының көрсеткіші табылады. Бұл көрсеткіш нақты нарықтың бағасын емес немесе жеке қаржылық инвестициялау құралдарының табыстылығын бағалауға мүмкіндік береді. Алайда неғұрлым тиімді бағытты қалыптастыруға және осы инвестициялау түрлерінің инвестициялық портфелін қалыптастырудың алғашқы сатыларына рұқсат етіледі. Шынында да, бұл көрсеткіш толығымен инвестициялық-қалыптастырылған портфельдің табыстылық баға шамасында қызмет етеді.

4. *Кәсіпорынның капитал құнының көрсеткіші аренданы қолдану (лизинг) немесе негізгі өндірістік қаражаттарды меншігіне иемденуге қатысты басқару шешімдерін қабылдау критерийі болып табылады.* Егер қаржылық лизингтің қолданылған (қызмет көрсету) құны кәсіпорынның капитал құнынан асып түссе, онда кәсіпорын үшін өндірілген негізгі қаражаттарды қалыптастыру бағытын қолдану тиімсіз.

5. *Капитал құнының көрсеткіші элементтерінің бөлек бөлігінде қаржылық левиредж механизм негізінде капиталдың құрылымдық басқару процесінде қолданылады.* Қаржылық левиреджді қолдану іскерлігі қарыз капиталы құнының бір бөлігі болып табылатын капиталдың жоғары дифференциал қалыптасуымен қорытындылады. Осыны құрайтын минимизация капи-

тал құнын бағалау үрдісінде қамтамасыз етіледі. Яғни қарыз кайнар көздерінен тартылған және кәсіпорынмен қолданылған кайнар көздерінің құрылымына сәйкес қалыптастыру болып табылады.

6. *Кәсіпорынның капитал құнының деңгейі осы кәсіпорынның нарықтық деңгейінің маңызды өлшеуіші болып табылады.* Капитал құнының деңгейін төмендету сәйкесінше кәсіпорынның нарықтық құнының өсуіне әкеледі және керісінше. Әсіресе оперативті тәуекел әсер етеді. Демек, капитал құнының өсуі немесе төмендеуіне сәйкес көтеріліп немесе түсіп тұратын акция бағасы. Капитал құнын басқару өздігімен бағытталған кәсіпорынның нарық құнының өсуі болып табылады.

7. *Капитал құнының көрсеткіші кәсіпорынның өз активтерін қаржы саясаты түріне сәйкесінше қалыптастыру және бағалау критерийі болып табылады (біріншіден, айналым).* Қолданылған нақты капитал құны және кәсіпорынның алдағы бағалау өзгерістері нәтижесінде агрессивті, бірқалыпты (компромисті) немесе консервативті саяси түрі активтерді қаржыландырумен қалыптасады.

Сонымен, компания капиталының құрамына қалыптасу көздеріне байланысты меншік капиталы мен қарыз капиталы жатады, ал жұмсалу бағытына қарай негізгі капитал және айналым капиталы болып бөлінеді. Құрылымы деп осы аталған капиталдардың қосынды сомасындағы жеке үлестерін айтамыз. Қалыптасу көздері бірінші кезекте меншік қаражаттарына қалыптасады, ол жарғы капиталы мен пайда, екінші кезекте қарыз қаражаттары. Капиталдың орта салмақталған құны келесі формула бойынша есептеледі:

$$WACC = kd (1 - tc) wd + kp w p + ks ws,$$

мұнда kd – қарыз капиталды тарту құны; tc – корпорацияның табысына салық мөлшерлемесі; wd – кәсіпорын капиталының құрылымындағы қарыз капитал үлесі; kp – акционерлік капиталды тарту құны (артықшылықты акциялардың); $wр$ – кәсіпорын капиталының құрылымындағы артықшылықты акциялардың үлесі; ks – акционерлік капиталды тарту құны

(жай акциялардың); ws – кәсіпорын капиталының құрылымындағы жай акциялардың үлесі.

WACC-ты қолдану жағдайлары. Мысалы, сатып алушы фирманы сатып алғаннан кейін барлық акционерлік пен қарыз капиталды ұстап отырғандар ақшасын толықтай төлеп корпорацияны өздігінше қайта қаржыландыруға келген жағдайды қарастыралық. Маңыздысы – қарыз бен меншікті капиталдың қатысты салмақтары әр компоненттің баланстық емес нарықтық құндарына негізделуі керектігі.

Қарыз капиталы. Кәсіпорынды ресурспен қамтамасыз ету оны дамытудың қажетті шарты болып табылады. Қаржылық ресурстардың болуы өндірістік кәсіпорындарда қарыз капиталының қалыптасу мүмкіндігін анықтайды. Осыған байланысты қарыз капиталының қалыптасуын басқару жүйесі – капиталды басқару жүйесінің маңызды функционалдық бағыттарының бірі. Көптеген корпорациялар өз қызметін меншік қаражаттарымен қатар, қарыз құралдарымен де қаржыландырады. Ең алдымен, қарыз қаражаттары меншік көздерінің өсу қарқыны корпорацияның өсу қарқынынан артта қалған жағдайда корпорацияның ағымдағы қажеттіліктерін қаржыландыру үшін, өндірісті жаңғырту, өнімнің жаңа түрлерін игеру, нарықтағы өз үлесін кеңейту, басқа бизнес түрлерін иелену және т.б. үшін қажет. Инфляция мен меншік айналым қаражаттарының жетіспеушілігі көптеген корпорацияларды айналым капиталын қаржыландыру үшін қарыз капиталдарын тартуға мәжбүрлейді.

Айналым капиталын борыштық көздерден қаржыландырудың артықшылығы меншік иелерінің акционерлер санының өсуін қаламауында, сонымен қатар *қаржылық тұтқа әсерінде* көрініс табатын несиенің өзіндік құнының акционерлік капитал құнымен салыстырғанда төменірек болуында.

Қарыз капиталы – корпорацияға табыс әкелетін қарыз қаражаттарының жиынтығы. Қарыз капиталының мөлшері мен құрылымын анықтау қаржылық менеджменттің көптеген мәселелерін шешудегі қажетті кезең болып табылады, олардың ішіндегі кең таралғандары келесідей:

- корпорацияның қаржылық тәуелсіздігі мен төлем қабілеттілігін бағалау;

- мүмкін болатын банкроттықты және капитал құрылымын оптимизациялауды болжау;
- қарыз капиталының бағасы мен корпорация капиталының орташа салмақталған құнын есептеу;
- қаржылық тәуекелдің мүмкін болатын дәрежесін анықтау.

Меншік иелерінен бастап мемлекеттік ұйымдарға дейінгі қызығушылық танытқан әртүрлі жақтар осы мәселелердің әрқайсысын қоюы мүмкін, сондықтан қарыздық қаржыландырудың түрлерін өздерінің қызығушылықтарына қарай есепке алады. Қарыз капиталы түсінігінің неғұрлым жалпылама мағынасы корпорацияның қаржылық жағдайын бағалағанда және қаржылық тәуекелдің жалпы деңгейін сипаттағанда кездеседі. Бұл бағыт инвесторлардың корпорацияның барлық борыштарын өтеу мүмкіндігін тез әрі қарапайым бағалауға деген қызығушылықтарынан пайда болған. Қарыз құралдары үлесінің көбеюі корпорацияға салынған салымдардың тәуекелін ұлғайтады және алдағы уақытта осы үрдісті туғызатын себептерді толығырақ зерттеуді қажет етеді.

Қарыз капиталының мазмұнын, көлемі мен бөлек құраушы бөлшектерінің мөлшерін анықтаудан басқа маңызды сәт – қарыз капиталы құрылымын талдау. Болашақта инвестор болуы мүмкін тұлғалардың көзқарастары бойынша, меншік капиталымен қатар тұрақты капиталды құрайтын ұзақ мерзімді несиелердің бар болуын жағымды құбылыс ретінде санау қалыптасқан.

Банк несиелері – фирманы қаржыландырудың қарыз көзі. Қысқа және ұзақ мерзімді несиелерді беру Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бекітілген қысқа және ұзақ мерзімді несиелеуді ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Несиелерді беруді Ұлттық банктің банк ашуға шешімімен және банктік операцияларды жүргізуге лицензияның бар болуымен анықталатын ресми статуска ие банктер жүзеге асырады.

Банктер ұзақ мерзімді несиелерді субъектінің келесідей капитал салымдарына береді: өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы объектілерді құру, қайта құрастыру және техникалық қайта қаруландыру бойынша шығындар; техниканы, құрал-жабдықтарды, үйлерді, ғимараттарды алу; біріккен кәсіпорын құру және т.б. [14].

Банк пен субъектінің несиелік қатынастарының негізін әр ұзақ мерзімді несиеленетін шара бойынша оның жоспар бойынша жүзеге асырылу мерзімінен шыға отырып, жасалған несиелік келісімшарт құрайды. Несиені алу үшін қарыз алушы қысқа мерзімді несие үшін берілетін құжаттарды ұсынады.

Ұзақ мерзімді несиелердің нақты мерзімдері мен жабылу кезеңдері шығындардың өзін-өзі өтеуінен, қарыз алушының төлемқабілеттігі мен қаржылық жағдайынан және де несиелік ресурстардың айналымдылығын жылдамдату қажеттігінен және де басқа шарттардан шыға отырып, банк пен қарыз алушының келісу бойынша анықталады. Несиені пайдалану үшін пайыздық мөлшерлеме нарық жағдайларына, депозиттер бойынша пайыздардың өзгеруіне, ресми жарияланған инфляция индексіне және басқа себептерге байланысты өсу (төмендеу) жағына қайта қарастырылу шартымен реттелетін (қалқымалы пайыз) болу қажет.

Егер корпорация құрылысқа несие алса, бөлек құрылыстар (жаңа құрулар) бойынша құрылыс кезеңіне есептелген пайыздар алынбауы мүмкін, ал олардың сомасы берілген жалпы ссуда бойынша борышқа қосылады және ссуданы қайтаруға ең бірінші төлем кезінде өтеледі.

Ссуда бойынша борышты өтеу тәртібі, нақты мерзімдері мен тәсілдері несиелік келісімшартта қарастырылады. Қысқа мерзімді ссудаларды өтеу қарыз алушының мерзімді міндеттемелері негізінде жүргізіледі.

Несиелер несиеге қабілетті кәсіпорындарға беріледі. Несиеге қабілеттілік деп кәсіпорынның өз қарыздық міндеттемелері бойынша толық және өз уақытында есеп айырысу қабілеттігі түсініледі. Негізінен, олар өндіріс тиімділігін, оның ғылыми-техникалық деңгейін арттырумен, өнімнің жана, жоғары тиімді түрлерін шығаруға ынталандырумен байланысты мақсаттар мен шараларға бағытталады.

Несиелер коммерциялық, келісімшарттық негізде, мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділік шарттарында беріледі. Несиелерді беру банктердің несиелік ресурстары шегінде банктермен іске асады. Банкпен ссуданы беру бұрын берілген ссудалар бойынша қарыздық борыштың жоқтығы кезінде жүргізіледі.

Ссудалық шоттар банкте есеп айырысу шоттардың ашылуына орай ашылады. Ол үшін кәсіпорын банкке арыз-міндеттемені, Жарғыны, құрылтайшылық құжаттардың көшірмелерін, кәсіпорын туралы ережені, тіркеу нөмірін, куәлікті және т.б. ұсынады.

Мұнымен қоса несиені алу мақсатына, пайдалану мерзіміне байланысты банктің сұрауы бойынша келесі материалдар ұсынылады [15]:

- өнімді өткізуден күтілетін түсімдердің бірінші есептелуімен несиелендірілетін шараның техникалық-экономикалық негізделуі;
- жылдық және тоқсандық есеп (бухгалтерлік және статистикалық);
- қаржылық нәтижелер туралы есеп берулер;
- ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп берулер;
- банктің басқа банктерде ашылған шоттар бойынша жазбалары;
- қарыз алушының қаржылық жағдайын анықтау үшін басқа да есеп берулер мен материалдар;
- банктік тәжірибеде қабылданған формаларда несиенің уақытылы қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер (гарантияның кепілдік міндеттемесі, сақтандыру куәлігі және т.б.). Қажет жағдайларда банкке кәсіпорынды құруға (қайта құруға) жоба, заңнамамен белгіленген талаптарға, санитарлық-гигиеналық, экологиялық және басқа да нормаларға сай келетін несиені және де жоғарыда аталған нормалардың, келісімшарт тәртібінің және басқа да құжаттардың сақталуын куәландыратын несиелік-сметалық құжаттама бойынша сараптау органдарының қорытындылары ұсынылады.

Несиелік келісімшартты жасауға дейін банк қарыз алушының несиелік қабілеттігін егжей-тегжейлі талдау керек, ссуданы өтеуге алып келетін факторларды, басқа міндеттемелерге көзқарасын, қарыз алушының қаржылық және экономикалық жағдайын, баланс өтімділігін, айналым құралдары мен несиені пайдалану тиімділігін және т.б. зерттеу керек [15].

Банк несиені қарыз алушы оның уақытылы қайтарылуын қамтамасыз ету ретінде ТМҚ, өнімнің және басқа кепілден бос

мүліктің кепілі бойынша міндеттемесін оның пайдалануға төлемі есебімен беріледі, оларға іс барысындағы заңнамаға сәйкес банкпен несиені өтеу үшін қарыз алушының жауапкершілігін сақтандыру келісімшарты, гарантия көрсетілуі мүмкін. Қарыз алушының мүлкіне банктің кепілдік құғығы мүлік кепілі келісімшартымен рәсімделеді, ол берілген банкке борышкердің келісімшартты бұзу жағдайында кепілге қойылған мүлік құнынан басқа кредиторларға қарағанда, артықтау қанағаттандыру алуға құқық береді [9].

Қарыз капиталының құнын анықтау. Қарыз капиталының құнын анықтаған кезде тек қосымша шығындарды қажет ететін қаражаттар ғана есепке алынады. Осының негізінде қарыз капиталы сомасының құрамына кредиторлық борышты кіргізу ұсынылмайды. Тәжірибеде жабдықтаушылармен вексель формасында есеп айырысу және мерзімі өткен төлемдер үшін айыппұл салу, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға салық төлеу шаралары осы құралдарды қолданумен байланысты қосымша шығындарды білдіреді және сол арқылы қарыз қаражаттарын тарту төлемін ұлғайтады. Тәжірибеде жабдықтаушылармен мерзімі өтіп кеткен төлемдер үшін вексельдер мен айыппұлды санкциялар түріндегі есептесулер, бюджетке салықтар да және бюджеттен тыс қорлар да корпорациялардың осы қаражаттарды қолдау бойынша және осымен қарыз қаражаттарын тарту бойынша төлемнің көбеюімен қосымша шығындарын көрсетеді.

Қарыз капиталының құны (K_3) келесі формуламен есептелінеді:

Қарыз қаражаттарын тарту бойынша шығындар*100%

$K_3 =$ Қарыз қаражаттарының сомасы

Несиелерді тартуға байланысты шығындарға ең алдымен келісімшартқа сәйкес корпорацияның несие беруші ұйымдарға төлеуі қажетті несие бойынша пайыздары жатады. Өртүрлі қарыз қаражаттарының сомасы пайыздар бойынша төленетін сомаға салынатын салықтарды есепке алу арқылы анықталады.

Салық салу мақсатында өнімнің өзіндік құнына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің есеп мөлшерлемесінің шегінде

өндірістік қажеттіліктерге несиелер бойынша пайыздарды есептеу кіргізіледі. Ол үш пунктіге көтерілген, келісімшарт мөлшерінде валюталық несиелер бойынша, банктердің пайыздық төлемдері бойынша сомалар, заңнамада бекітілген мөлшерде бюджеттік несиелер бойынша пайыздарды төлеу, сондай-ақ төлемдерді кейінге қалдыру (коммерциялық несиелер) үшін пайыздар бойынша. Несиелер бойынша пайыздарды төлеу, алынған негізгі құралдар, материалдық емес активтер және айналымнан тыс активтер, сондай-ақ несиелік операцияларды жүргізуге ҚР Ұлттық банкінен лицензиясы жоқ заңды тұлғалардан алынған, мерзімі өтіп кеткен несиелер, қарыздарды алу корпорацияның меншікті қаражаттар есебінен жүзеге асырылады. Сонымен, корпорациялар үшін қарыз қаражаттарының құны, әдетте, Ұлттық банктің ставка мөлшеріне, келісімшарт бойынша банктік несиелер деңгейінен төмен болады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Капитал мен қаржылық капиталдарына анықтама беріңіз.
2. Фирманың қаржылық капиталы мен қаржы ресурстарының ортақ сипаттамаларын атаңыздар.
3. Меншікті қаржы ресурстарының құрылымындағы жарғылық капиталды сипаттаңыз.
4. Өнім өткізуден түскен табыстың фирманың қаржылық капиталын қалыптастырудағы орны.
5. Фирманың қаржылық капиталындағы негізгі және айналым капиталы.
6. Негізгі және айналым капиталдарын тиімді пайдалану көрсеткіштері.
7. Меншікті және қарыз қаражаттарының құнын анықтау.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҮТҚА МЕН КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ. КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

4.1. Капитал құрылымы

Капитал құрылымы – фирманың ұзақ мерзімді қаржыландырудың түрлі көздерінің қаржы-қаражаттар жиынтығы, атап айтқанда, фирманың қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді міндеттемелер мен меншікті капиталы.

Капитал құрылымы – меншік немесе қарыз капиталы элементтерінің үлестік қатынасы. Мысалы, меншік капиталында жарғылық капитал 60%-ды құрайды. Немесе баланстағы меншік капиталының үлесі 55%, ал қарыз капиталының үлесі 45%-ды құрайды.

Сонымен, фирманың капиталы қарыз және меншікті капиталдан қалыптасады, ол баланс пассивінде көрініс табады.

Қарыз қаражаттары (заемдар) екі артықшылыққа ие.

Біріншіден, төленетін пайыздар сомасы салық салынатын табыстан шегеріледі, ол өз кезегінде қарыз сомасының деректі мөлшерін азайтады.

Екіншіден, қарыз беруші тіркелген табыс алады, егер фирма жетістікті болса, акционерлер олармен табысты бөлісуге тиісті болмайды.

Қарыз қаражаттарының кемшіліктері де бар.

Біріншіден, қарыз коэффициенті жоғары болған сайын, кәсіпорын тәуекелі де жоғары, сәйкесінше фирма үшін меншік капиталының да, қарыз капиталының да құны жоғары болады.

Екіншіден, егер фирма қиын жағдайда болып, операциялық табысы пайыздар бойынша шығыстарды жабуға жетпей жатса, тапшылықты акционерлердің өздері жабуы қажет, болмаса фирма банкротқа ұшырайды.

Сондықтан ақша қаражаттарының операциялық ағындары тұрақсыз фирмалардың қарыз капиталын тартуды шектеуі керек.

Ал ақша ағындары тұрақты фирмалар қызметін қарыз көздерінен қаржыландыруды еркін қолдана алады.

Фирманың құны оның орташа салмақты құнмен дисконтталған капиталының (Weighted Average Cost of Capital – WACC) болашақтағы бос ақша ағындарының келтірілген мәнін білдіреді.

Капитал құрылымының өзгерісі оның компоненттерінің пайыздық қатынастарын өзгерткен кезде капиталдың әр түрінің тәуекеліне, сонымен қатар WACC-қа да әсер етеді.

Капитал құрылымының өзгерісі бос ақша ағындарына әсерін тигізеді. Күрделі салымдар бюджетін құру барысында және банкроттық пен қаржылық құлдыраумен байланысты шығындарды анықтау кезінде менеджерлер шешімдеріне әсер етеді. Сонымен, капитал құрылымы бос ақша ағындарымен қатар WACC, сәйкесінше акциялар құнына әсер етеді.

Көптеген фирмалар дивидендтер төлеп, бөлінбеген пайда мөлшерін азайтады, сөйтіп, өз бизнесін қаржыландыруға қажетті соманы өсіреді. Осыдан капитал құрылымы бойынша шешімдер дивидендтерді төлеу саясатымен байланысты.

Капитал құрылымы бойынша шешімдерге көптеген факторлар әсер етеді. Капиталдың оңтайлы құрылымын анықтау нақты ғылым емес. Сондықтан бір саладағы фирмалар түрлі, бір-біріне ұқсамайтын капитал құрылымына ие бола береді.

Мұнда біз капитал құрылымының оның құраушыларының тәуекеліне әсерін анықтап, одан кейін ол ақпараттарды қарыз және меншік қаражаттарының оңтайлы арақатынастарын анықтауға қолданамыз.

Капитал құрылымын оңтайландыру. Фирманың қызметі түрлі өмірлік кезеңдерге бағынышты. Меншік капитал құрылымын бағалау мен оны оңтайландыру бойынша шешім қабылдау үшін фирма қандай кезеңде екендігін білу керек.

Ең үдерісті болып даму мен әртараптандыру стадиялары саналады. Себебі осы кезде инвестициялар мен оларды тарту көздері туралы шешімдер қабылданады.

Инвестицияларды қандай көзден тарту қолайлы екендігі туралы жауап алу үшін қаржылық үлгілеу әдістері көмек етеді.

Тәжірибеде несие ресурстарын қолдану экономикалық нәтижеге жету мерзімін қысқартады, себебі жобаға пайданы жұмылдыру – ұзақ үрдіс, ал уақыт – ол ақша.

Нәтижесінде уақытты үнемдеу фирманың тез өсуіне, оның пайдасын максимизациялауға әкеледі.

Тұрақтандыру кезеңінде ұзақ мерзімді заемдардағы қажеттілік туындамауы да мүмкін. Бұл кезеңде капитал құрылымында қарыз капиталының үлесі минималды болады.

Фирманың болашақтағы жағдайына байланысты жоспары дағдарыс немесе құлдырау кезеңінде құрылады. Әдетте, бұл кезеңде құлдырауға қарсы немесе жою жайлы шаралар қарастырылады. Егер фирманы дағдарыстан шығару жоспары белгіленетін болса, ол кезеңде рентабельділік және қаржы тұрақтылық көрсеткіштері төмен болады. Бұл жағдайда ұйым қарызы артып және негізгі капиталы қарыз капиталынан төмен көрсеткішті көрсетеді (дағдарыс кезеңін аңғартады). Осы кезеңде капитал құрамына қарағанда, дағдарыстан шығу жоспары бойынша есептелінген қаржылық портфельдің өзгерісі және болашақтағы көрсеткіштер аса маңызды болып саналады.

Жалпы капиталдың құрамын дұрыс құрудың негізгі критерийлері жоқ. Әр фирманы индивидуалды жолмен, оның қай бағытта қызмет атқаруымен қатар, ұйымның даму кезеңдерін де жеке қарастыру қажет. Жеке кәсіппен айналысатын ұйымдардың капитал құрамы, сату мен қызмет көрсету саласы жұмыс атқаратын ұйымдардың капиталынан өзгеше болады. Бұл ұйымдардың негізгі айналым құралдарына деген сұранысы және қорсыйымдылық көрсеткіші әртүрлі. Сонымен қатар сыртқы орта факторларына байланысты мына жағдайларды да қамту қажет: сыртқы ортаға тәуелсіз, акционерлер саны аз ұйымдар өз кірісін қолдану шешімін қабылдау жағына аса мобильді, олардың капитал құрамы жеңіл түрде мөлшерін және қалыптасуын қадағалауға мүмкіндік береді. Капитал құрамы ұйымның ұзақ уақыт дамуы үшін, сырттан қаржыландыру үшін тартылған қарыз капиталы мен негізгі капиталдың қатынасын көрсетеді. Фирманың қаржы стратегиясының дұрыс атқарылуы үшін капитал құрамының оптималды қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ қарыз капиталы мен негізгі капиталдың оңтайлы қатынасына баға әсер етеді.

Сонымен қатар анық факторлар ұмытылуда, негізгі капитал төлемі дивиденд түрінде болады және ол әлдеқашан өз қаражатын қаржыландыруды өте қымбат етеді. Мысалы, жеке кәсіпкердің 40% көлемінде дивиденд алуға мүмкіндігі болса, негізгі капитал құны сырттан тартылған қарыз қаражаттарынан жоғары болады.

Бүкіләлемдік тәжірибе бойынша, фирманың өз ресурстар көлемінде дамуы қаржылық тәуекелдің азаюына ықпал етеді (ол ұйым кірісіне қайта инвестициялау жолымен атқарылады), бірақ кәсіптің өсу ықтималдылығын төмендетеді, оның ішінде пайдаға әсері басым (нарық ақшаны емес пайданы бағалайды).

Керісінше, дұрыс құрылған қаржылық жоспар мен жақсы қаржы менеджментінің ұйымдастырылуымен, сырттан тартылған қосымша қаражат көздері фирма басшысының салынған капиталына кірісін арттыруға мүмкіндік береді. Оның себебі басқару жұмыстарын жақсы ұйымдастыру арқылы қаржы ресурстарының өсуіне ықпал етіп, сату көлеміне және таза пайданың артуына пропорционалды болып келеді. Бұл жағдай орта және шағын фирмаларға қатысты.

Бірақ капитал құрамында қарыз қаражаттарының мөлшері жоғары болса, ол пайдаға деген аса жоғары сұранысты арттырады және оның салдарынан фирманың қарызды өтеу қабілетсіздігі мен инвесторлар үшін қаржы тәуекелдері де өседі. Сонымен қатар фирманың мердігерлері мен сатып алушылары қарыз қаражаты бөлігінің көп болғандығына байланысты сенімді серіктестер іздестіре бастайды, ол өз кезегінде түсімнің азаюына әкеледі.

Қарыз капиталының төмен үлесі меншік капиталынан арзан қаржыландыру көзін толық қолданбағанды көрсетеді. Капиталдың мұндай құрылымы капиталға деген жоғары шығындар мен болашақ инвестициялар табыстылығына деген жоғары талаптардың қойылуына әкеледі.

Капиталдың оңтайлы құрылымы, меншік және қарыз капиталдарының құрылымы фирманың нарықтық құнын максималдататын қатынаста болуы.

Капитал құрылымын басқару. Бүгінгі күні белсенді дамыған экономикада жоғары өсу қарқынды және көп ақша ағындары бар фирмалар аз емес (мысалы, ұялы байланыс операторлары). Олар сыртқы көздерден қаржыландыруға ақша тартпай, дербес күрделі салым жасай алады. Бірақ қарыздық ауыртпалықтың азаюы қарыздың тәртіптік қызметін әлсіздетеді. Дәл сол қарызды қайтарудың қажеттілігі менеджерлерді оңтайлы бизнес шешімін қабылдауға итереді. Егер қарыз ауыртпалығы төмен болса, менеджерлердің жаңа инвестициялаудың тиімді мүмкіншіліктерін іздестіруге ынталары төмендейді.

Фирманың ұзақ мерзімді қаржылық жетістіктерінің негізгі шарты – капитал (активтер) рентабельдігі капиталды тарту құнынан жоғары болуы керек. Бұдан келесі тұжырымды жасауға болады: төмен рентабельді бизнес түрлерінде көп меншік қорларына (жылжымайтын мүлік, көлік және т.с.с.) ие болған тиімсіз. Себебі капиталдың мұндай активтерін тарту құны олардың қайтарымдылығынан басым болады. Ол өз кезегінде фирманы экономикалық және қаржылық минусқа әкеледі. Сондықтан залалды активтерден құтылған жөн.

Бизнестің барлық типтері мен көлемдері тәуекелмен бірге жүреді. Табыстылық жоғары болған сайын, тәуекел де жоғары болады. Басқарушылар төмен тәуекелді ұстанса, сәйкесінше табысы да төмен болады.

Резервтер құру (белгілі соманы ПИҚ-терге, құнды металдарға, акцияларға, депозиттерге салу) – инвестициялық және қаржылық стратегияның бір бөлігі.

Резервтерсіз нарықтағы немесе экономикадағы проблема бизнестің күнкөрісін шектетеді. Мұны көптеген компаниялар ұмытып кетеді. Олар алған табыстарын дивидендтерге бөліп немесе басқа жобаларға қайта инвестициялап салады. Қаржылық тәуекелді төмендету үшін дивидендтерді төлегеннен кейін, алынғын жылдық пайдадан резервтер құру қажет. Ол үшін нақты есептеулер жүргізу тиіс.

Тиімді басқару үшін білікті мамандар керек. Бизнес тәуекелінің жалпы көлеміне байланысты активтердің 3-10% құрағаны жөн. Қалған пайданы негізгі қызметке, ал содан соң жаңа жобаларға салған дұрыс.

4.2. Қаржылық тұтқа. Қарыз қаражаттарының меншік капиталының рентабельділігіне әсері

Қарыз қаражатын тарту формасын таңдау туралы шешім олардың бағасын салыстырмалы талдау негізінде, сондай-ақ жалпы корпорация қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қарыз капиталын қолдану әсерін бағалау негізінде қабылданады. *Қарыз капиталын тиімді басқару меншік қаражаттарының рентабельділігін ұлғайтады.*

$$PCC^* = (1 - \text{салық салу мөлшерлемесі}) * \text{ЭР} + \text{ЭФР}.$$

PCC^* – қарыз қаражаттарын қолданатын кәсіпорынның меншік қаражаттарының рентабельділігі; ЭР – экономикалық рентабельділік; ЭФР – қаржылық тұтқа әсері.

$$PCC = (1 - \text{салық салу мөлшерлемесі}) * \text{ЭР}.$$

PCC – қарыз қаражаттарын қолданбайтын кәсіпорынның меншік қаражаттарының рентабельділігі.

Қаржылық тұтқа әсерінің бірінші құраушысын қарастырайық.

Дифференциал – активтердің экономикалық рентабельділігі мен қарыз қаражаттары пайызының орташа есеп айырысу мөлшерлемесі арасындағы айырма. Салық салуға байланысты дифференциалдың, өкінішке орай, 1 - табысқа салық салу мөлшері ғана қалады, яғни:

$$\text{Активтер экономикалық рентабельдігі (ЭР)} = \frac{\text{Салық салуға дейінгі пайда}}{\text{Актив}}$$

$$\text{Дифференциал} = (1 - \text{салық салу мөлшерлемесі}) * (\text{ЭР} - \text{СРСР}).$$

Екінші құраушы – **тұтқа иығы** қаржылық тұтқаның әсер ету күшін сипаттайды. Бұл – қарыз қаражаттары (ЗС) мен меншік қаражаттары (СС) арасындағы қатынас. Қаржылық тұтқа әсерінің екі құраушысын біріктіру арқылы мынаны аламыз:

$$\text{ЭФР деңгейі} = (1 - \text{салық салу мөлшерлемесі}) * (\text{ЭР-СРСП}) * \text{ЗС/СС}.$$

Әсер экономикалық рентабельділік пен пайыздың орташа есеп айырысу мөлшерлемесі (СРПС) арасындағы алшақтаудан пайда болады. Басқаша айтқанда, кәсіпорын қаражаттары ең аз дегенде несие бойынша пайыз төлеуге жететіндей экономикалық рентабельділікті жинауы қажет.

Күрделі қателіктен сақтану керек: *пайыздық орташа есеп айырысу мөлшерлемесі несиелік келісімшарттан алынған пайыз мөлшерлемесімен сәйкес келмейді.*

Пайыздың
орташа есеп
айырысу =
мөлшерлемесі
(СРСП)

Талдау кезеңіндегі барлық несиелер бойынша
барлық деректі қаржылық шығындар x 100
Талдау кезеңінде пайдаланылатын қарыз қаражаттарының жалпы сомасы

Есептеудің тереңірек тәсілдері бар. Мысалы, бұл мөлшерді әртүрлі несиелер мен қарыздардың орташа арифметикалық құнымен емес, орташа салмақталған құнымен есептеуге болады, сонымен қатар кәсіпорынның артықшылығы бар акцияларды шығарудан түскен ақшаларды жатқызуға болады. Кейбір экономистердің осыны ұстанудың себебі артықшылығы бар акциялар бойынша кепілді дивиденд төленетіндігі капитал тартудың бұл тәсілін қаражаттарды қарызға алумен теңестіреді, сонымен қатар кәсіпорын жабылғанда артықшылығы бар акциялар иелері өздеріне тиесіліні алуда кредитормен бірдей дерлік құқыққа ие болады. Біз өзіміз үшін екі тәсілдің біреуін таңдауымызға болады. Қаражаттарды қарыз ретінде артықшылығы бар акциялар шығару арқылы жұмылдыру кезеңінде қаржылық шығындарға дивидендтер сомасын (салық салынғаннан кейінгі кірістен төленетін, сондықтан кіріске салынатын салық сомасына ауырлық түсіретін), сондай-ақ осы акцияларды эмиссиялау және орналас-тыру шығыстарын қосу керек.

Екі маңызды ереже бар:

1. Егер жаңа қарыз алу кәсіпорынның қаржылық тұтқа әсерінің деңгейін көтерсе, бұл қарызды алу тиімді. Бірақ бұл ретте дифференциал жағдайын зейін салып қадағалау керек: тұтқа иығын өсіруде банкир тәуекелінің өсуін «тауары» несиенің бағасын көтерумен өтеуге икемді болады.

2. Кредитор тәуекелі дифференциал мөлшерімен анықталады: дифференциал үлкен болған сайын тәуекел төмен, дифференциал төмен болған сайын тәуекел үлкен.

Дифференциал теріс нәтижелі болмауы қажет!

Бұл банкир үшін де маңызды: кері дифференциалды клиент – «қара картотекаға» үміткер. Көптеген батыс экономистері алтын орта 30-50%-ға жақын деп санайды, яғни қаржылық тұтқа әсері оптималды түрде активтердің экономикалық рентабельділігінің жартысының екіден біріне тең болуы керек. Сонда тұтқа әсері салықтық алымдарды өтеуге және меншік қаражаттардың лайықты қайтарымын қамтамасыз етуге қабілетті болады [16]. Қарыз көздерін қалыптастырудың бұрыс жолы корпорацияның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін, себебі кредиторлардың талаптары корпорация қызметінің қаржылық-шаруашылық қорытындыларынан тәуелсіз қанағаттандырылуы тиіс. Қарыз капиталын қолдану корпорация иелері үшін өте тиімді болуы мүмкін, себебі өндіріс көлемін, табысты көбейтуге, рентабельділікті өсіруге меншікті капитал түріндегі өте тапшы қаржылық ресурсты қосымша салусыз қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан қаржы менеджері алдында екі өзара қарсы келетін мәселе тұрады: қарыз капиталын тартуда қаржылық тәуелсіздікті критикалық жоғалтуды қалай болдырмау керек, сонымен қатар меншік капиталының рентабельділігін өсіру керек [16].

Қарыз капиталын пайдананудың меншік капиталының рентабельділігіне әсер етуін бағалау механизмі қаржылық тұтқа әрекетін есептеу арқылы құрылған. Қаржылық тұтқа әсері қарыз қаражаттарын тарту арқылы меншік иелері табыстарының өсу қағидасын көрсетеді. Қаржылық тұтқа әсерінің деңгейі несиелеу шарттарына, несиелерге, қарыздарға, ссудалық төлемдерге салық салуда жеңілдіктердің болуына және несиелер мен қарыздар бойынша пайыз төлеу ретіне байланысты болады.

Егер активтер рентабельділігі қарыз капиталының шынайы бағасынан үлкен болса, *қаржылық тұтқаның оң әсері* пайда болады.

Кәсіпорынның қарыз капиталын қалыптастыруда тиімді басқарудың шарттары:

- кәсіпорынның қарыз құралдарын тарту бағдарламасын өткізуді бір стратегияға бағытталған бірыңғай кешен ретінде жүзеге асыру;
- қаржылық ағымдардың келуін ұйымдастыруды, басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржылық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін қаржылық (қор, несиелік-банктік) нарықты және оның инфрақұрылымын дамыту;
- несие нарығын, қоғамдық институттарды, акционерлік меншікті және ақша айналысының тұрақтылығын дамыту.

4.3. Капитал құрылымы туралы шешім қабылдау

Капиталдың оңтайлы құрылымы меншікті және қарыз капиталының арақатынастары фирманың нарықтық құнын максималдандырады. Бұл жерде меншік капитал рентабельділігінің коэффициенті мен борыштар арасындағы арақатынас тиімділігі қамтылады.

Капитал құрылымын оңтайландыру үрдісі келесі кезекпен жүргізіледі:

- капитал құрамын кезеңдер аралығында және оның құрылымының өзгеру үдерісін талдау. Талдау барысында қаржылық тәуелсіздік коэффициенті, ұзақ және қысқа мерзімді міндеттемелер араларындағы қатынас көрсеткіштері қарастырылады. Содан кейін айналымдылық көрсеткіші және активтер және меншік капитал рентабельділіктері анықталады;
- капитал құрылымын анықтайтын негізгі факторларды бағалау.

Оларға мыналар жатады:

- шаруашылық қызметтің салалық ерекшеліктері;

- фирманың өмір сүру циклінің стадиясы (жас компаниялар қарыз көздерін көбірек тарта алады, ал бұрыннан келе жатқан фирмалар басымды мөлшерде меншік капиталын қолданады);
- тауарлы және қаржы нарықтарының конъюнктурасы;
- ағымдағы қызметтің табыстылық деңгейі;
- компанияның салықтық ауыртпалығы (сатудан түскен түсімдегі тікелей және жанама салықтардың үлесі – брутто);
- акционерлік капиталдың концентрация дәрежесі (капитал иелерінің акцияның бақылау пакетін сақтап қалуға ынталануы).

Капитал құрылымын басқару, жоғарыда аталған және басқа да факторларды ескере, екі маңызды мәселені шешуді қарастырады:

- меншік және қарыз капиталдарының қолайлы пропорцияларын белгілеу;
- қажетті кезде қосымша ішкі және сыртқы капиталмен камтамасыз ету.

Капитал құрылымын меншік капиталының табыстылығы критерийі бойынша оңтайландыру.

Капитал құрылымын оның құнын минимизациялау критерийі бойынша оңтайландыру. Ол меншік және қарыз капиталдарын түрлі шарттармен тартуды және меншік капиталының құнын анықтау нұсқаларын алдан ала бағалауда негізделеді.

Капитал құрылымын оның фирма активтерін қаржыландырудың арзан көздерін таңдаумен байланысты тәуекелді минимизациялау критерийі бойынша оңтайландыру. Бұл мақсатта активтер үш топпен сыныпалады, айналымнан тыс активтер меншік капиталы мен ұзақ мерзімді міндеттемелермен толықтырылады.

Капитал құрылымының оңтайлы құрылымын құру активтерді үш элементке сыныптауды болжайды:

- айналымнан тыс (тіркелген) активтер;
- айналым активтерінің тұрақты бөлігі;
- айналым активтерінің өзгермелі (айнымалы) бөлігі.

Тәжірибеде фирма балансының пассиві есебінен активтердің түрлі топтарын қаржыландыру үшін үш тәсіл қолданылады: консервативті, ұстамды және агрессивті.

Консервативті тәсіл бойынша өзгермелі айналым активтерінің шамамен 50%-ы қысқа мерзімді міндеттемелер есебінен қалыптасады. Өзгермелі бөліктің қалған 50%-ы – айналым активтерінің тұрақта сомасы, айналымнан тыс активтер меншік капиталы мен ұзақ мерзімді міндеттемелермен жабылады.

Ұстамды тәсіл бойынша өзгермелі айналым активтерінің 100%-ы қысқа мерзімді міндеттемелер есебінен құрылады, ал тұрақты бөліктің 100%-ы меншік қаражаттары есебінен, ол алдағы кезеңге (жыл, тоқсан) нақты мағыналарын белгілеуге мүмкіндік береді. Осындай таңдау үдерісінде әр кәсіпорынның жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Капитал құрылымына анықтама беріңіз.
2. Қаржылық тұтқа деген не?
3. Қарыз қаражаттарының меншік капиталының рентабельділігіне тигізетін әсері.
4. Капитал құрылымы туралы шешім қабылдау жөнінде не білесіз?
5. Капитал құрылымын басқару.
6. Дифференциал теріс нәтижелі болмауы қажет дегенді қалай түсіндіресіз?

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ: МАЗМҰНЫ МЕН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Операциялық талдау мазмұны. Шығындарды сыныптау

Операциялық талдау жедел жоспарлауында бағалардың және өндіріс көлемінің, шығынның тәуелділік нәтижелері қызметін бақылауға мүмкіндік береді. Операциялық талдау сату көлемі мен баға, тұрақты шығындар, өнім бірлігі мен өзгермелі шығындар арасындағы ең пайдалы құрамдастырылымдарды іздеуге арналған. Қазіргі кездегі басқару жүйелері таза пайданың және шығынның, өнім өткізудің ақшалай түсіміне, өндіріс көлемінің өзгерістер арасындағы тәуелділікті талдауына негізделеді. Мұндай талдау операциялық талдауына ие болады (CVP-талдау, маржиналдық талдау).

Берілген талдау рентабельділік шегін немесе залалсыздық нүктесін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық қорын табуға мүмкіндік береді.

Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты шығындар өзгермелі, тұрақты және аралас болып бөлінеді.

Өзгермелі шығындар өндірістік және өндірістік емес болып бөлінеді.

Өндірістік өзгермелі шығындар: шикізат және материалдар, технологиялық отын мен энергия, өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысы, т.б.

Өндірістік емес өзгермелі шығындар: көлік шығындары, сауда-делдадық алымдары және басқа да сату көлеміне тәуелді шығындар.

Тәжірибеде, кейбір жағдайда өзгермелі шығындар өндіріс көлеміне пропорционалды болып өзгермейді. Себебі шикізатты

көп мөлшерде сатып алаған кезде сатып алынған мөлшер көп болған сайын көтерме баға да төмен бола береді.

Тұрақты шығындар өндіріс көлеміне байланысы жоқ. Тұрақты шығындар өнім бірлігін есептеу кезінде өндіріс көлемінің кері тәуелділігіне қарай ауысады: өндіріс көлемін ұлғайту кезінде олар төмендетіледі, өндіріс көлемінің құлдырауы кезінде олар өседі. Оларға: амортизациялық аударымдар, басқарушы персонал еңбекақылары, жылыту және жарық шығындары, жалдау төлемдері, әкімшілік-шаруашылық қажеттілікке шығындар, т.б. жатады.

Тұрақты шығындар тек мына жағдайларда өзгере алады: бағаның өсуі, негізгі қорларды қайта бағалау, амортизация нормаларының өзгеруі. Себебі осы өзгерістер тұрақты шығынды өсіреді.

Сонымен қатар кейбір жағдайда шығындар тұрақты немесе өзгермелі болып бөлінуі келісімшарт пен қызметтің түріне байланысты болады. Мысалы, нақты еңбекақы мөлшері бойынша шығындар тұрақты болып танылады, ал жұмыстың жасалу көлеміне қарай төленетін еңбекақы өзгермелі шығындарға жатады.

Аралас шығындар өзінің тұрақты және ауыспалы бөлігін құрайды.

Аралас шығындар: пошта және телеграф шығындары, құрылғыларды ағымдағы жөндеу шығындары, іссапар шығындары, материалды-техникалық қамтамасыз ету шығындары және т.б.

Шығындар сыныптамасындағы өндіріс көлемінің тәуелділігі өзіндік құнның Direct-costing калькуляциялау әдісінің негізінде жатады. Бұл әдіске сәйкес ауыспалы шығындар өнімнің нақты түрлерінің өзіндік құнына, ал тұрақты шығындар жалпы сомасындағы қызметтің қаржылық нәтижесіне жатады және өнімнің түрлері бойынша таратылмайды.

Өзгермелі және тұрақты шығындар сыныптамасы операциялық талдаудың негізі болып табылады.

Қазақстандық тәжірибеде көрсетілген шығындар сыныптамасы операциялық талдау өткізу мақсаттары үшін аса таратылмаған. Соған қарамастан, операциялық талдау пайда көрсеткіштеріндегі өндіріс көлеміне және шығындар мөлшеріне әсер ету

дәрежесін бағалауға мүмкіндік бермейді және өндірістік тәуекел деңгейін анықтау, оны қолдануға шектеу қатарлары бар. *Біріншіден*, кәсіпорын тек қана бір өнімді өндіру немесе өнімнің шектелген сұрыпталымы болуы керек; *екіншіден*, тұрақты шығындардың мөлшері және өнім бағасы талдауды жүзеге асыру уақыт кезінде тіркелген болуы тиіс; *үшіншіден*, бірлік критерий бойынша тұрақты және ауыспалы шығындар сыныптамасының мүмкіндігі болуы қажет; *төртіншіден*, өндіріс көлемі сату көлеміне тең болуы керек.

Қаржылық талдауда оперативтік және стратегиялық жоспарлау мақсатымен шешім қабылдау үшін оперативтік талдау тиімді әдіс болып табылады. «Шығындар – Көлем – Пайда» («Costs – Volume – Profit» – CVP).

«Шығындар – Көлем – Табыс» талдауы кәсіпорынның ақшалай айналымының барлық негізгі сатыларында қаржы мамандары алдында пайда болатын аса маңызды мәселелердің шешімі болып табылады.

Операциялық талдаудың негізгі элементтері болып операциялық тұтқа, рентабельділік шегі мен кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық қоры саналады. Сыртқы қаржылық талдауға қарағанда операциялық (ішкі) талдаудың нәтижелері кәсіпорынның коммерциялық құпиясын құрайды.

Операциялық талдау Е. Стоянованың жұмысында жақсы көрініс тапқан. Оның пікірі бойынша, өнімді сатудан түскен қаржыны жиынтық шығындармен салыстыру өндірістің берілген көлемінде, өзгермелі және тұрақты шығындардың қатынасында алуға болатын табыстың көлемін анықтауға мүмкіндік береді [16].

Қаржылық менеджер табыс көлемін оптимизациялау мақсатымен өзгермелі және тұрақты шығындардың берілген қатынасында табыс көлеміне жасайтын әсерін анықтап алуы тиіс.

Кәсіпорынның мүмкіндіктері шегінде өзгермелі және тұрақты шығындар арасындағы қатынасты өзгерте отыра, табыс көлемін қолайландыру мәселесін шешуге болады. Мұндай тәуелділік «Өндірістік тұтқа әсері» деп аталады. Операциялық (өндірістік, шаруашылық) тұтқаның әсері сатудан түскен қаражаттың қандай да өзгерісі әр кезде табыстың қатты өзгеруін тудыратындығында көрініс табады.

Өндірістік тұтқа әсері сатудан түскен пайданың өзгермелі шығындарын есептемегенде, сатудан түскен қаражатты бөлудің бір бөлігі ретінде анықталады.

5.2. Операциялық талдауды жүргізу тәртібі

Операциялық тұтқа әсерінің күшін анықтау үшін тәжірибелік есептерде жалпы маржаның (өзгермелі шығындардың орнын толтырудан кейінгі сатудың қорытындысы) табысқа қатынасын қолданады. Жалпы маржа сатудан түскен түсім мен өзгермелі шығындар арасындағы айырманы білдіреді. Бұл көрсеткіш экономикалық әдебиеттерде «орнын толтыру» деп белгіленеді. Жалпы маржаның тек тұрақты шығындарды ғана емес, сондай-ақ табысты қалыптастыруға да жеткілікті болғаны абзал.

Операциялық тұтқа әсерінің күші = Жалпы маржа/Пайда

Мысалы, компанияның өзгермелі шығындары – 40314844 мың тг., тұрақты шығындары – 5212156 мың тг. Өнімді өндіріп өткізуден түскен түсім – 54176535 мың тг. Пайда – 4863933 мың тг.

Операциялық тұтқа әсерінің күші = $(54176535 - 40314844) : 4863933 = 2,84$.

Бұл сатудан түскен қаражатты, мысал үшін, 5%-ға арттыратын болсақ, табыс $5\% * 2,84 = 14,2\%$ -ға өседі; сатудан түскен қаражатты 6%-ға төмендететін болсақ, табыс $6\% * 2,84 = 17,04\%$ -ға төмендейді.

Шығындардың жалпы көлемінде тұрақты шығындардың үлесі неғұрлым көбірек болса, өндірістік тұтқа әсерінің де күші соғұрлым күштірек болады. Мұндай заңдылық сатудан түскен түсімнің өсуі жағдайында орын алады. Оның төмендеген жағдайында операциялық тұтқа әсерінің күші тұрақты шығын үлесіне тәуелсіз жылдамырақ өседі.

Операциялық тұтқа әсерінің күші айтарлықтай дәрежеде қорсыйымдылығының орташа салалық деңгейіне байланысты болады: негізгі құралдардың құны көбірек болған сайын тұрақты шығындар да көбірек болады. Тұрақты шығындар үлесінің артуы өндірістік тұтқа әсерінің күшін арттырады.

Айтылғаннан келесі қорытынды жасауға болады:

- өндірістік тұтқа әсерінің күші кәсіпорын активтерінің құрылымына, айналымнан тыс активтердің (негізгі құралдардың) үлесіне байланысты болады;
- ағымдағы шығындардың тұрақты шығындарының жоғары үлес салмағы мобильді басқаруды төмендетеді;
- өндірістік тұтқа әсерінің күші көбірек болған сайын кәсіпкерлік тәуекел де жоғары болады.

Рентабельділік шегін анықтап алмай, ағымдағы шығындарды тиімді басқару мүмкін емес. Рентабельділік шегі – кәсіпорынның шығыны болмай, әлі де табыс көрмеуі барысындағы сатудан түскен қаражаттар. Жалпы маржа тұрақты шығындарды жабуға толық жетеді де, табыс нөлге теңеледі.

Рентабельділік шегі арқылы шығындардың орнын толтыру кезеңі анықталады. Рентабельділік шегі төменірек болған сайын шығындардың орны да тезірек толады және керісінше рентабельділіктің жоғары шегі шығындардың орнын толтыруды бәсеңдетеді.

$$\text{Рентабельділік шегі} = \text{Тұрақты шығындар} / \text{Жалпы маржа} \\ (\text{сатудан түскен қаражатқа салыстырмалы түрде})$$

Рентабельділік шегі $5212156 : 0,26 = 20046753,8$ мың теңгені құрайды.

Рентабельділік шегінің сатудың көрсетілген бағасы барысында өндірілетін тауарлардың қандай мөлшеріне сәйкес келетіндігін анықтағаннан кейін өндіріс көлемінің шектік мәнін аламыз. Рентабельділіктің бұл шегінен өткен соң, фирманың әрбір кезекті тауар бірлігіне қосымша жалпы маржа сомасы болады, бұдан, әрине, табыс салмағы да өседі.

Егер сатудан түскен қаражат рентабельділік шегінен төмен түскен жағдайда кәсіпорынның қаржылық жағдайы нашарлайды, өтімді қаражаттардың тапшылығы қалыптасады.

Қол жеткізілген нақты сатудан түскен қаражат пен рентабельділік шегі арасындағы айырмашылық кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының босалқы қорын құрайды.

$$\text{Қаржылық тұрақтылық босалқы қоры} = \text{Сатудан түскен} \\ \text{қаражат} - \text{Рентабельділік шегі}$$

Қаржылық тұрақтылық қоры = $54176535 - 20046753,8 = 34129781,2$ мың теңге.

Есептеулерден көрініп тұрғандай, қаржылық тұрақтылық қоры 34129781,2 мың теңгені құрайды, бұл сатудан түскен қаражаттың шамамен 62,9%-ына сәйкес. Демек, кәсіпорын сатудан түскен қаражаттың 62,9%-дық төмендеуін өзінің қаржылық жағдайына күрделі қауіп төндірместен, көтере алады [23].

Сөйтіп, ағымдағы шығындарды басқару стратегиясы:

- өнімнің белгілі бір көлемін өндіруге қажет ағымдағы жиынтық шығындарды;
- тұрақты және ауыспалы шығындар арасындағы қолайлы қатынасты;
- қаржылық тұрақтылық босалқы қорын;
- кәсіпорынның ағымдағы шығындарының орнын толтыру мерзімдерін анықтауға тіреледі.

Қаржылық менеджер ағымдағы шығындарды қалыптастырудың түрлі нұсқаларын талдау негізінде өз кәсіпорны қызметінің нақты экономикалық жағдайларына сәйкес келетін нұсқасын таңдап алуына болады.

Шығындарды (өзіндік құнын) жоспарлау өндірістің тиімділігін сипаттайтын табыс пен рентабельділікті жоспарлау барысында бастапқы ақпаратты дайындау үшін жүргізіледі. Кәсіпорынның бөлімшелері арасындағы шаруашылық-есеп айырысу қатынастарын жүзеге асыру, дұрыс маркетингтік және баға саясатын өткізу, қаржылық саясат саласында қолайлы басқарушылық шешімдерді жасау мен қабылдау, өндірістік нақты жағдайындағы техникалық шығындардың қалыпты көлемін анықтау үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз ету.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Операциялық талдауды қалай түсіндіре аласыз?
2. Өзгермелі шығындарға не жатады?
3. Тұрақты шығындарға не жатады?
4. Шығындарды сыныптау не үшін қажет?
5. Операциялық тұтқа әсерінің күшін анықтау формуласы.
6. Рентабельділік шегін анықтау формуласы.
7. Қаржылық тұрақтылық босалқы қорын анықтау барысында қандай тұжырым жасауға болады?

6. ТАБЫСТАРДЫ БӨЛУ: ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ПЕН ФИРМАНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫН РЕТТЕУ

6.1. Кәсіпорынның пайдасын (табысын) жоспарлау әдістері

Пайданы жоспарлау – қаржылық жоспарлаудың құрамдас бөлігі және кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жұмысының маңызды бөлігі. Пайданы кәсіпорын қызметінің барлық түрлері бойынша бөлек жоспарлайды. Пайда бойынша жоспарды жасау процесінде мүмкін болатын қаржылық нәтижелердің мөлшеріне әсер ететін факторларды ғана есепке алмай, сонымен қатар жасалған бағдарламалардың нұсқаларын қарастырып, соның ішіндегі максималды пайданы қамтамасыз ететін бағдарламаны таңдау да маңызды.

Жоспарлаудың объектісі – баланстық пайданың жоспарланатын элементтері, ең алдымен өнімді өткізуден түскен пайда, жасалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер. Есептеу үшін тұтынушылардың тапсырыстары және шаруашылық келісімшарттары бойынша жасалған бағдарламалардың көлемі негіз болады [17].

Кәсіпорынның пайда мөлшерін дұрыс анықтаудан ақша ресурстарының қамтамасыз етілуі тәуелді болады. Пайданың қалыптасуы көрсеткіштер мен қызметтің әр түрлерінің есебіне тәуелді болады. Оның негізгілері: өндіріс көлемінің өзгеру есебі, ассортименттің өзгеру есебі, шығындар есебі, материалдарға баға есебі, шикізат отын, дайын өнім және т.б.

Ұйымның пайдасын жоспарлауға келесілер жатады:

- пайданың мөлшерін қалыптастыруды жоспарлау;
- түскен пайданы пайдалануды жоспарлау.

Кәсіпорынның пайда мөлшерін жоспарлау кезінде тек қана жалпы жағдайлар емес, сонымен қатар қызметтің нақты ерекше-

ліктері, меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, өз-ара есеп айырысу шарттары және т.б. есепке алынуы қажет. Пайда мөлшерін түзететін әртүрлі коэффициенттер қолданылуы мүмкін:

- салынған капиталдың рентабельділік пайызын болжау;
- пайдалылық коэффициенті;
- рентабельділік коэффициенті.

Осы коэффициенттер ұйым қызметі пайдалылығының (залалдығы) сын (критикалық) нүктелерімен байланысты.

Пайда мөлшерін жоспарлағанда: өндірістің технологиялық кұрулар жүйесін, өтім немесе жабдықтау жүйесін, өндірістің бюджетін дұрыс кұруды, шаруашылықтың сыртқы шарттарын, нарықтағы орнын және т.б. білу маңызды [1].

Ұйымның (кәсіпорынның) пайдасын жоспарлаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

1. Есептеудің тікелей әдісі.
2. Талдау әдісі:
 - базалық рентабельділік деңгейі бойынша;
 - 1 теңгеге шаққандағы өндіріліп өткізілген өнімнің шығындары деңгейі бойынша.
3. Кешенді әдіс – бірінші және екінші әдістерінің жиынтығы.
4. Нормативті әдіс (бюджеттеу жүйесін енгізу үшін негіз болып табылады).
5. Факторлық әдіс факторлардың жиынтығына байланысты пайданың факторлық талдауында негізделген. Факторлар жиынтығы: шығарылған өнімнің (жұмыстар, қызметтер) ассортименті, өнімді (жұмыстар, қызметтер) өндіріп өткізу ырғақтылығы, өнім сапасы және т.б.
6. Экономика-математикалық әдіс.

Есептеудің тікелей әдісі. Бұл әдістің көмегімен барлық ассортимент бойынша пайданы есептеу өндірілген және өткізілген өнімнің (жұмыстар, қызметтер) әр түрі бойынша жеке есептелінеді.

Есептеудің қағидасына мынадай көрсеткіштер кіреді:

- *сату көлемі (өткізу көлемі)* – өткізу барасында өндірілген және өткізілген өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемін сату санына көбейту;

- *ұсталымдар (шығындар)* – өндірілген және өткізілген өнімінің бір данасының толық өзіндік құнын олардың санына көбейту.

Осы екі көрсеткіштің айырмасы өндіріліп өткізілген өнімнен түскен пайда (залал) болып табылады. Мұндай әдіс кәсіпорынның өнімі аз мөлшерде шығарылып өткізілген болса қолданылады және шаруашылықтың сыртқы ортасының өзгеруімен байланысты түзетулерді талап етеді.

Талдау әдісі. Осы әдіс бойынша пайданы есептеудің негізгі қағидасы бұл болашақтағы шығындар немесе рентабельділік деңгейін талдау негізінде жүргізіледі. Есептеулерде жоспарлы, есеп беру, анықталған мәліметтер қолданылады.

1. *Өндірілген және өткізілген өнімнің (жұмыстар, қызметтер) базалық рентабельділігі бойынша пайданы жоспарлау* келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- есептік кезеңдегі белгілі бір өзгерістерге түзетілген нақты есеп берулерге сүйене отырып, базалық пайданы есептеу;
- ағымдағы жылда өндіріліп өткізілген өнімнің базалық рентабельділік пайызы анықталады. Ол түзетулерді ескере отырып, пайданың өзіндік құнға немесе пайданың өткізу (сату) көлеміне қатынасы ретінде анықталады;
- жоспарлы жылға өндіріліп өткізілген өнімнің жоспарлы көлемі ақшалай түрде есептеледі;
- көлемді рентабельділіктің базалық пайызына көбейту арқылы өткізуден түскен пайда есептеледі;
- алынған пайда мөлшерін есептеудің тікелей әдісін қолдану арқылы өндірілген және өткізілген өнімнің есептелінген пайда сомасына түзетеді.

Мұндай әдіс тек қана өнім (жұмыстар, қызметтер) салыстырмалы болса ғана қолданылады, яғни егер өнім алдыңғы жылы шығарылған болса.

2. *Өндіріліп өткізілген өнімді (жұмыстар, қызметтер) I теңгеге шаққандағы шығындар деңгейі бойынша пайданы жоспарлау* базалық рентабельділік бойынша есептеулеріне ұқсас анықталады. Бірақ базалық рентабельділік көрсеткіштің орнына базалық шығындар көрсеткіші қолданылады.

Пайданың жоспарлы сомасы болашақта төменде көрсетілген факторлардың әсер ету өзгерісімен байланысты түзетіледі:

- ассортименттегі өзгерістер;
- сапаның өзгеруі;
- бағалардың өзгеруі.

Біріктірілген (кешенді) әдіс. Егер кәсіпорында салыстырмалы өнім (жұмыстар, қызметтер) шығарылатын болса, онда пайданы есептеудің талдау әдісі қолданылады. Ал егер де салыстырмалы өнім (жұмыстар, қызметтер) шығарылатын болса, онда есептеудің тікелей әдісі қолданылады. Талдау әдісі тексеру немесе салыстыру үшін пайдаланылады.

Нормативті әдіс (бюджеттеу әдісі). Бұл әдіс ұйым жауапкершілігінің орталығы бойынша белгілі бір өнім түріне (тікелей және жанама шығындар), отын, материалдар, жалақы шығындарына норма және нормативті бекітуге мүмкін болғанда қолданылады. Жауапкершілік орталығының кәсіпорын ресурстарын қолдану бойынша нақты тапсырыстар бекітілген кезде ғана пайда есептеудің тікелей әдісі арқылы анықталады. Бұл әдіс есептеудің тікелей әдісі мен норма және нормативтердің бекітілуімен бірігуін көрсетеді (айналым қаражаттарын нормалауды, айналым капиталы тақырыбын қараңыз).

Факторлы әдіс пайда мөлшерін жоспарлаудың төмендегідей кезеңдерін өзіне қосады:

- есепті кезеңдегі базалық көрсеткіштерді анықтау – жиынтық пайда, өнімді (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен пайда, кірістер мен шығыстар, өнімнің өзіндік құны, өзіндік күн элементтерінің құрылымдық мөлшері және т.б.;
- ұйымның шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерін анықтау – өнімді өндіру және өткізу көлемінің өсуі, өзіндік құнның түсуі, табыстар мен шығыстардың өзгеруі және т.б.;
- инфляция индексін анықтау – өнімді өндіру және өткізу бағалары, қолданылатын материалды ресурстарға бағалары, қолданылатын еңбек ресурстарына бағалары;
- басқа өзгерістер бойынша индекстерді анықтау, соның ішінде: амортизациялық аударымдар, басқа да шығындар.

Есептеулердің негізгі қағидасының мағынасы мынада болып табылады: пайданың негізгі сомасы пайданы жоспарлаудың әртүрлі әдісімен анықталады, содан кейін инфляциялық күтілім және т.б. өзгерістеріне байланысты түзетулер жасалады.

Экономика-математикалық әдіс. Бұл әдіс тек қана есептік ақпараттық базаны, есептеуіш техниканы және компьютерлік бағдарламаларды қолдану мүмкіндігі бар ірі және одан да ірі ұйымдарда (кәсіпорындарда) қолданылады.

Жоспарлы пайданың көрсеткіштері мынадай есептеулерде қолданылады: қызметтің критикалық нүктелерінде, залалсыздық нүктелерінде, қаржылық беріктігі мен дербестігінде, ұйымның (кәсіпорынның) дербестігінің дамуында және т.б.

Пайданы басқару процесі өзіне ұйым (кәсіпорын) пайдасының динамикасын және массасын реттеуді, стратегиялық және тактикалық тапсырыстар бойынша залалсыздық қызметін үлгілеуді қосады.

Пайданы бөлуді жоспарлау кәсіпорын дамуы және меншік иесінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін маңызды мағынаға ие.

Жиынтық пайданы бөлу ұйым түсімін қолданудың құрылымдық бөлігі болып табылады. Берілген бөлу пайданы салықтық реттеу жүйесімен тығыз байланысты. Жиынтық пайда салық салу мақсатымен түзетіледі және есептеулер бойынша жеңілдіктер қолдануды, пайда бойынша салықты төлеуді алдын ала анықтайды.

Корпорация пайда алу үшін мынадай жоспарлар қолданды:

1. Бағаны шексіз көтеріп, тауарларға сұранысты төмендетіп, бағаны төмендетуге мәжбүр еткенше сатып, қысқа мерзімде барынша жоғары пайда табады.

2. Осы нарықтан жаңа тауарлар шығуының арқасында бәсекелестер пайда болу мүмкіндігін мойындау. Бұл жағдайда жаңа тауарға жоғары старттық баға белгіленеді және осымен қатар бұрынғы тауардан түсетін монополдық пайда инновациялық процестің тікелей қозғаушысы болып табылады.

3. Потенциалдық бәсекелестердің пайда болуын тежеу мақсатымен қысқа мерзімді пайданы барынша жоғарылатуға жетімсіз болатын саналы түрде орынды баға белгілеу.

4. Саналы түрде елеулі шығындар жұмсап (бұлар пайданы есептегенде өндірістік шығындарға жатқызылады) жабдық монополияны бұзуға шаралар қолдану. Бұл бәсекелес фирмалардың балама өндіріс шығындарынан артатын таза пайда әкеледі. Кейбір экономистер монополдық пайданың осы түрін рента деп атайды.


5. Бағалық дискриминация қолдану – өнімнің өзінің әр бірлігіне (данасына) әр түрлі баға белгілеу. Бұл тек потенциалдық тұтынушыларды, олардың сұранысының икемділігіне байланысты бөлу мүмкіндігіне негізделеді, шығындардың ешқандай айырмашылықтарымен дәлелденбейді.

6. Бастапқы шикізатқа төмен баға қою арқылы, сондай-ақ жұмысшы күшінің құны төмен бағаланатын басқа елдерде өндіріс ашу арқылы монополдық пайданы монополиядан тыс өндіру.

6.2. Кәсіпорынның табысын бөлу

Корпорация табысын бөлу. *Таза пайда* – болашақта кәсіпорын дамуының және кәсіпорын иесі кірістерінің қайнар көзі болып табылатын салық төленгеннен кейінгі пайда. Кәсіпорын табыстарынан Салықтық кодексiне сәйкес бюджетке төлемдер жүргізіледі. Кәсіпорынның жалпы табысы оның ағымды кезеңдегі негізгі, қаржылық, инвестициялық қызметтерден, төтенше жағдайлардан алған табыстарының жиынтығынан қалыптасады. 1-суретте кәсіпорынның жалпы табысының қалыптасу үлгісі берілген.

Пайдаға (табысқа) салынатын салық – салық салынуға жататын жиынтық пайда (табыс) бөлігінің сомасы. Салық салудың объектісі – заңдылық жайларына сәйкес азайтылған немесе көбейтілген кәсіпорынның жиынтық пайдасы (табысы) болып табылады. **Табысқа салынатын салық** түзетілген жылдық жиынтық табыспен табысқа салынатын салық түзетулері есепке алынған салықтық кодекспен көзделген шегерулер арасындағы айырмашылықпен анықталады.



1-сурет. Кәсіпорын пайдасын үлестіру және қалыптастыру

*Дерек көзі: Мейірбеков А.Қ. Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2003. – 117 б. [12]

Қазақстан ғалымы В.Д. Мельниковтің жұмысында кәсіпорынның және ұйымның қаржылық қорлары туралы сұрақтары қолайлы шешілген.

Кәсіпорынның және ұйымның қаржылық тәжірибесінде кәсіпорын қызметінің өндірістік, шаруашылық және әлеуметтік мақсаттары мен тапсырыстарға, жалпы жеке салада және ұлттық шаруашылыққа байланысты әртүрлі қорлар қолданылды.

Қаржылық қорларда толық және бөлшек түрінде кәсіпорын мен ұйымның мүлік қозғалысы көрініс табады. Бұл ақпараттар өндірістік, қаржылық-шаруашылық, әлеуметтік қызметті басқаруда қолданылады. Жеке қорлардың қозғалысы көлемді, тағайындауды, қолдану шамаларын, қаражаттар қалдығын анықтауды көрсетеді. Сондықтан кейбір қорлар бір уақытта жоспарлануға белгіленген кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштері болып табылады, сонымен қатар нақты қол жеткен кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштері немесе көрсеткіштерді есептеу үшін негізгі ақпараттар болып табылады. Мысалы, белгілі бір кезеңге тұтыну қорының шығыстарының көлемі. Бұл мөлшер кәсіпорындағы бір қызметкер үшін есептеуінде оның материалды және әлеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандыру деңгейін көрсетеді.

Кәсіпорынның және ұйымның жұмыс жасауы үшін мағыналы және маңызды қорлары мыналар болып табылады: жарғылық, резервтік, қорлану қоры, тұтыну қоры, еңбекақы төлеу қоры, валюталық, жөндеу.

Кәсіпорынның иелігінде қалатын пайда негізінде, яғни салықты және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін кәсіпорындар кешенді қорларын қалыптастырады. Олар – тұтыну қоры, қорлану қоры [5].

Таза пайданы (кәсіпорынның иелігінде қалған табысты) бөлу келесі схема бойынша жүреді:

$$\text{Таза пайда} = \text{Резервтік қор} + \text{Қорлану қоры} + \text{Тұтыну қоры}$$

Серіктестіктің таза пайдасын бөлу келесі схемада көрсетілген:

$$\text{Таза пайда} = \text{Резервтік қор} + \text{Қорлану қоры} + \text{Тұтыну қоры} + \text{Құрылтайшылар арасында бөлінетін пайда}$$

Қорлану және тұтыну қорлары – арнайы тағайындау қорлары. Олар құрылтайшылар құжаттарымен көзделсе ғана құрылады.

Тұтыну қоры мына бағыттарда жұмсалады:

- барлық персоналдың (өндірістік және өндірістік емес) еңбекақысын төлеу шығыстары;

- ақшалай төлемдер, сонымен қатар бір жыл жұмыс нәтижесі бойынша сыйақылар;
- еңбек үшін басқа да ақшалай немесе табиғи нысанда қолдау түрлеріне бағытталған қаражаттар;
- материалды көмек;
- бекітілген еңбек және әлеуметтік жеңілдіктер бойынша қаражаттар;
- акция және кәсіпорын мүлкіне салынған жұмысшылардың салымы бойынша төленетін табыстар (дивидендтер, пайыздар);
- рационализаторлық ұсыныстар, шығармалар және жаңалықтар үшін сыйақылардан басқа жеке сипаты бар төлемдер [11].

Тұтыну қоры шаруашылық субъект қаражаттарының әлеуметтік даму (капитал салымынан басқа) және коллективті материалды қолдау үшін резервтер қайнар көзі болып табылады.

Осылайша, тұтыну қоры еңбекақы төлемдеріне (жұмысты, қызметті және өнімді өткізуден түскен түсімнен) бағытталған, сонымен қатар қызметкерлерді материалды қолдау және әртүрлі әлеуметтік төлемдер үшін кәсіпорынның басқаруында қалатын таза табыс бөліктерінің қаражаттар есебінде пайда болады. Қызметкерлердің жеке тұтынуы үшін қордағы қаражаттар жұмсалынады.

Қорлану қоры төмендегілер есебінде қалыптасады:

- кәсіпорын иелігінде қалатын табыс (пайда);
- негізгі қорларды қалпына келтіру үшін амортизациялық аударымдар;
- есептен шығарылған мүлікті өткізуден түскен түсім;
- банк кредиттері;
- басқа да қайнар көздері.

Кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландыру үшін қорлану қоры келесі мақсаттарға пайдаланылады:

- негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін;
- ғылыми-техникалық даму, жаңа өнімді игеру үшін;
- өндірістік инфрақұрылымның құрылыстық объектілерінде өз бөлігімен қатысу (автомобильдік жолдардың, есеп-

теуіш орталықтардың, жөндейтін, энергетикалық, құрылыстардың және т.б. өндірістердің);

- құрылыс және әлеуметтік инфрақұрылымның құрылыстық объектілерінде өз үлесімен қатысу (кісі тұратын үйлердің, клубтардың, демалыс үйлерінің, пансионаттарының, шипажайлардың, емханалардың, ауруханалардың, балалар мекемелерінің, спорттық объектілердің және салулардың қолғабысшы ауылшаруашылық өндірістерінің) [11].

Қорлану қоры шаруашылықпен айналысатын субъект қаражаттарының, пайда шоғырлаушы қайнары, сонымен қатар жаңа мүлікті жасау үшін, негізгі қорларды және сырт қаражаттарын алу үшін қайнар көзі болып табылады. Қорлану қоры шаруашылықпен айналысатын субъектінің мүліктік жағдайының, өз меншігіндегі қаражаттардың өсуін көрсетеді. Сонымен қатар шаруашылықпен айналысатын субъектінің жаңа мүлікті шығару және саытып алу бойынша операциялары қорлану қорына ықпал етпейді.

Қорлану қоры мынадай жағдайларда төмендеуі мүмкін:

1. Бекітілген тәртіп бойынша жаңа мүліктің бастапқы құнына қосылмайтын бұл мүлікті шығарумен байланысты шығындарды шығарып тастау.
2. Оны заңды тұлғалар – құрылтайшылар арасында бөлу.
3. Шаруашылықпен айналысатын субъектінің бір жыл жұмыс нәтижесінде болған залалын өтеу.

Ірі кәсіпорындар мен ұйымдар тұтыну және қорлану қорларды кешенді қалыптастырудың және қолданудың орнына бөлек, қорларға қайнар көзі мен шығыстар мазмұнына сәйкес қолдануы мүмкін: жалақы, еңбекақы төлемі, өндірістік даму, әлеуметтік даму.

Кәсіпорын ұжымының шешімі бойынша **қаржылық резерв** (қаржылық қор, тәуекел қоры, сақтандыру қоры) қалыптастырылуы мүмкін. Оның қызметі – қаржылық-шаруашылық жағдайының уақытша нашарлауымен байланысты кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар өндірісте және өнім өткізу процесінде пайда болатын қосымша (күтілмеген) шығындарды компенсациялау. Тұтыну және қорлану қорлары (осы мақсаттар үшін олар жеткілікті жағдайда болған кезде) басқа қорларға жібермегенге дейінгі кәсіпорынның бас-

қаруында қалатын пайда мен табыстар есебінде пайда болады. Кейбір жағдайларда қордың мөлшері шектеледі, мысалы, оның қаражаттары жарғылық қор (біріккен кәсіпорындарында) мөлшерінің 25%-ынан аспауы қажет.

Қаржылық резерв нормативтер бойынша кәсіпорынның қаржылық жоспарын өндірген және бекіткен кезде пайдадан немесе табыстан пайда болады. Қаржылық резервтің қаражаттары өндірістік және әлеуметтік даму бойынша қосымша шығындар үшін, жаңа техниканы өндіру және игеру үшін, меншікті айналым қаражаттарының жетіспеушілігін толықтыру және өсу үшін қолданылады [11].

Шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметі тоқтаған жағдайында кредиторлық борышты жабу үшін **резервтік қорды** пайдаланады. Ол акционерлік қоғам, кооперативтер, шетел инвестициялары бар кәсіпорындар үшін міндетті болып табылады. Акционерлік қоғамдар резервтік қорға эмиссиялық табысты да, яғни акцияның сату және номиналды құнының арасындағы айырмашылық сомасын қосады. Бұл сома акцияның өткізу құны номиналды құнынан төмен болған жағдайдан басқа, қандай да бір қолданысқа немесе бөлуге жатпайды. Акционерлік қоғамның резервтік қоры таза пайда жетіспеген жағдайда артықшылығы бар акциялар бойынша, дивидендтер мен облигациялар бойынша пайызды төлеу үшін қолданылады. *Резервті қорға аударымдар және т.б. осыған ұқсас қорлар құрылтайшы құжаттарымен бекітілген мөлшеріне дейін өндіріледі, бірақ жарғылық қордың 25%-ынан аспауы, ал акционерлік қоғам үшін 10%-дан төмен болмауы қажет. Сонымен қатар көрсетілген қорларға аударым сомасы салық салынатын табыстың 50%-ынан аспауы керек.*

6.3. Бөлу нормасы. Кәсіпорынның дивидендтік саясаты

Акцияға базалық табыс төмендегі формула бойынша есептеледі:

Акцияға базалық табыс = ұйымның жай акциялар иелеріне тиісті таза табыс немесе кезеңдегі шығын / кезеңдегі айналыста жүрген жай акциялардың орташа салмақталған мөлшері

Кезеңдегі табысты немесе шығысты анықтау барлық пайда және шығынның баптарын қосады, соның есебінде Халықаралық Бухгалтерлік Есеп Стандарттармен «ұсынылған қаржылық есептілігімен» сәйкес салық төлеу бойынша шығындар. Кезеңдегі таза табысты немесе шығыстарын есептеу – жай акциялар иелеріне келетін таза табыс сомасы, иелеріне тиісті артықшылықты акциялар, сонымен қоса кезеңдегі дивидендтер осы акциялар бойынша кезеңдегі таза табыстан есептелінеді (немесе кезеңдегі таза шығысқа қосылады).

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер сомасы кезеңдегі таза табыстан есептелінеді:

- есептік кезеңде жарияланған кумулятивті емес артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кез келген сомасына;
- дивидендтер жарияланымы белгісіз екендігіне қарамастан кезеңдегі бекітілген мөлшерде кумулятивті артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің толық сомасына тең болады.

Ағымдағы кезеңнің аралығында жарияланған немесе төленген, алдыңғы кезеңдегі кумулятивті артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кез келген сомасын кезеңдегі дивидендтер сомасына қоспайды.

Мысалы, 2014 жылы «Қуаныш» АҚ-ның таза табысы 100 000 000 теңгені құрады, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер 40 000 000 теңге мөлшерінде есептелінді, онда есептік кезең үшін жай акциялар бойынша бөлу үшін таза табыс $100\ 000\ 000 - 40\ 000\ 000 = 60\ 000\ 000$ теңгені құрайды.

Акцияларға базалық табыстарды есептеу үшін ағымдық кезеңдегі айналыстағы жай акциялардың орташа салмақтық мөлшерін есептеу қажет.

Ағымдағы кезеңде айналыстағы жай акциялардың орташа салмақтық мөлшері, әр уақыт мезетіндегі айналыстағы акциялардың көп немесе аз мөлшеріне байланысты ағымдық уақытта акционер капиталдарының мөлшері өзгеруі мүмкін. Бұл көрсеткіш өлшенген уақытша коэффициентіне көбейтілген кезең басындағы айналымының жай акциялардың мөлшеріне, ағымдық кезеңде шығарылған немесе сатып алынған жай ак-

циялардың мөлшерін түзетулерге тең болады. Өлшенген уақытша коэффициент акциялардың айналым ағымында болатын күндер санының бөлінуінен жеке, есептік кезеңдегі жалпы күндер санымен анықталады; көптеген жағдайларда орташа салмақталған көрсеткіштердің жуықтап есептесу негіздерінің саны жеткілікті болғанда жіберіледі.

Мысалы, 2014 жылы 1 ақпандағы жағдайы бойынша «Қуаныш» АҚ 500 шығарылған жай акциясы, 200 артықшылықты акциясы болды. 15 наурыз 2014 жылы ұйым қосымша 200 артықшылықты акция шығарды, оның ішінде 180-ін сол күні акционерлер сатып алды. 20 маусым 2014 жылы ұйым акционерлерден 25 жай акцияны сатып алды. 10 желтоқсан 2014 жылы ұйым акционерлерге 35 акция сатты.

Күні	Айналыс-тағы акциялар мөлшері	Жай акцияларды айналысқа шығарған (сатып алынған)	Келесі айналысқа дейінгі сатылған, сатып алынған күндер саны	Келесі айналысқа дейінгі сатылған, сатып алынған күндер саны*. Айналыстағы акциялар мөлшері
1 қаңтар 2014 жыл	500		74	37 000
15 наурыз 2014 жыл	680	180	97	65 960
20 маусым 2014 жыл	655	(25)	173	113 315
10 желтоқсан 2014 жыл	690	35	21	14 490
31 желтоқсан 2014 жыл	690	-		
Барлығы			365	230 765

2014 жыл ағымы айналысындағы жай акциялардың орташа салмақталған мөлшері $230765 / 365 = 632$ акцияны құрайды. №1 мысалындағы мәліметтерді есептеумен акцияларға базалық табыс $60000000 / 632 = 94\,936$ теңге акцияға құрайды.

Барлық есептелген акциялар табысының негіздемесі кезең үшін айналыстағы жай акциялардың орташа салмақталған мөлшері табылады. Кезең ағымында алынған немесе шығарылған акциялар айналыстағы акцияларға әсер етеді және олардың айналымынан кезеңде үлесі орталануы қажет.

Айналыстағы жай акциялардың орташа салмақталған мөлшерін есептеуде екі негізгі ереже бар.

1-ереже. Акциялардағы табыстарды есептеу үшін есептік кезеңдегі әрбір күнтізбелік айдың алғашқы күніндегі акционерлердің реестрдегі анықтамаларымен байланысты, ағымдағы кезеңде айналыста жүрген жай акциялардың орташа салмақталған мөлшерінің көрсеткіші қолданылады. Берілген ереже есептік кезеңде акционерлердің қанша мөлшері дивиденд алуға заңды құқығы бар екендігін есептеу қажеттілігіне негізделінеді.

Орташа салмақталған акциялардың мөлшері ұйымның сол немесе басқа мөлшерде айналысқа шығарған жай акциялары бар, ағымдағы күндер мөлшері бойынша өлшенген кезең басындағы акциялардың орташа мөлшеріне тең. Орташа салмақталған анықтаманың мәні кезең ішіндегі есептік кезеңнің басынан соңы бойынша есептелінеді. Ағымдағы кезеңде айналыстағы жай акциялардың мөлшеріне қосымша шығарылымдар, сатып алынған немесе құрылымдау акциялары әсер етеді.

2-ереже. Орташа салмақталған акциялардың мөлшерін есептеуде қосылатын барлық акциялар бірдей бағалық шарттарында айналу ұйғарылады.

Акциялар айналыста орташа салмақталған акциялар мөлшерінің есепке дебиторлық қарыз пайда болған мезетінен бастап оларды қайтарылуы бойынша қосылады. Сол уақытта акцияларды шығаруға қатысты кез келген келісімшарттардың мазмұнын есептеу қажет:

Жағдай	Есепке қосу
1	2
Ақша қаражаттарымен төленетін жай акциялар	Дебиторлық қарыздарының пайда болу мезетінен оларды төлеуі бойынша
Акциялармен төленетін дивидендтер	Дивидендтерді реинвестициялау күнінен бастап
Жай акцияларға қарыздық құралдарды конвертациялау	Пайыздарды аударуды тоқтатқан күнінен бастап
Пайыздарды төлеу немесе басқа қаржы құралдарының негізгі сомаларын жабу есебінен шығарылған жай акциялар	Пайыздарды аударуды тоқтатқан күнінен бастап
Міндеттерді орындау есебінен орналастырылған жай акциялар	Міндеттерді орындау күнінен бастап

1	2
Ақшалай емес активтерді алған кезінде төлеу есебінен шығарылған жай акциялар	Активтерді иеленген күндерінен бастап
Қызмет көрсету есебінен шығарылған жай акциялар	Көрсетілген қызмет белгілерінің фактілері бойынша

Ағым кезеңінде айналыста жүрген орташа салмақталған акциялар мөлшері бойынша мәліметтер келесі жағдайларда түзетіледі:

1. Ұйымдардың жай акцияларды орналастыру олардың төлемінсіз, акционерлер арасында табыстарды бөлуге әсер етпей, иелерге жай акциялар, толық жай акциялардың санының, оған жай акциялардың санына пропорционалды бөлінеді.

2. Қосымша акцияларды нарық құнынан төмен бағалары бойынша орналастыру.

Осы және де басқа жағдайларда жай акцияларды орташасалмақталған акциялардың мөлшеріне, ағым кезеңінің айналысындағы есепке, олардың шығарылумен байланысты нақты шарттармен анықталады. Артықшылықты болып табылатын, біріктірілген бизнес кезінде сатып алғаны үшін қайтарылу есебінде шығарылған, жай акцияларды иелену мезетінен бастап орташа салмақталған акциялар мөлшер есебіне қосылады [18].

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Табыстың мәні мен маңыздылығы.
2. Табыстың сыныптамасы.
3. Табыстың қалыптасу көздері.
4. Табысты жоспарлау әдістері.
5. Табысты бөлу ерекшеліктері.
6. Корпорацияда қалған таза пайданы бөлу шарттары.
7. Акцияға пайданы бөлу.

7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

7.1. Инвестициялардың экономикалық негіздері

Инвестициялар – бұл капитал салымдарына қарағанда кеңірек түсінік. Инвестицияларды қоржындық және нақты деп бөлу қалыптасқан.

Қоржындық (қаржылық) инвестициялар – акцияларға, облигацияларға, басқа да бағалы қағаздарға, басқа кәсіпорындардың активтеріне салынған салымдар.

Нақты инвестициялар – жаңа кәсіпорындар құруға, істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құруға және техникалық қайта жарақтандыруға салынған салымдар. Бұл жағдайда кәсіпорын инвестор болып табылады, қаражаттарын сала отырып ол өзінің өндірістік капиталын – негізгі өндірістік қорларын және олардың қызмет етуі үшін керекті айналым қаражаттарын ұлғайтады.

Қоржындық инвестицияларды іске асыру кезінде инвестор дивидендтер бағалы қағаздардан табыс ала отырып, өзінің қаржылық капиталын ұлғайтады.

Инвестициялар маңызды рөл атқарады. Фирмаларда олар ең алдымен келесі мақсаттарға жету үшін қажет:

- өндірісті кеңейту және дамыту;
- негізгі қорлардың шамадан тыс моральды және физикалық тозуын жібермеу;
- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- нақты кәсіпорын өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру;
- табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу;
- бағалы қағаздарды сатып алу және басқа кәсіпорындардың активтеріне қаражаттарды салу.

Инвестициялар кәсіпорынның болашақта дұрыс қызмет етуін қамтамасыз ету үшін, тұрақты қаржылық жағдай және пайданы максимизациялау үшін қажет.

Инвестициялау үдерісі мынадай маңызды факторларға байланысты: күтіліп отырған табыс мөлшері немесе болжанып отырған капитал салымдарының тиімділігі. Егер бұл тиімділік инвестордың ойы бойынша өте төмен болса, онда салым жүзеге асырылмайды.

Одан басқа инвестор шешім дайындау кезінде әрқашан капитал салымдарының альтернативті мүмкіндіктерін есепке алады және бұл жерде шешуші рөл пайыздық мөлшерлеме болып табылады. Инвестор қаражатын жана жобаға салуына да болады немесе өзінің ақшалай ресурстарын банкке орналастыруы мүмкін. Егер пайыз мөлшерлемесі күтіліп отырған табыс мөлшерінен жоғары болып шықса, онда инвестициялар жүзеге асырылмайды және керісінше, егер пайыз мөлшерлемесі күтіліп отырған табыс мөлшерлемесінен төмен болса, кәсіпкерлер капитал салымы жобаларын жүзеге асырады.

Инфляция инвестициялық қызметке әсер етеді, ол өз кезегінде экономикалық жағдайға байланысты, экономиканың тұрақты және өсуі кезінде ол төмендейді. Бұл кезде инфляция үдерісімен банктік несие мөлшерлемесі тығыз байланысты екенін ескерген жөн.

Инфляция жағдайында, әсіресе гиперинфляция кезінде несие үшін банктік пайыз өте жоғары болғанда, кәсіпорын үшін инвестиция тек мына жағдайда ғана тиімді болады, егер күтіліп отырған пайда мөлшерлемесі осы банктік пайыздан жоғары болғанда, бірақ мұндай жобаларды кәсіпорынға табу өте қиынға соғады. Осыдан мынадай түйін шығаруға болады, гиперинфляция инвестициялық қызмет жандануы үшін ең маңызды тежегіш болып табылады.

Барлық кәсіпорындар әртүрлі дәрежеде инвестициялық қызметпен байланысты. Инвестициялық жобалар бойынша шешім қабылдау әртүрлі факторлармен күрделенеді: инвестицияның түрі, инвестициялық жобаның құны, қол жетерлік жобалардың көптігі, инвестициялау үшін қажетті қаржылық ресурстардың шектілігі, сол немесе басқа да шешімдерді қабылдаумен байланысты тәуекел. Жалпы, барлық шешімдерді келесідей жіктеуге болады.

Кең таралған инвестициялық шешімдердің жіктелуі:

- *міндетті инвестициялар, яғни тек фирма өзінің қызметін жалғастыру үшін қажетті инвестициялар*: қоршаған ортаға зияндықты азайту бойынша шешімдер; еңбек ету жағдайын мемлекеттік нормаға дейін жақсарту;
- *шығындарды азайтуға бағытталған шешімдер*: қолданылатын технологияларды жетілдіру бойынша шешімдер; өнім, жұмыс, қызмет сапасын арттыру бойынша шешімдер; еңбекті ұйымдастыру және басқаруды жақсарту;
- *фирманы кеңейтуге және жаңартуға бағытталған шешімдер*: жаңа құрылысқа инвестициялар (занды тұлға статусына ие болатын объектілерді тұрғызу); фирманы кеңейтуге инвестициялар (жаңа алаңдарда объектілерді тұрғызу); фирманы қайта құруға инвестициялар (істегі алаңдарда жабдықтарды бөлшектеп ауыстыра отырып СМР тұрғызу); техникалық қайта жарактандыруға инвестициялар (жабдықтарды ауыстыру және модернизациялау (жедел жаңарту));
- *қаржылық активтерді сатып алу бойынша шешімдер*: стратегиялық альянстарды құруға бағытталған шешімдер (синдикаттар, консорциумдар және т.б.); фирманың жұтылуы бойынша шешімдер; негізгі капиталмен операция жүргізудегі күрделі қаржылық құралдарды пайдалану бойынша шешімдер;
- *жаңа нарықты және қызметтерді игеру бойынша шешімдер*;
- *НМА сатып алу бойынша шешімдер*.

Инвестициялық жобаны кез келген бағыт шеңберінде қабылдау жауапкершілігінің дәрежесі әртүрлі. Осылайша, егер қолда бар өндірістік қуаттарды орналастыру қажет болса, онда шешім жеткілікті түрде ауыртпалықсыз түрде қабылданады, өйткені кәсіпорын басшылығы өзіне қандай көлемде және қандай сипаттарда жаңа негізгі құралдардың қажеттілігін елестете алады. Тапсырма күрделенеді, егер негізгі қызметті кеңейтуге байланысты инвестициялар туралы жүретін болса, бұл жағдайда бірнеше жаңа факторларды ескеру керек: тауарлар нарығында фирманың орны өзгеруі мүмкін, қосымша материалдық, еңбектік

және қаржылық ресурстардың жеткіліктігі, жаңа нарықтарды игеру мүмкіндігі және т.б.

Жобаның шешім қабылдауға негіз болатын экономикалық жағын аналитикалық талдау жүргізудің тереңдігі де әртүрлі болуы керек. Одан басқа көптеген фирмаларда инвестициялық сипаттағы шешімдерді қабылдау құқығын дифференциациялау тәжірибесі қалыпты жағдай болып отыр, яғни оның шеңберінде кез келген басшы өз бетінше шешім қабылдауына болатын инвестицияның максималды мөлшері шектеледі.

Шешімдер альтернативті немесе бір-біріне тәуелді емес жобалардың бірнешеуі болған жағдайда қабылдануы керек. Бұл жағдайда қандай да бір критерийлерге негізделіп отырып, бір немесе бірнеше жобаларды таңдау қажет. Әлбетте, қандай да бір критерийлер бірнешеуі болуы мүмкін, ал қандай да бір жоба басқаларына қарағанда барлық критерийлер бойынша артықшылықты болу ықтималдығы, әдеттегідей, айтарлықтай аз.

Екі талданып жатқан жоба егер олардың біреуін қабылдау туралы шешім басқасын қабылдау туралы шешімге әсер етпесе, тәуелсіз деп аталады.

Талданып жатқан жобалар бір уақытта жүзеге асырыла алмайтын болса, альтернативті деп аталады, яғни олардың біреуін қабылдау автоматты түрде екінші жобадан бас тарту керектігін білдіреді.

Нарықтық экономика жағдайында инвестициялау үшін мүмкіндіктер айтарлықтай көп. Онымен бірге кез келген кәсіпорынның инвестициялауға жеткілікті қаржылық ресурстары шектеулі. Сондықтан инвестициялық қоржынды оптимизациялау мәселесі көтеріледі.

Тәуекел факторы айтарлықтай түрде бар. Инвестициялық қызмет әрқашан да деңгейі айтарлықтай өзгере алатын анықсыздық жағдайында жүргізіледі. Осылайша, жаңа негізгі қаражаттарды сатып алу кезінде бұл операцияның экономикалық тиімділігін ешқашан дәл алдын ала айтуға болмайды. Сондықтан шешім жиі интуитивтік негізде қабылданады.

Инвестициялық сипаттағы шешімдерді қабылдау басқа да кез келген басқарушылық қызметтегі сияқты әртүрлі ресми және бейресми әдістерді және критерийлерді пайдалануға негізде-

леді. Олардың үйлесімдік деңгейі әртүрлі жағдайлармен анықталады, оның ішінде менеджер кез келген нақты жағдайда қолданылатын қолда бар аппаратымен қаншалықты таныс. Отандық және шетелдік тәжірибеде ресми әдістердің бірнешеуі белгілі, олардың көмегімен есептесулер инвестициялық саясат облысында шешім қабылдауға негіз бола алады. Өмірдің барлық жағдайына қолайлы қандай да бір әмбебап әдіс жоқ. Сонда да басқару ғылым емес, ал жоғары деңгейде өнер болып табылатыны ықтимал. Десек те, ресми әдістермен алынған кейбір бағалаулар қолда бола тұра, соңғы шешімді қабылдау оңайырақ болады.

Инвестициялық шешімдерді қабылдау критерийлері:

- *жобаның нақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін критерийлер*: нормативті критерийлер (құқықтық), яғни ұлттық және халықаралық құқықтар нормалары, стандарттар, конвенциялар, патентке қабілеттілік талаптары және басқалар; ресурстық критерийлер (ғылыми-техникалық критерийлер; технологиялық критерийлер; өндірістік критерийлер; қаржылық ресурстардың көлемі және көздері);
- *жобаны жүзеге асырудың мақсаттылығын бағалауға мүмкіндік беретін мөлшерлік критерийлер*: жобаның ұзақ мерзімді келешегінің мақсатына іскерлік ортаның даму мақсатының сәйкес келуі; тәуекелдер және қаржылық салдарлар (инвестициялық шығындарға қосымшалар жүргізуде ме немесе күтіліп отырған өндіріс көлеміне, бағасы немесе сатылуына төмендету жүргізуде ме); жоба тұрақтылығының деңгейі; сценарийді жобалау ықтималдығы және іскерлік орта жағдайы;
- *жүзеге асырылуы мақсатты (қолайлылық критерийлері) жобалардың ішінен таңдауға мүмкіндік беретін мөлшерлік критерийлер (қаржылық-экономикалық)*: жобаның құны; таза ағымдағы құны; пайда; рентабельділік; пайданың ішкі нормасы; өтелу кезеңі; пайданың жоспарлау горизонтына (мерзіміне), іскерлік ортадағы өзгерістерге, мәліметтерді бағалаудағы қателерге сезімталдығы.

Жалпы, инвестициялық шешімді қабылдау көптеген әртүрлі біліктілігі бар және инвестицияға көзқарасы түрлі адамдардың

бірлескен жұмысын талап етеді. Десек те, соңғы сөз кейбір шарттарды ұстанатын қаржылық менеджерге қалады.

Инвестициялық шешімдерді қабылдау шарттары:

- ақшалай қаражаттарды өндіріске немесе бағалы қағаздарға инвестициялау, егер тек таза пайданы, ақшаны банкте сақтауға қарағанда көбірек табуға болатын жағдайда ғана маңызды болады;
- қаражаттарды инвестициялау, тек инвестиция рентабельділігі инфляцияның өсу қарқынынан жоғары болғанда ғана маңызды болады;
- инвестициялау, егер тек дисконттау ескерілген рентабельді жобаларға ғана маңызды болады.

Жобаны инвестициялау шешімі келесі критерийлерді қанағаттандырса қабылданады:

- жобаның арзандылығы;
- инфляциялық жоғалтулар тәуекелін минимизациялау;
- өтелу мерзімінің қысқалығы;
- іс-әрекеттердің үйлесімдігі және тұрақтылығы;
- дисконттауға дейінгі және кейінгі жоғары рентабельділік;
- одан табыстырақ альтернативалардың жоқтығы.

Тәжірибеде пайдасы көбірек және тәуекелдігі төменірек емес, фирманың стратегиясына бәрінен артық үйлесетін жобалар таңдалады.

7.2. Инвестициялардың тиімділігін талдау әдістері

Инвестициялар тиімділігін бағалаудағы әдістерді екі топқа бөлуге болады: динамикалық (уақыт факторын ескеретін) және статикалық (есептік).

Статикалық әдістің маңыздысы болып «өтелу мерзімі» танылады, ол жобаның өтімділігін көрсетеді. Статикалық әдістің кемшілігі – уақыт факторы есебінің болмауы.

Статикалық әдістерге төмендегілер жатады:

- инвестицияның өтелу мерзімі (Payback Period – PP);
- пайданың қарапайым мөлшер әдісі (Accounting Rate of Return – ARR).

Инвестицияның өтелу мерзімі (Payback Period – PP) – әлемдік тәжірибеде кең тараған әдіс, ақша түсімдерінің уақыттық кезектілігін ескермейді. Ол алғашқы шығындарды толық қайтаруға қажетті жылдар санын анықтайды, яғни табыстар ақша ағындары мен шығындар ақша ағындарының теңестірілген сәтін анықтайды. Өтелу мерзімі аз жобалар таңдалады. Өтелу мерзімін (PP) анықтау алгоритмі инвестициядан жоспарланған табыстарды бөлу теңдігіне байланысты.

Егер табыс жылдарға тең мөлшерде бөлінген болса, өтелу мерзімі бір жолғы шығындарды жылдық табысқа бөлу арқылы анықталады. Бөлгішті сан шықса, бүтін санға дейін айландырылады.

Табыс бірдей бөлінбесе, өтелу мерзімі жылдар санын тікелей есептеу арқылы жасалады. Инвестиция кумулятивтік табыспен өтеледі. PP формуласы:

$$PP = n,$$

мұнда

$$CF_t > IC,$$

CF_t – табыстардың таза ақша ағыны; IC – шығындардың ақша ағындары.

Пайданың қарапайым мөлшер әдісі (Accounting Rate of Return – ARR). Бұл әдісті қолдану барысында жобаның өмір сүру ұзақтығындағы орташа таза бухгалтерлік пайда орташа инвестициялармен (жобаға салынған негізгі және айналым қаражаттарына шығындар) салыстырылады.

Әдіс пайданың қарапайым бухгалтерлік бірдей мөлшері мен инвестициялардың әртүрлі көлемдеріне ие жобаның біреуінің артықшылығын анықтау мүмкіншілігін танытпайды.

$$ARR = \frac{P_b}{IC},$$

мұнда P_b – жобадан таза бухгалтерлік пайда; IC – инвестициялар.

Динамикалық әдістер дамыған елдердің ірі және орта кәсіпорындарының тәжірибесінде қолданылады. Олар уақыт факторын ескере отырып, инвестициялар тиімділігінің заманауи тәсілдерін көрсетеді. Ол тәсілді қолдану инфляцияның жоғары деңгейімен негізделеді.

Динамикалық тәсілдер көбінде дисконттық деп аталады. Олар инвестициялық жобаны жүзеге асырудағы ақша ағындарының бүгінгі мөлшерін анықтауда негізделеді.

Жобаны жүзеге асырудағы кезеңнің басы мен аяғындағы ақша қаражаттарының ағындары белгілі. Пайыздық мөлшерлеме (дисконт нормасы) түрінде жобаға салынатын қаражаттар құны анақталған болады. Мұндай баға ретінде: кәсіпорынның орташа немесе шекті құны; ұзақ мерзімді несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер; салымдар бойынша талапты табыстылық нормасы және т.б. қолданылады. Бағалау мөлшеріне маңызды әсер ететін инфляция мен тәуекел.

Динамикалық әдістерге:

- таза келтірілген құн (Net Present Value – NPV);
- таза терминалды құнды есептеу әдісі (Net Terminal Value – NTV);
- жоба рентабельділігінің индексі (Profitability Index – PI);
- инвестиция пайдасының ішкі нормасы (Internal Rate of Return – IRR);
- табыстылықтың модификацияланған ішкі нормасы (Modified Internal Rate of Return – MIRR) жатады.

Таза келтірілген құн (Net Present Value – NPV). Бұл әдіс ақша ағындарын дисконттау әдісіне жатады. Ол болжамды мерзім ағынында инвестициялық шығындарды (IC) және болашақта түсетін ақшалардың жалпы сомасын салыстыруда негізделген. Инвестор белгілеген дисконт нормасы (r -коэффициенті) бойынша инвестицияның өмір сүру кезеңіндегі ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарының бүгінгі мөлшерін анықтап бір-бірімен салыстыруға болады. Мұндай салыстырудың нәтижесі (ақша қаражаттарының таза кірісі немесе таза шығысы) оң немесе теріс мөлшері болады, ол дисконттың нормасы жобаны қанағаттандыратынын немесе қанағаттандырмайтындығын көрсетеді.

I_0 – жобаның басындағы инвестициялар сомасы немесе алғашқы шығындар сомасы, PV – жобаның өмір сүру ұзақтығындағы ақша ағынының бүгінгі құны.

Онда таза келтірілген құн: $NPV = PV - I_0$.

Дисконтталған табыстардың жалпы жинақталған құны (PV) мына формула бойынша есептеледі:

$$PV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t},$$

мұнда r – дисконт нормасы; n – жобаны жүзеге асырудағы кезеңдер саны; CF_t – t кезеңіндегі төлемдердің таза ағыны.

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0.$$

Егер $NPV > 0$, жоба алғашқы шығындардың орнын толтырып NPV мөлшерінде резерв құрады.

Егер $NPV < 0$, пайданың нормасы қамтамасыз етілмейді де, жоба залалды.

Егер $NPV = 0$, жоба тек шығындарды жабады, пайда жоқ. Бірақ жоба жүзеге асырылса, өндіріс көлемі өсіп, фирма масштабы кеңейеді (ол өз кезегінде оң үрдіс).

Жалпы ереже. $NPV > 0$, жоба қабылданады, болмаса одан бас тарту қажет.

Осы жобамен байланысты өндірістік және өндірістік емес сипаттағы түсімдердің барлық түрлерін жылдар кесіндісінде табысты жоспарлау барысында ескерген жөн. Жобаны жүзеге асыру кезеңінің соңында негізгі құралдардың жойылу құны түрінде немесе айналыстан босатылған айналым қаражаттары ретінде сәйкесті кезеңдер табыстары есебінен қаражаттардың түсімі жоспарланады.

Егер жоба бір жолдық инвестицияны емес, қаржы ресурстарының m – жылдар ұзақтығында кезекті инвестициялануын қарастыратын болса, NPV формуласы келесідей модификацияланады:

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - \sum_{j=1}^m \frac{IC_j}{(1+i)^j},$$

мұнда j – инфляцияның болжамды орташа деңгейі.

Жоғарыда аталғандарды ескере NPV-ді есептеу формуласы жалпы түрде:

$$NPV = \sum_{t=0}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t}.$$

Қолданыста бұл формула бойынша есептеу барысында дисконтталған бағалауға негізделген кестеленген күрделі пайыздар, дисконттау көбейтінділері және т.с.с. ұсынылған арнайы қаржылық кестелерді пайдалану есептеуді жеңілдетеді.

NPV көрсеткіші жобаны қабылдаған жағдайда фирманың экономикалық әлуетінің болжамды бағасының өзгерісін сипаттайды.

NPV көрсеткішін түрлі жоба бойынша есептеп, оңтайлы инвестициялық портфельді анықтау барысында қолдануға болады.

Тәжірибеде инвестицияның тиімділігін анықтаудан кейін олардың шарттарының өзгеруіне байланысты шыдамсыздығын (sensitivity analysis) талдайды.

Жобаның өтелу мерзімі мен керісінше NPV мөлшеріне r – дисконт мөлшері әсерін тигізеді. Сонымен қатар ақша ағындарының құрылымы да әсерін тигізеді. Ақша ағындарының кірісі көп болған сайын NPV соңғы нәтижесі де көп болады да сәйкесінше шығындар тез өтеледі.

NPV әдісін қолдану бірқатар шарттарды ұстануды талап етеді.

Инвестициялық жобаның ақша ағындарының көлемі жоспарлы кезең бойынша уақыт аралығына байланыспен бағалануы қажет. Ақша ағындары фирманың басқа өндірістік қызметінен бөлек онаша қарастырылуы керек, яғни осы жобаны жүзеге асырумен байланысты тек төлемдер мен түсімдерді сипаттау қажет.

NPV-ді есептеу барысында дисконттаудың тұрақты мөлшерлемесі қолданылады, бірақ жай-жапсарларды ескере (мысалы,

пайыздық мөлшерлеменің өзгерісі болса) дисконттық мөлшерлеме жылдар бойынша сараланады. Егер есептеу барысында түрлі мөлшерлемелер қолданылса, тұрақты мөлшерлеменен қолайлы болған жоба қолайсыз болуы мүмкін.

Басқарушы шешімді қабылдау барысында әртүрлі бастапқы шартты жобаларды талдауда абсолютті көрсеткіштерді (бастапқы инвестицияларды, экономикалық өмір сүру мерзімін және т.б.) қолдану түрлі қиындықтарды тудырады. Сондықтан NPV-дің абсолютті көрсеткішін қолданумен қатар салыстырмалы көрсеткіштер – рентабельділік индексі мен табыстылық нормасы қолданылады.

Таза терминалды құнды есептеу әдісі (Net Terminal Value – NTV). Бұл әдіс ақша ағынын жобаның басталу кезіне келтіру, яғни оның негізіне дисконттау операциясы салынған. Қарама-қарсы операциясын – өсіруді қолдануға болатыны айқын. Бұл жағдайда ақша ағынының элементтері жобаның аяқталу сәтіне келтіріледі.

Таза терминалды құнды есептеу формуласы:

$$NTV = \sum_{t=1}^n CF_t(1+r)^{n-t} - IC(1+r)^n.$$

Жобаны қабылдау шарттары:

Егер $NTV > 0$, жобаны қабылдаған жөн;

$NTV < 0$, жобадан бас тартқан дұрыс;

$NTV = 0$, жоба табыссыз, сонымен қатар залалсыз.

NPV және NTV критерийлері қарама-қарсы, бір-бірін қайталайды, яғни жобаны таңдау барысында оларды қолдану бірдей нәтиже береді.

Жобаның рентабельділік индексі (Profitability Index – PI) бастапқы шығындардың әр бірлігіне бүгінгі ақша ағынының қанша бірлігі келетінін көрсетеді. Бұл әдіс таза бүгінгі құнның салдары болып табылады. PI көрсеткішін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$PI = \frac{PV}{I_0}$$

немесе

$$PI = \sum_t \frac{CF_t}{(1+r)^t} / IC.$$

Егер $PI > 1$, онда ақша ағынының бүгінгі құны бастапқы инвестициялардан асып, NPV оң нәтижелі болады; рентабельділік нормасы белгіленгеннен жоғары болып, жобаны қабылдаған жөн.

Егер $PI < 1$, қолайлы рентабельдікті қамтымайды, жобадан бас тартқан жөн.

Егер $PI = 1$, жоба табыссыз, сонымен қатар залалсыз.

Сонымен, PI өлшемі салымның тиімділігін сипаттайды, дәл осы критерий инвестициялардың көлемін жоғарыдан шектеген жағдайда оңтайлы портфельді қалыптастыруға тәуелсіз жобаларды реттеу үшін қолайлы.

Кемшілігі – жоба масштабына сезімтал болғандығы. PI көрсеткіші жоғары жоба жоғары NPV көрсеткішіне ие жобамен тиімділігі сәйкес бола бермейді. Көбінде рентабельділік индексі NPV критерийіне қосымша ретінде қолданылады.

Инвестиция пайдасының ішкі нормасы (Internal Rate of Return – IRR).

Пайданың ішкі нормасы – кеңінен қолданылатын инвестиция тиімділігінің критерийі. Пайданың ішкі нормасы деп дисконттаудың r – мөлшерлемесін қарастырамыз, мұнда инвестициялық жобаның таза бүгінгі құны нөлге тең.

$$\begin{aligned} IRR &= r, \\ NPV &= f(r) = 0. \end{aligned}$$

IRR келесі формуладан анықталады:

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+IRR)^t} - I_0 = 0.$$

IRR жобамен байланысты болатын максималды шығыстар деңгейін көрсетеді. Мысалы, егер жоба толығымен коммер-

циялық банктің ссудасы арқылы қаржыландырылса, онда IRR банктік пайыздық мөлшерлеменің шекті өлшемін көрсетеді. Ол шектен асқан жағдайда жоба залалды болады.

$NPV = 0$, жобаның бүгінгі құны – PV , бастапқы инвестициялар мөлшеріне – I_0 тең, сәйкесінше олар өтеледі.

IRR жоғары болған сайын инвестиция тиімділігі де жоғары.

IRR мөлшерін берілген r – дисконт нормасымен салыстырады. Мұнда егер $IRR > r$ болса, онда $IRR - r$ болып, жоба оңды NPV мен табыстылық береді. Егер $IRR < r$ болса, онда шығын да табыстардан басым болып, жоба залалды болады.

Тәжірибеде фирмалар өз қызметін, сонымен қатар инвестициялық қызметін түрлі көздерден қаржыландырады. Өзінің экономикалық әлеуетін қолдап отыру үшін фирманың қызметіне авансталған қаржы ресурстарын пайдалануына байланысты төлемдер ретінде пайыздар, дивидендтер, сыйақылар және т.с.с. төлейді.

Осы шығындардың салыстырмалы деңгейін сипаттайтын көрсеткішті авансталған капитал құны – CC деп атауға болады. Авансталған капитал құны (CC) орташа салмақталған арифметикалық өлшем формуласымен анықталады. Ол фирмадағы салынған капиталдың минималды қайтарымдылығын көрсетеді. Экономикалық мағынасы фирма ағымдағы CC көрсеткішінен төмен емес деңгейдегі рентабельділікке ие инвестициялық сипаттағы қандай да болсын шешім қабылдай алады.

Нақты жоба бойынша IRR көрсеткіші мен авансталған капитал құны көрсеткіші салыстырылады.

Егер $IRR > CC$, онда жоба қабылданады;

$IRR < CC$, жоба қабылданбайды;

$IRR = CC$, жоба табыссыз, сонымен қатар залалсыз.

Модификацияланған табыстылықтың ішкі нормасы (Modified Internal Rate of Return – MIRR).

$$\sum_{i=0}^n \frac{COF_i}{(1+r)^i} = \frac{\sum_{i=0}^n CIF_i (1+r)^{n-i}}{(1+MIRR)^n},$$

мұнда COF_i – i кезеңіндегі ақша қаражаттарының шығысы (абсолютті көрсеткіш бойынша); CIF_i – i кезеңіндегі ақша қаражаттарының кірісі; r – осы жобаны қаржыландыру көзінің құны; n – жоба ұзақтығы.

Бүгінгі түсімдердің терминалды құны:

$$FV = \sum_{i=0}^n \frac{CIF_i(1+r)^n}{(1+r)^i} = \sum_{i=0}^n CIF_i(1+r)^{n-i},$$

мұнда r – инвесторға қолайлы нарықтық табыстылық.

Ақша қаражаттары шығыстарының құны:

$$PV = - \sum_{i=0}^n \frac{COF_i}{(1+r)^i},$$

онда

$$PV = \frac{FV}{(1 + MIRR)^n}.$$

Осыдан:

$$MIRR = \sqrt[n]{\frac{FV}{PV}} - 1.$$

$MIRR$ – жоба бойынша кірістер мен шығыстарды теңестіретін дисконттау коэффициентіндегі мөлшерлеме. Капиталдың орташа салмақталған құнымен барлық ақша ағындары болашақ күнге келтіріледі де жиыны анықталады. Рентабельділіктің ішкі мөлшерлемесі бойынша бүгінгі күнге келтіріліп, ақша табыстары мен шығындары шегеріліп жобаның таза бүгінгі құны есептеледі. Ол шығындардың бүгінгі құнымен салыстырылады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Инвестицияларды қоржындық және нақты деп бөлу қалыптасқан, соны сипаттап беріңіз.

2. Кең таралған инвестициялық шешімдердің жіктелуін сипаттаңыз.
3. Инвестициялық шешімдерді қабылдау критерийлерін атап беріңіз.
4. Инвестициялық шешімдерді қабылдау шарттары қандай?
5. Инвестициялардың тиімділігін талдаудағы динамикалық және статикалық әдістерін сипаттаңыз.
6. Инвестициялардың тиімділігін талдаудағы инвестицияның өтелу мерзімі әдісін (Payback Period – PP) сипаттаңыз.
7. Инвестициялардың тиімділігін талдаудағы пайданың қарапайым мөлшер әдісін (Accounting Rate of Return – ARR) сипаттаңыз.
8. Инвестициялардың тиімділігін талдаудағы таза келтірілген күн әдісін (Net Present Value – NPV) сипаттаңыз.
9. Таза терминалды құнды есептеу әдісін (Net Terminal Value – NTV) сипаттаңыз.
10. Жобаның рентабельділік индексі әдісін (Profitability Index – PI) сипаттаңыз.
11. Инвестиция пайдасының ішкі нормасы әдісін (Internal Rate of Return – IRR) сипаттаңыз.
12. Модификацияланған табыстылықтың ішкі нормасы әдісін (Modified Internal Rate of Return – MIRR) сипаттаңыз.

8. АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

8.1. Айналым капиталын пайдалану көрсеткіштері

Фирманың айналым капиталы құрылымын білу өте маңызды, себебі ол белгілі бір мөлшерде сол уақыттағы немесе басқа уақыттағы фирма жұмысының қаржылық жағдайын көрсетеді. Мысалы, дебиторлық борыштардың шектен тыс өсуі, қоймадағы дайын өнімнің, аяқталмаған өндірістің өсуі кәсіпорынның қаржылық жағдайының төмендеуін сипаттайды. Дебиторлық борыштардың айналымнан қаражаттарды алып, оны өз айналымында қарыз дебиторлар қолданады. Аяқталмаған өндіріс көлемінің, қоймадағы дайын өнім көлемінің ұлғаюы айналымнан қаражаттардың алынғанын, сату көлемінің төмендегенін көрсетеді. Кәсіпорынның айналым капиталының құрылымы әртүрлі себептерге байланысты үнемі өзгеріп отырады.

Айналым қаражаттарын қалыптастыруда:

1. Жеке көздерінің құрылымы мен олардың динамикасы:
 - ұзақ мерзімді қарыз көздерінің мөлшері;
 - қысқа мерзімді қарыз көздерінің мөлшері.
2. Капитал көздерінің құнының құрылымы, құны мен орташа салмақты құны.
3. Капитал көздерінің жиынтық көрсеткіші.
4. Қаржы тұтқасының нәтижесі капиталды басқару құралы ретінде қарастырылады.

Айналым капиталының көрсеткіштеріне мөлшері, құрылымы мен динамикасы, айналымдылығы, айналымдылық динамикасы, айналымдылыққа әсер етуші факторлар жатады.

Бизнесті кеңейтуге нақты мүмкіндік тудыруда айналым капиталын тиімді пайдалану болып табылады. Ол бірінші кезекте

оның айналымдылығын жеделдету мен айналым капиталының мөлшерін сақтап қалып, капитал қайтарымдылығын өсіруде.

3-кесте

Айналым капиталын пайдалану көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Көрсеткіштерді есептеу жолы	
Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті	$K_{об} =$	<i>Түсім</i>
		<i>Айналым капиталының орташа мөлшері</i>
Күндермен белгіленген айналым капиталының айналымдылығы	$P_0 =$	<i>Айналым капиталының орташа мөлшері</i>
		<i>Түсім/кезең</i>
Айналым капиталын тиеу коэффициенті	$K_{зос} =$	<i>Айналым капиталының орташа мөлшері</i>
		<i>Түсім</i>
Автономия коэффициенті	$K_{ав} =$	<i>Капиталдың меншік көздері</i>
		<i>Капитал жиыны</i>
Капиталды имобилизациялау коэффициенті	$K_{им} =$	<i>Тұрақты капитал</i>
		<i>Капиталдың меншік көздерінің барлығы</i>
Босалқы қорлардың меншікті айналым капиталымен қамтамасыз етілуі	$K_{оз} =$	<i>Айналым капиталының меншік көздері</i>
		<i>Капиталдың жалпы мөлшері</i>
Айналым капиталының меншік капиталымен қамтамасыз етілу коэффициенті	$K_{oi} =$	<i>Айналым капиталының меншік көздері</i>
		<i>Айналым капиталы</i>
Жалпы өтімділік коэффициенті	$K_{ол} =$	<i>Айналым капиталы</i>
		<i>Ағымдағы міндеттемелер</i>
Критикалық өтімділік коэффициенті	$K_{кл} =$	<i>Ақша қаражаттары және эквиваленттері</i>
		<i>Ағымдағы міндеттемелер</i>
Абсолютті өтімділік коэффициенті	$K_{ал} =$	<i>Ақша қаражаттары және эквиваленттері</i>
		<i>+ қысқа мерзімді қаржылық салымдар</i> <i>Ағымдағы міндеттемелер</i>
Таза айналым капиталы	<i>NWC</i>	<i>Айналым капиталы —</i> <i>Ағымдағы міндеттемелер</i>

Қаржы менеджментінде қаражаттардың айналымы ақша қаражаттарының айналу циклінің үлгісімен сипатталады. Бұл тәсіл оперативті уақиғалардың салт ақшаның қозғалысына ауысуына негізделеді.

1. *Босалқы қорлардың айналу кезеңі* (тауарлы-материалдық құндылықтар босалқы қорларының айналу ұзақтығы, өндірістік цикл) – дайын тауарларға шикізатты айналдыру мен сату уақытының орташа кезеңі.

Босалқы қорлардың бір айналым кезеңін босалқы қорларды сақтау кезеңі деп атайды. Босалқы қорларға тауарлы материалдық құндылықтар, аяқталмаған өндірістегі босалқы қорлар, қоймадағы дайын өнім жатады. Өндіріс көлемі өзгеріссіз болған жағдайда шикізат пен материалдардың өндірістік босалқы қорларын сақтау кезеңі өссе, босалқы қорлардың асыра жинақталуын білдіреді, яғни босалқы қорлары нормативтен асыра қалыптасқан.

Ол өз кезегінде ақша қаражаттарының шығынына әкеледі:

- сақтау бойынша шығындардың өсуімен байланысты сақтандыру және тауарлы-материалдық құндылықтардың көшуімен байланысты;
- тауарлы-материалдық құндылықтардың ескіруі, бұзылуы және үрлануымен байланысты;
- төленетін салықтардың өсуімен байланысты;
- айналыстан қаражаттарды шығарумен байланысты.

Өндіріс көлемі өзгеріссіз болған жағдайда дайын өнімді сақтау кезеңі өссе, фирманың өз өнімімен тауарландырылуы туралы білдіреді, ол маркетинг бөлімінің жұмысын ұлғайтудың қажетті екендігі туралы дабыл.

2. *Дебиторлық борыштар (өтеулер) айналымдылық кезеңі* – ол дебиторлық борыштарды қолма-қол ақшаға айналдыруға, яғни сатудан ақша алуға қажетті орташа уақыт кезеңі.

Дебиторлық борыштарды өтеу кезеңін қысқарту, оларды басқару үшін келесі әдістерді қолдану қажет:

- мерзімі өтіп кеткен борыштар бойынша тұтынушылармен есеп айырысу шотын бақылау;
- төленбеу тәуекелін әртараптандыру, жабдықтаушылар санын өсіру, ол өз кезегінде бір немесе бірнеше ірі тұтынушы бойынша тәуекелді төмендетеді;

- алдын ала төлем жасаушыларға жеңілдіктер жасау;
- дебиторлық және кредиторлық борыштар араларындағы арақатынасты бақылау.

Егер дебиторлық борыш кредиторлық борышқа қарағанда көп болса, қаржылық тұрақтылық пен тәуелсіздікке қауіп туындайды, бұл жағдайда фирма қосымша қаржы ресурстарын тартуға мәжбүр болады.

Кредиторлық борыш дебиторлық борышқа қарағанда көп болса, кәсіпорын төлем қабілетсіз болып танылады.

Кредиторлық борыш пен дебиторлық борыш тең болғаны дұрыс.

3. Кредиторлық борыштың айналымдылық кезеңі (кейінге қалдыру) – шикізатты сатып алу мен ол бойынша қолма-қол ақша төлеу аралығындағы уақыттың орташа кезеңі. Мысалы, кәсіпорынның еңбек пен материалдар үшін төлем жасау уақыты – 30 күн.

4. Қаржылық цикл (ақша қаражаттарының айналу кезеңі) фирманың деректі шығындар жасалу уақыты мен дайын өнімді сату уақытының айырмашылығынан тұрады. Қолма-қол қаражаттарының айналыс кезеңі фирманың айналым капиталына салған қаражаттарға ие болу уақытынан тұрады.

Ақша қаражаттарының айналу циклі = Босалқы қорлар айналу уақыты + Дебиторлық борыштардың өтелу уақыты + Кредиторлық борыштың айналымдылық кезеңі

Ақша қаражаттарының айналу циклін қысқарту жолдары:

- босалқы қорлардың айналысын қысқарту арқылы, яғни өндіріс пен тауардың сатылуын жеделдету;
- дебиторлық борыштың айналымдылығын қысқарту арқылы;
- өз төлемдерімізді баяулату арқылы кредиторлық борыштар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру.

Аталған шаралар шығындардың өспеуі, сату көлемінің азаймауы шарттарымен қолданыла алады.

8.2. Таза айналым капиталын анықтау әдістері

Фирманың таза айналым капиталы (синонимдері: меншік айналым капиталы, таза айналым капиталы, таза жұмыс капита-

лы) – фирманың кредиторлық борыштарының бір жолғы толық өтелуі барысында фирмада қалатын айналым активтері. Басқаша айтқанда, фирмаға бизнесті жүргізуге мүмкіншілік беретін қаржылық тұрақтылық запасы (босалқы қоры). Ол қандай да болсын қысылшаң жағдайға (кредиторлар борыштарын өтеуді бір уақытта талап еткен жағдайда) фирма қаржылық жағдайына қауіптенбей бизнесін жүргізе бере алады.

Таза айналым капиталын есептеудің келесі нұсқалары қолданылады:

- меншікті қаражаттар көзінен айналымнан тыс активтерді шегеру;
- меншікті қаражаттар көздері мен ұзақ мерзімді заемдар қосындысынан айналымнан тыс активтерді шегеру;
- ағымдағы активтер шегерілген ағымдағы пассивтер.

Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдардың түрлі нұсқаларын тарту кезінде меншікті айналым капиталын есептеу тәртібін қарастырамыз.

1-нұсқа. Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар мақсатты бағытқа ие, айналымнан тыс активтерге (негізгі капиталға) инвестициялау.

Есептеудің бірінші тәсілі. Берілген көздер айналымнан тыс активтер мен меншікті айналым активтерін қалыптастырды. Сәйкесінше, меншікті айналым активтерінің мөлшерін анықтау үшін меншікті қаражаттар көздерінен айналымнан тыс активтерді шегеру қажет. Айналымнан тыс активтерден ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар есебінен қалыптасқан бөлігі шегерілу керек.

Сонымен, меншікті айналым қаражаттарын анықтау барысында меншік көздерінен меншік қаражаттары есебінен қалыптасқан айналымнан тыс активтер алынады.

Меншікті айналым капиталы = меншік қаражаттарының көздері –
(Айналымнан тыс активтер – инвестициялық қажеттілікке ұзақ мерзімді
несиелер мен заемдар)

Есептеудің екінші тәсілі. Бұл әдісте айналым капиталының көздері болып тек меншікті айналым капиталы мен қысқа мерзімді борыштар қарастырылған. Сондықтан меншікті айналым

капиталын анықтау үшін ағымдағы активтерден (айналым қаражаттарынан) ағымдағы пассивтерді (кредиторлық борыштарды) шегеру қажет.

Меншікті айналым капиталы = Ағымдағы активтер – Ағымдағы пассивтер

2-нұсқа. Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдардың мақсатты бағыты – айналым активтерін толтыру.

Есептеудің бірінші тәсілі. Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар айналымнан тыс активтерді қалыптастыруда қатыспағандықтан, есептеу меншік қаражаттар көзінен айналымнан тыс активтерді шегеруден тұрады.

Меншікті айналым капиталы = Меншікті қаражаттар көздері –
Айналымнан тыс активтер

Есептеудің екінші тәсілі. Бұл тәсіл бойынша есептеу кезінде ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар қолданылады. Меншікті айналым капиталы ағымдағы активтерден ұзақ мерзімді несиелер мен заемдарды және қысқа мерзімді борыштар мөлшерін шегергеннен кейін есептеледі.

Меншікті айналым капиталы = Ағымдағы активтер - Ұзақ мерзімді
несиелер мен заемдар

Сонымен, таза айналым капиталы – ол фирманың меншікті айналым қаражаттары. Айналым активтерінің қалған бөлігін, егер ол ақша қаражаттарымен қамтылмаса, қарызға кредиторлық борышпен қаржыландыру керек, ал жетпесе, қысқа мерзімді несие алу қажет.

Сонымен, жиынтық ағымдағы қаржылық қажеттілігі түсінігін тұжырымдауға болады (ТПФ):

- ағымдағы активтер мен (ақша қаражаттарынсыз) ағымдағы пассивтер айырмасы;
- шикізат босалқы қорларында, дайын өнім бен дебиторлық борыштар және қысқа мерзімді қаржылық салымдарда жұмылдырылған қаражаттар мен қысқа мерзімді несие және кредиторлық борыш айырмасы;

- не меншік, не қарыз қаражаттары есебімен жабылмаған айналым активтерінің бөлігі;
- меншік айналым қаражаттарының жетіспеушілігі/ артықшылығы;
- қосымша қысқа мерзімді несиедегі қажеттілік, керісінше ақша қаражаттарының артықшылығы.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Айналым қаражаттарын қалыптастыру мен айналым капиталын тиімді пайдалану.
2. Меншікті айналым капиталын есептеу тәртібінің бірінші нұсқасын сипаттаңыз.
3. Меншікті айналым капиталын есептеу тәртібінің екінші нұсқасын сипаттаңыз.
4. Жиынтық ағымдағы қаржылық қажеттілігі дегенді қалай түсінесіз?

9. АҚША АҒЫНДАРЫН ТАЛДАУ, БОЛЖАМДАУ МЕН ЖОСПАРЛАУ

9.1. Ақша ағындарының экономикалық мәні мен мазмұны

Фирмаларда өндірілген өнімді сату барысында, сондай-ақ материалдық құндылықтарды, негізгі құралдарды, тауарларды сатып алғанда немесе көрсетілген қызметке және бюджетке немесе бюджеттен басқа да мекемелерге әртүрлі төлемдерді төлеуге байланысты түрлі операциялар болады. Әрбір фирма, *біріншіден*, бір уақытта өндірілген өнімін сатып немесе қызмет көрсетіп, жабдықтаушы ретінде болса, *екіншіден*, сол өнімдерді өндіріп шығару үшін қажет болатын шикізаттармен және материалдармен жабдықтайтын жабдықтаушылар алдында сатып алушы болып табылады. Фирмалардың арасында алашақ және берешек операциялар көбіне қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз төлеу жолы арқылы жүргізіледі. Қолма-қол ақшамен есеп айырысу Қазақстан Республикасының Ұлттық банк мекемесі белгілеген ережелер мен тәртіпке сәйкес жүргізілуі тиіс. Ақшалай қаражаттармен есеп айырысу операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу мен ұйымдастырудың мақсаттары келесілер болып табылады:

1. Ақшамен есеп айырысу операцияларын толық және уақытылы дер кезінде есептеу.

2. Субъектідегі ақшалай қаражаттардың түгелдігін және оларды дұрыс, тиімді пайдалануды бақылау.

3. Есеп айырысу, төлеу тәртібін бақылау, фирманың ақшалай кірістері мен шығындарын дұрыс есептеу.

Барлық шаруашылық субъектілері ақша қаражаттарымен жұмыс істейді. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі ақша қаражаттары есебінің дұрыс жолға қойылуынан да тәуелді. Шаруашылық

қызметінде кәсіпорын басқа кәсіпорындармен сатып алынған негізгі құралдар, материалдар мен шикізаттар, орындалған қызметтер үшін есеп айырысулар жүргізеді. Сонымен бірге кәсіпорын есеп айырысулар жолымен салық органдармен, кеден қызметімен, бюджетпен қарым-қатынасқа түседі.

Фирмалар арасындағы есеп айырысулар екі формада жүргізіледі: қолма-қол ақшасыз және нақты ақшамен есеп айырысулар арқылы.

Банк арқылы кассалық есеп айырысулар жүргізу мемлекеттің кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметін жан-жақты бақылауға мүмкіндік береді. Банк мекемелері кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне жұмсалатын шығындарын қадағалауға, олардың басқа субъектілермен уақытылы есеп айырысуын реттеуге, банктен түрлі мақсаттар үшін несие алуға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттарының есебі алдында келесідей міндеттер түр:

- шаруашылық субъектілер мен уақытылы есеп айырысулар жүргізуді қағалау;
- есеп регистрлерінде ақша қаражаттарының белгіленген шектер негізінде дұрыс пайдалануын қадағалау;
- ақша қаражаттарының мақсатты жұмсалуын қадағалау мақсатымен кезең сайын түгендеу жұмыстарын жүргізу;
- кассадағы және ағымдық шоттағы ақша қаражаттарының бар болуы мен жұмсалуын бақылау;
- есеп айырысу тәртібінің орындалуын бақылау.

Ақша қаражаттарының бар болуы мен олар бойынша есеп айырысуларды дұрыс ұйымдастыру есеп айырысу тәртібінің бекуіне, дебиторлық және кредиторлық міндеттемелердің кемуіне, ақша қаражаттарының айналымдылығының жылдамдауына, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының нығаюына алып келеді.

Ақшалай қаражаттардың бухгалтерлік есебінің жоғарыда көрсетілген міндеттерін ойдағыдай орындау үшін кассалық тәртіпті өте қатал сақтау қажет.

Бұл айтарлықтай дәрежеде ақшалай операциялармен шұғылданатын барлық лауазымды тұлғалардың есеп беру тәртібін қатал сақтауына негізделінеді.

Мекеме басшысы мен бас бухгалтері лауазымды тұлғалардың кассалық, тауарлық немесе аванстық есеп берулерін топтастыру мерзімдерін бұзуды, ақшалай (кассалық) құжаттарын рәсімдеудегі ұқыпсыздықты, банктегі ағымдағы шотынан салт ақшалар алатын чек кітапшаларының сақталуына және қолданылуына бақылауды нашарлатуды, банктің өткізілген немесе байланыс бөлімшелері арқылы аударылған түсімдер тиісті шоттарға есепке алу мерзімдерін бұзуды қатаң тоқтатулары керек. Мұндай бұзушылықтар кассалық тәртіпті сақтауға бақылауды нашарлатуға әкеледі және ақшалай қаражаттарды үрлау мен теріс пайдалану үшін жағдайлар туғызады.

Кассалық тәртіпті қатаң сақтау үшін алдын ала бақылаудың үлкен маңызы бар [1]. Оны мекеменің басшысы мен бас бухгалтері кассалық құжаттарды рәсімдеу және қол қою кезінде жүргізуге, сонымен қатар ақшалай қаражаттарды пайдаланудың заңдылығын, экономикалық және шаруашылық мақсаттарға сәйкестігін, оларды жұмсау мөлшерлерін сақтауды алдын ала сақтандыруға міндетті.

Ақшалай қаражаттардың сақталуын және орынды пайдалануын қамтамасыз етуде, сондай-ақ кейінгі бақылауда зор рөл атқарады. Ол кассалық есеп беруді қабылдауда, кассадағы ақшалай қаражаттарды түгендеуде және есептік жазулардың дұрыстығын тексерген кезде жүзеге асырылады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың, яғни субъектілерді, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебін пайдаланушыларды түрлі операциялық және инвестициялық қаржы қызметі бойынша есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының келіп түсуі, кірістелуі ол қаржылардың жұмсалуды туралы ақпараттармен қамтамасыз етіп және оларға осы заңды тұлғаның, яғни субъектінің қаржы жағдайындағы өзгерістерге бағалауына мүмкіндік береді. Заңды тұлғалар, субъектілер (банктер немесе бюджеттік мекемелерден басқа) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті осы стандарттың талаптарына сай жүргізеді және есепті кезеңдегі қаржы нәтижелері есептемесінің құрамында (яғни сонымен бірге) тапсырады.

9.2. Ақша ағымдарының ақпараттық негіздері

Кәсіпорынның ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат қаржы есептілігін пайдаланушыларға ұйымның ақша қаражаттарын жасау қабілеті мен олардың баламаларын, сондай-ақ ақша қаражаттарына қажеттілікті бағалау үшін негіз беретіндігімен пайдалы. Пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдер ақша қаражаттары мен олардың баламаларын жасау қабілетін, сондай-ақ оларды уақытқа қарай бөлу мен оларды жасау айқындылығын қажет етеді. *Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (IAS)* Халықаралық қаржы есептілігінің стандартымен сипатталады. Бұл стандарттың мақсаты ұйымның өткен кезең ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру арқылы ақша қаражаттары мен ақша баламаларындағы тарихи өзгерістер туралы ақпарат беруін талап етуде болып табылады, онда кезең ішінде операциялық, инвестициялық және ақша қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерін жіктеу жүргізіледі.

Стандарттың талаптарына сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп дайындауға және оны қаржы есептілігі берілетін әрбір кезең үшін өзінің қаржы есептілігінің құрамдас бөлігі ретінде ұсынуға міндетті.

Бұл стандарт 1977 жылғы шілде айында бекітілген. *Қаржы жағдайындағы өзгерістер туралы есеп (IAS)* Халықаралық қаржы есептілігінің стандартын алмастырады [19].

Ұйымның қаржы есептілігін пайдаланушылар ұйымның ақша қаражаттары мен ақша қаражатының баламаларын қалай жасайтынына және пайдаланатынына мүдделілік танытады. Бұл ұйым қызметінің сипатына қарамастан және ақша қаражаттарының ұйым өнімі ретінде болатынына не болмайтынына қарамастан, бұл қаржы институты жағдайында болуы мүмкін. Ұйымдар, олардың негізгі кіріс келтіретін қызметінің айырмашылығына қарамастан, шын мәнінде бірдей себептер бойынша ақша қаражаттарына бірдей мұқтаж болады. Олар ақша қаражаттарына өздерінің операцияларын жүргізу, міндеттемелерін өтеу және өздерінің инвесторларына кірісті қамтамасыз ету үшін мұқтаж бо-

лады. Тиісінше осы Стандарт барлық ұйымдардан ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруін талап етеді.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп оны қаржы есептілігінің қалған нысандарымен бірге пайдаланған кезде ақпарат береді, онда өзгеріп отыратын жағдайлар мен мүмкіндіктерге бейімделу үшін пайдаланушыларға ұйымның таза активтеріндегі өзгерістерді, оның қаржы құрылымын (өтімділігі мен төлем қабілетін қоса алғанда) және түсімдер мен ақша қаражаттары төлемдерінің деңгейі мен мерзімдеріне әсер ету қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат ұйымның ақша қаражаттары мен баламаларын молайту қабілетін бағалау кезінде пайдалы болады және пайдаланушыларға әртүрлі ұйымдардағы ақша қаражаттарының болашақтағы түсімдері мен төлемдерінің дисконтталған құнын бағалауға және салыстыруға арналған үлгілерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ әртүрлі ұйымдардың операциялық көрсеткіштері туралы есептіліктің салыстырмалығын жеңілдетеді, бұл бірдей операциялар мен оқиғалар үшін есептің әр алуан әдістерін қолданудан келтірілетін әсерін жояды.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы өткен жылдардағы мәлімет ақша қаражаттарының болашақ ағындарының сомасының, уақытының және айқындығының индикаторы ретінде жиі пайдаланылады. Ол сондай-ақ ақша қаражаттарының болашақ ағындарының бұрынғы бағалауларының дәлме-дәлдігін тексеру кезінде, пайдалылық пен ақша қаражаттарының таза қозғалысы және бағалар өзгеруінің әсері арасындағы байланысты зерттеу кезінде пайдалы болады.

Осы Стандартта төменде көрсетілген мәндерінде мынадай терминдер пайдаланылады:

Ақша қаражаттарына ұйымның кассасындағы және ағымдағы шотындағы ақша кіреді.

Ақша қаражаттарының баламалары – алдын ала белгілі ақша қаражаттары сомасына тез айналатын және олардың құны шамалы тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді, жоғары өтімді салымдар.

Ақша қаражаттарының қозғалысы – ақша қаражаттары мен олардың баламаларының түсімдері және төлемдері.

Операциялық қызмет – ұйымның кіріс келтіретін негізгі қызметі және инвестициялық және қаржы қызметінен айырмашылығы бар басқа қызмет.

Инвестициялық қызмет – ақша қаражаттарының баламаларына жатпайтын ұзақ мерзімді активтер мен басқа да инвестицияларды сатып алу және сату.

Қаржы қызметі – ұйымның меншік капиталы мен қарыз қаражаттарының мөлшері мен құрамындағы өзгерістерге әкеп соқтыратын қызмет.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары. Ақша қаражаттарының баламалары инвестициялар және басқа да мақсаттардан гөрі, ең алдымен қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеуге арналған. Ақша қаражаттарының баламалары ретінде жіктелуі үшін инвестиция ақша қаражаттарының белгілі бір сомасына оңай айналуына және күн өзгерісінің болмашы тәуекеліне ұшырауы тиіс. Осылайша, әдетте инвестиция ақша қаражаттарының баламасы ретінде оның қысқа мерзімі, айталық, үш ай немесе сатып алу күнінен бастап одан аз өтеу мерзімі болған кезде ғана жіктеледі. Меншікті капиталға салынған инвестициялар егер, негізінен, ақша қаражаттарының баламалары болып табылмағанда ғана, мысалы, оларды өтеу күніне дейін көп ұзамастан сатып алынған артықшылықты акциялары болған және сатып алудың нақты күні көрсетілген жағдайда, ақша қаражаттарының баламаларынан алынып тасталады.

Банк несиелері қаржы қызметі ретінде қарастырылады. Алайда кейбір елдерде талап ету бойынша өтелетін банктік овердрафтылар (банк берешектер) ұйымның ақша қаражаттарын басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай жағдайларда банктік овердрафтылар ақша қаражаттары мен баламаларының құрамдас бөліктері ретінде енгізіледі. Банктегі шот бойынша сальдоның оң сипатынан теріс сипатына жиі ретте өзгеріп тұруы – банктермен осындай келісімдердің өзіне тән белгісі.

Ақша қаражаттарының қозғалысына баптар, ақша қаражаттарының немесе ақша қаражаттары баламаларының құрамында бөліктері арасындағы қозғалыс жатпайды, өйткені бұл құрамдас бөліктер операциялық, инвестициялық қызмет пен қаржы қызметінің бөлігі емес, ұйымның ақша операцияларын бақылаудың

және реттеудің бір бөлігі болып табылады. Ақша операцияларын бақылауға және реттеуге ақша қаражаттарының баламаларына артық ақша қаражаттарын инвестициялау жатады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп кезең ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректерді оларды операциялық, инвестициялық қызмет немесе қаржы қызметі бойынша жіктей отырып ұсынылуы тиіс.

Ұйым операциялық, инвестициялық қызмет немесе қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректерді өзінің қызметінің сипатына неғұрлым сәйкес келетіндей береді. Қызмет түрлері бойынша жіктеу пайдаланушыларға осы қызметтің ұйымның қаржы жағдайына әсер етуін, оның ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламаларының сомасын бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат сонымен бірге қызмет түрлері арасындағы өзара байланысты бағалау үшін де пайдаланылады.

Бір операцияға әртүрлі жіктелген ақша қаражаттарының қозғалысы кіруі мүмкін. Мысалы, несие бойынша ақша қаражаттарын өтеудің құрамына пайыздарға қоса борыштың негізгі сомасы кіретін жағдайда пайыздарды құрайтын бөлігі операциялық қызмет ретінде жіктелуі, ал негізгі соманы құрайтын бөлігі қаржы қызметі ретінде жіктелуі мүмкін.

Операциялық қызмет. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттары түсімдерінің және төлемдерінің мөлшері ұйым операцияларының несиелерді өтеу, операциялық мүмкіндіктерді сақтау, дивидендтер төлеу және қаржыландырудың сыртқы көздеріне жүгінбестен жана инвестицияларды жүзеге асыруға жеткілікті болатын ақша қаражаттарының түсімін қамтамасыз ететін дәрежедегі басты индикатор болып табылады. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының бастапқы операциялық түсімдер мен төлемдерінің негізгі құрамдас бөлігі туралы ақпарат басқа ақпаратпен үйлесе отырып операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының болашақ қозғалысын болжау үшін пайдалы болады.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ұйымның кіріс келтіретін негізгі қызметіне тікелей байланысты. Сөйтіп, әдеттегідей олар таза пайданы және шығынды

айқындауға кіретін операциялар мен басқа да оқиғалардың нәтижесі болып табылады. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттары қозғалысының мысалдары мыналар болып табылады:

- тауарларды сатудан және қызмет көрсетулерден түскен ақшалай түсімдер;
- рояльти түріндегі түсімдер, қаламақылар, комиссиялық сыйақылар және табыстың басқа да түрі;
- тауарлар мен қызмет көрсетулері үшін жеткізушілерге берілетін ақшалай төлемдер;
- қызметшілерге және олардың атынан басқа тұлғаларға ақшалай төлемдер;
- сақтандыру ұйымының сақтандыру сыйлықтары мен талап арыздары, жылдық жарналар және басқа да сақтандыру сыйақылары ретіндегі ақшалай түсімдері мен төлемдері;
- егер бұлар тек қаржы немесе инвестициялық қызметтермен байланыстырылмайтын болса, ақшалай төлемдер немесе пайдаға салынатын салық төлемі немесе пайдаға салынатын салық үшін өтемақы;
- коммерциялық немесе сауда мақсатында жасалатын келісімшарттар бойынша ақшалай түсімдер мен төлемдер.

Бір өндірістік нысанды сату сияқты кейбір операциялар таңылған пайда залалға қосылған пайданың немесе залалдың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай ақша қаражатының қозғалысымен байланысты операциялар инвестициялық операциялардағы ақша қаражатының қозғалысынан болады. Алайда 16 Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар (IAS) ХҚЕС-тің 68А тармағына сәйкес басқаларға жалға беруге және әрі қарай сатуға арналған активтерді өндіру немесе сатып алу үшін ақша төлемдері операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы болып табылады. Жалға беруден және осындай активтердің одан кейінгі сатылулары да ақша қаражаттарының қозғалысы болып табылады.

Ұйымның коммерциялық немесе сауда мақсатында бағалы қағаздары мен қарыздары болуы мүмкін, бұл жағдайда олар арнайы қайта сату үшін сатып алынған босалқы ретінде қарасты-

рылуы мүмкін. Сөйтіп, коммерциялық немесе сауда бағалы қағаздарын сатып алуға және сатуға байланысты туындайтын ақша қаражаттарының қозғалысы операциялық қызмет ретінде жіктеледі. Осыған ұқсас қаржы ұйымдары беретін ақша аванстары мен қарыздары да, әдетте, операциялық қызмет ретінде жіктеледі, өйткені олар қаржы ұйымының кіріс келтіретін негізгі қызметіне жатады.

Инвестициялық қызмет. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты жеке ашудың зор маңызы бар, өйткені ол болашақ кіріс пен ақша қаражаттарын молайтуға арналған ресурстарды қалыптастыру мақсатына арналған шығыстарды айғақтайды. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының мысалдары:

- жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар, материалдық емес және басқа да ұзақ мерзімді активтер сатып алуға арналған ақшалай төлемдер. Оларға капиталдандырылған әзірлеу шығындарына және меншікті өндірістің негізгі құрал-жабдықтарына байланысты төлемдер жатады;
- жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар, материалдық емес және басқа да ұзақ мерзімді активтер сатудан алынған ақшалай түсімдер;
- басқа ұйымдардың үлестік немесе борыш құралдарын және бірлескен қызметке қатысу үлестерін сатып алуға арналған ақшалай төлемдер (ақша қаражаттарының баламалары ретінде қарастырылатын осы құралдар үшін және коммерциялық немесе сауда мақсатына арналған төлемдерден басқалары);
- басқа ұйымдардың үлестік немесе борыш құралдарын және бірлескен қызметке қатысу үлестерін сатудан алған ақшалай түсімдер (ақша қаражаттарының баламалары ретінде қарастырылатын осы құралдар үшін және коммерциялық немесе сауда мақсатына арналған ақшалай түсімдерден басқалары);
- басқа тараптарға берілген аванстық ақшалай төлемдер мен қарыздар (қаржы ұйымдары берген аванстық төлемдер мен қарыздардан басқалары);

- басқа тараптарға берілген аванстар мен кредиттер қайтарылымынан алынған ақшалай түсімдер (қаржы институттарының аванстық төлемдері мен кредиттерінен басқалары);
- фьючерстік келісімшарт, форвардтық келісімшарт, опциондар мен «своп» келісімшарттар бойынша болған ақша төлемдері келісімшарт коммерциялық немесе сауда мақсаттарында жасалған немесе түсімдер қаржы қызметі ретінде топтастырылатын жағдайынан басқа;
- фьючерстік келісімшарт, форвардтық келісімшарт, опциондар мен «своп» келісімшарттар бойынша болған ақша түсімдері келісімшарт коммерциялық немесе сауда мақсаттарында жасалған немесе түсімдер қаржы қызметі ретінде топтастырылатын жағдайынан басқа.

Келісімшарт белгілі бір позицияны хеджирлеу ретінде ескерілген кезде ол бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы хеджирленетін позиция бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы сияқты бағаланады.

Қаржы қызметі. Қаржы қызметінен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты жеке ашудың зор маңызы бар, өйткені бұл ақпарат ұйымға капитал беретін инвесторлардың ақша қаражаттарының болашақ түсімдеріне қатысты талаптарын болжау үшін қажетті. Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражаттары ағындарының мысалдары:

- акциялар эмиссиясынан немесе басқа да үлестік құралдардан түскен ақша түсімдері;
- ұйымның акцияларын сатып алу немесе өтеу үшін акция иеленушілеріне ақшалай төлемдер;
- қамтамасыз етілмеген облигациялардан, қарыздардан, вексельдерден, қамтамасыз етілген облигациялардан, кепілдік және басқа да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттерден ақшалай түсімдер;
- кредиттік сомаларды ақшалай өтеу;
- ақша жалдау бойынша берешекті азайту үшін жалға алушының ақшалай төлемдері.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректерді тікелей әдісті пайдалана отырып бе-

руі тиіс, бұл әдіс кезінде жалпы ақша түсімдерінің негізгі түрлері мен төлемдері туралы ақпарат ашылады немесе жанама әдісті пайдалана отырып беруі тиіс, бұл әдіс кезінде таза пайда мен шығын ақшалай емес сипаттағы операциялардың, негізгі қызметтен кез келген кейінге қалдырылған немесе есептелген өткендегі немесе болашақтағы ақша түсімдерінің немесе төлемдерінің және инвестициялық немесе қаржы қызметінен ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты кірістердің немесе шығыстардың нәтижелері ескеріле отырып ұсынады.

Ұйымдардың ақша қаражаттары қозғалысының ағындарын көрсету үшін тікелей әдісті қолдануы күпталыады. Бұл әдіс жанама әдісті қолдану кезінде алына алмайтын ақша қаражаттарының болашақ ағындарын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтамасыз етеді. Тікелей әдісті пайдаланған кезде жалпы ақша түсімдерінің және жалпы ақша төлемдерінің негізгі түрлері туралы ақпарат:

- ұйымның есептік жазбаларынан;
- сатуларды, сатудың өзіндік құнын (пайыздық және соған ұқсас кіріс және пайыздық шығыс және соған ұқсас ақша мекемелер үшін шығындар);
- кезең ішіндегі босалқылардағы және операциялық дебиторлық және кредиторлық берешектердің өзгерістерін алынуы мүмкін.

Басқа ақшалай емес баптарды және инвестициялық немесе ақша ағындарының туындауына әкеп соқтыратын басқа да баптарды ескере отырып, пайда мен шығын туралы есептегі басқа да баптарды түзету арқылы алынады.

Жанама әдісті қолданған кезде операциялық қызметтен алынатын ақша қаражаттарының таза ағыны:

- кезең ішіндегі босалқылардағы және операциялық дебиторлық және кредиторлық берешектердің өзгерістерін;
- тозу, бағалау міндеттемелері, мерзімі кейінге қалдырылған салықтар, шетелдік валютамен жүргізілген операциялар бойынша іске асырылмаған пайда мен шығын, қауымдасқан ұйымдардың бөлінбеген пайдасы мен азшылықтың үлесі сияқты ақшалай емес баптарды ескере отырып;

- нәтижесі инвестициялық немесе қаржы қызметінен ақша қаражаттарының қозғалысы болып табылатын барлық басқа да баптарды ескере отырып, таза пайданы немесе шығынды түзету арқылы анықталады.

Басқаша алғанда, операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза ағыны жанама әдісті қолдану кезінде пайда мен шығын туралы есепте ашылатын түсімдер мен шығыстарды және кезең ішіндегі босалқылар мен операциялық дебиторлық және кредиторлық берешектердегі өзгерістерді көрсету арқылы жанама әдісті пайдаланумен ұсынылуы мүмкін.

Өзара есепке алу негізінде ұсынылатын олар туралы деректерді ақша түсімдері мен төлемдерін қоспағанда, инвестициялық және қаржы қызметінен туындайтын жалпы ақша түсімдерінің және жалпы ақша төлемдерінің негізгі түрлерін бөлек берулері керек.

Операциялық, инвестициялық немесе қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректер нетто-негіз бойынша есептерде берілуі мүмкін:

- ақша қаражаттарының қозғалысы ең алдымен ұйымның қызметін емес, клиенттің қызметін көрсеткен кезде клиент атынан түсетін ақша түсімдері мен төлемдері;
- тез айналымға түсумен, үлкен сомаларымен және өтелуінің қысқа мерзімдерімен өзгешелігі бар баптар бойынша ақша түсімдері мен төлемдері.

Ақша түсімдері мен төлемдерінің мысалдары:

- банктің талап етуге дейінгі депозиттерін қабылдауы мен өтеуі;
- инвестициялық ұйым клиенттерінің қаражаттары;
- меншік иелері атынан жиналатын және оларға берілетін жалдау ақысы.

Меншік иелері атынан жиналатын және оларға берілетін жалдау ақысы түсімдері мен төлемдерінің мысалдары жүргізілген аванстық төлемдер және өтеу болып табылады:

- кредиттік карточкалардың иелеріне қатысты негізгі сомалар;
- инвестициялар сатып алу мен сату;
- басқа қысқа мерзімді, мысалы, мерзімі үш айлық және одан да аз қарыздар.

Ақша институттары қызметінің төмендегі түрлерінің бірі нәтижесінде туындайтын ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдері нетто-негіздегі есептерде берілуі мүмкін:

- белгіленген төлеу мерзімі бар салымдарды төлемдерді қабылдауға және төлеуге арналған ақша түсімдері мен төлемдері;
- салымдарды орналастыру және басқа қаржы институттарынан салымдар алу;
- клиенттерге берілетін ақшалай аванстық төлемдер мен кредиттер және осы аванстар мен кредиттерді өтеу.

Ақша қаражатының шетелдік валютамен операциялар нәтижесінде пайда болатын қозғалысы ұйымның қолданыстағы валютасында ақша қаражатының осы қозғалысы пайда болған күндегі қолданыстағы және шетелдік валюталар арасындағы айырбастау бағамының шетелдік валютадағы сомасына қолдану жолымен көрсетілуі тиіс.

Шетелдік еншілес ұйымның ақша қаражатының қозғалысы ұйымның қолданыстағы валютасында ақша қаражатының осы қозғалысы пайда болған күндегі қолданыстағы және шетелдік валюталар арасындағы айырбастау бағамы бойынша қайта есептелуі тиіс.

Шетел валютасындағы ақша қаражаттарының ағындары есептерде 21 Валюталық бағам өзгерісінің әсері (IAS) Халықаралық қаржы есептілігінің стандартына сәйкес беріледі. Бұл валютаның айырбас бағамын нақты бағамға бірдей жақындатып пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, кезең ішіндегі орташа алынған айырбас бағамы шетел валютасымен жүргізілетін операцияларды жазу немесе шетелдік еншілес ұйымның ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерін қайта есептеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Алайда 21 (IAS) ХҚЕС шетелдік еншілес ұйымдардың ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерін қайта есептеу кезінде есепті күнгі жағдай бойынша айырбас бағамын пайдалануға рұқсат етпейді.

Валюталардың айырбас бағамдары өзгерулерінің нәтижесінде туындаған іске асырылмаған пайда мен шығын ақша қаражаттарының қозғалысы болып табылмайды. Алайда қолда бар және алынуы күтілетін шетел валютасындағы ақша қаражатта-

ры мен олардың баламаларына валюталардың айырбас бағамдары өзгерістерінің ықпалы кезеңінің басында және аяғында ақша қаражаттары мен олардың баламаларын келісу үшін ақша қаражаттары қозғалысы туралы есепте беріледі. Бұл сома операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінен түсетін ақша қаражаттары қозғалысынан бөлек беріледі және оған егер олар бар болса, есептілікте кезеңнің аяғында валюталардың айырбас бағамдары бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдері туралы деректер берілген жағдайда туындайтын айырмалар жатады.

Пайыздарды және дивидендтерді алумен және төлеумен байланысты ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдері жеке ашылуы тиіс. Әрбір осындай түсім немесе төлем операциялық, инвестициялық немесе қаржы қызметінен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде кезең-кезеңімен жүйелі түрде жіктелуі тиіс.

Кезең ішінде төленген пайыздардың жалпы сомасы, оның пайда мен шығын туралы есепте шығыс ретінде танылғаны не танылмағанына немесе 23 *Қарыздар бойынша шығындар* (IAS)ХҚЕС-ке сәйкес рұқсат етілетін баламалы әдісіне сәйкес капиталдандырылғаны не капиталдандырылмағанына қарамастан, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ашылады.

Қаржы мекемелері үшін төленген пайыздар мен дивидендтер операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктеледі. Басқа ұйымдарға қатысты осы ақша қаражаттарының түсімдерін немесе төлемдерін жіктеу туралы мәселе бойынша жалпы пікір жоқ. Төленген пайыздар мен алынған пайыздар және дивидендтер операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктелуі мүмкін, өйткені олар таза пайданың немесе шығынның анықтамасына жатады. Сонымен бірге төленген пайыздар мен алынған пайыздар және дивидендтер тиісінше ақша және инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктелуі мүмкін, өйткені олар қаржы ресурстарын тартуға немесе инвестициялардан кіріс алуға жұмсалған шығындар болып табылады.

Төленген дивидендтер қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктелуі мүмкін, өйткені олар

қаржы ресурстарын тартуға жұмсалған шығындар болып табылады. Сонымен бірге операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарынан дивидендтер төлеудегі ұйымның қабілетін бағалау кезінде пайдаланушыға көмектесу үшін төленген дивидендтер операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының құрамдас бөлігі ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайдаға салынатын салыққа байланысты туындайтын ақша қаражаттарының қозғалысы тек ақша немесе инвестициялық қызметпен нақты байланыстырыла алмайтын болса, бөлек ашылуы және операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары ретінде жіктелуі тиіс.

Пайдаға салынатын салық ақша қаражаттарының қозғалысын туғызатын операциялар бойынша туындайды, бұл қозғалыс ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте бағаланатын операциялық, инвестициялық немесе қаржы қызметінен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктеледі. Ал бұл ретте салық төлемі бойынша шығыстар инвестициялық қызметпен немесе қаржыландыру жөніндегі қызметпен оңай байланыстырылуы мүмкін, тиісті салықтың ақша түсімдері мен төлемдеріне қатысты мұндай байланыстырылуды жүзеге асыру іс барысында жиі ретте мүмкін болмайды, сондықтан олар тиісті операциядан түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы болған кезеңде туындамауы мүмкін. Сондықтан төленген салықтар, әдетте, операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктеледі. Алайда салықтың ақша түсімдерін немесе төлемдерін ақша қаражаттарының инвестициялық немесе қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктелетін қозғалысын туғызатын бөлек операциямен байланыстыру мүмкіндігі болған кезде мұндай түсімдер мен төлемдер тиісінше инвестициялық немесе қаржы қызметінен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктеледі. Салықтық ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдері қызметтің кемінде бір түріне қатысты болған кезде төленген салықтың жалпы сомасы ашылады.

Еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға салынатын инвестициялар.

Есепке алу үлестік қатысу әдісі немесе нақты шығындар жөніндегі есеп әдісі бойынша жүргізілетін қауымдасқан немесе ен-

шілес ұйымға инвестицияларды есепке алу кезінде инвестор ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте өзара (инвестор) және инвестициялау объектісі, мысалы, дивидендтер мен аванстар арасындағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратпен шектеледі.

Тепе-тең шоғырландыру әдісін пайдалана отырып, бірлесіп бақыланатын ұйымдағы өзінің үлесі туралы есеп (31 *Бірлескен қызметке қатысу* (IAS) ХҚЕС-ін қараңыз) беретін ұйым өзінің шоғырландырылған есебіне бірлесіп бақыланатын ұйымның ақша түсімдері мен төлемдеріндегі өзінің тепе-тең үлесін кіргізеді. Үлестік қатысу әдісінің көмегімен өзінің үлесі туралы есеп беретін ұйым өзінің ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебіне бірлесіп бақыланатын ұйымға беретін оның инвестициясына байланысты ақша түсімдері мен төлемдерін, оның және бірлесіп бақыланатын ұйым арасындағы бөлуді және басқа да ақша түсімдерін немесе төлемдерін жатқызады.

Еншілес ұйымдар мен басқа құрылымдық ұйымдарды бақылауға алу және одан айырылу нәтижесінде туындайтын ақша қаражаттарының агрегатталған ағындары бөлек берілуі және инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде жіктелуі тиіс.

Ұйымның кезең ішінде еншілес ұйымдарды, басқа да құрылымдық ұйымдарды бақылауға алу және одан айырылу төмендегі тұтас мәліметтің әрқайсысына байланысты:

- сатып алу немесе сату кезіндегі сомалық өтеу;
- сатып алу немесе сату кезінде ақша қаражаттарымен немесе олардың баламаларымен өтеудің бір бөлігіне;
- сатып алынған немесе сатылған еншілес ұйымдағы немесе бизнестің құрылымдық бірлігіндегі ақша қаражаттарының немесе олардың баламаларының сомасына;
- ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын қоспағанда, сатып алынған немесе сатылған еншілес ұйымдағы немесе бизнестің құрылымдық бірлігіндегі активтер мен міндеттемелердің негізгі санаттары бойынша жиынтықталған сомасын ашуы тиіс.

Еншілес ұйымдар мен бизнестің басқа құрылымдық бөлімшелерінің сатып алулары мен сатуларына түскен ақша қаражат-

тарының қозғалысына әсер ету туралы ақпаратты жеке ұсыну және сатып алынған немесе сатылған активтер мен міндеттемелер сомаларын жеке ашу басқа операциялық, инвестициялық немесе қаржы қызметінің нәтижесінде туындайтын ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінен бөлуге көмектеседі. Сатудан түскен ақша қаражаты қозғалысының нәтижелері сатып алудан түскен ақша қаражаты қозғалысының нәтижелерінен шегерілмейді.

Сатып алу немесе сату кезінде өтем ретінде төленген немесе алынған ақша қаражаттарының агрегатталған сомасы сатып алынған немесе шығынға жазылған ақша қаражаттары мен олардың баламалары шегеріле отырып, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте беріледі.

Еншілес ұйымының үлесіндегі өзгерістер нәтижесінде пайда болған және бақылауды жоғалтуға алып келмейтін болса, ақша қаражаты қозғалысы пайда болып, ол сатылуға алып келмесе, онда бұл қаржы қызметіндегі ақша қаражатының қозғалысы деп сыныпталуы тиіс.

Басты ұйымның кейіннен еншілес ұйымның үлестік құралын сатып алу немесе сату сияқты бақылауды жоғалтуға алып келмейтін еншілес ұйым үлесіндегі өзгерістер меншікті үлес операциялары деп есептеледі (*27 Шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігі (IAS) ХҚЕС (2008 жылы түзетілген)*).

Ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын пайдалануды талап етпейтін инвестициялық және қаржы операциялары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден алынып тасталуы тиіс. Мұндай операциялар ақша есептілікте олар осындай инвестициялық және қаржы қызметі туралы барлық маңызды ақпаратты беруді қамтамасыз ететіндей түрде ашылуы тиіс.

Инвестициялық және қаржы қызметінің едәуір бөлігі ұйым капиталының құрылымына және активтеріне ықпал жасағанымен де, ақша қаражаттарының ағымдағы қозғалысына тікелей әсерін тигізбейді. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен ақшалай емес операцияларды алып тастау осы есептің мақсатына сай келеді, өйткені бұл баптар ағым кезеңіндегі ақша қаражаттарының қозғалысын туғызбайды. Ақшалай емес операциялар мысалдары:

- тікелей тиісінше міндеттемелер қабылдау не қаржыны жалға алу арқылы активтерді сатып алу;
- акциялар шығару көмегімен ұйымды сатып алу;
- борыштық міндеттемелерді акцияларға конвертациялау.

Ұйым ақша қаражаттарының және олардың баламаларының құрамын ашуы және оның баланста берілген баламалы баптары бар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебіндегі сомаларды салыстыруын ұсынуы тиіс.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі ақша қаражаттарын басқару практикасының және банк ережелерінің сан алуандығын ескере отырып және 1 *Қаржы есептілігін ұсыну* (IAS) ХҚЕС-ін сақтау үшін ұйым ақша қаражаттарының және ақша қаражаттары баламаларының құрамын анықтау үшін қабылданған әдісті ашады.

Ақша қаражаттарының және ақша қаражаттары баламаларының құрамдас бөліктерін анықтау әдісіндегі кез келген өзгерістің, мысалы, бұрын ұйымның инвестициялық портфелінің бір бөлігі деп есептелген қаржы құралдарын жіктеудегі өзгерістің ықпалы есептілікте 8 *Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және қателіктер* (IAS) ХҚЕС-іне сәйкес беріледі.

Ұйым өзінде бар, топтың пайдалануы үшін қол жеткізгізмейтін ақша қаражаттары мен ақша қаражаттары баламаларының елеулі қалдықтарының сомасын басшылықтың түсіндірмесімен бірге ашуы тиіс.

Ұйымның ақша қаражаттары мен ақша қаражаттары баламаларының қалдықтарын топтың пайдалануы үшін қол жетпейтін түрлі жағдайлар бар. Мұның мысалы – валюталық бақылау немесе осы қаражаттарды бас ұйымның немесе басқа да еншілес ұйымдарының жалпы пайдалануына жол бермейтін басқа да заңдық шектеулер қолданылатын елде жұмыс істейтін еншілес ұйымындағы ақша қаражаттары мен ақша баламаларының қалдықтары.

Қосымша ақпарат ұйымның қаржы жағдайы мен өтімділігін түсіну тұрғысынан алғанда пайдаланушылар үшін маңызды болуы мүмкін. Басшылықтың түсіндірмелерімен бірге осы ақпаратты ашу мақұлданады және оларға:

- осы несиелерді пайдалану бойынша орын алған шектеулерді көрсете отырып, болашақтағы операциялық қыз-

- метке және инвестициялық міндеттемелерді реттеуге бағытталуы мүмкін іріктелмеген несиелердің сомасы;
- бірлескен қызметке қатысу үлестеріне жатқызылған операциялық, инвестициялық немесе қаржы қызметіне бөлініп көрсетілген ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің жалпы өлшемдері, олар туралы деректер тепе-тең шоғырлану әдісі бойынша беріледі;
 - ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің жалпы өлшемі, ол операциялық мүмкіндіктерді қолдау үшін қажетті ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінен бөлек операциялық мүмкіндіктердің ұлғаюын білдіреді;
 - есептерде көрсетілген әрбір саланың немесе географиялық сегменттің операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінен туындаған ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің сомасы жатады (8 *Операциялық бөлімдер* (IFRS) ХҚЕС).

Операциялық мүмкіндіктердің ұлғаюын білдіретін ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдері және операциялық мүмкіндіктерді қолдау үшін қажетті түсімдері мен төлемдер туралы деректерді бөлек ашу пайдаланушыларға ұйымның өздерінің операциялық мүмкіндіктерін қолдауына жеткілікті қаражат жұмсағанын анықтауға мүмкіндік береді. Өзінің операциялық мүмкіндіктерін қолдауға жеткілікті қаражат бөлмейтін ұйым ағымдағы өтімділік және иеленушілердің арасында қаражаттар бөлу үшін өзінің болашақ пайдаларын қиюы мүмкін.

Сегменттер бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректерді ашу пайдаланушыларға тұтастай алғанда ұйымның ақша қаражаттарының қозғалысы және оның құрамдас бөліктері арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ сегменттердің ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің болуын және өзгермелілігін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

9.3. Ақша ағындарын болжамдау мен жоспарлау

Ақша ағындарын тиімді пайдалану үшін олардың түсуін дұрыс жоспарлау керек; ақша қаражаттарының есебін дұрыс жүр-

гізу үшін олардың көптеген заңдылықтары туралы және үнемі өзгеріп отыратын нормалары, тәртіптері мен ережелерін білу керек. Шаруашылық қызметтің қажетті тиімділігі, тұрақты қаржылық жағдайы тек пайданың, айналым капиталының және ақша қаражаттарының қозғалысына жеткілікті және келісілген бақылау жасалынған жағдайда қол жеткіздіреді.

Қаржылық жоспарлау – бұл қаржы механизмінің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Олар экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттың шаруашылық кешенінің аграрлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған. Қаржылық жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі бұл жоспарлау өндірістің материалды-заттай элементтері негізінде, ақшамен қоғамдық ұдайы өндіріске белсенді ықпал жасау негізінде ақша қозғалысының салыстырмалы дербестігімен шарттасылған ақша нысанында жүзеге асырылады.

Қаржылық жоспарлау – бұл қаржы жоспарларын (тапсырмаларын) әзірлеуге, қаралған мерзімде оларды орындауға, белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған процесі. Жоспарлау басқарудың элементі ретінде қаржы саясаты құралдарының бірі болып табылады. Ол ірі шаруашылық өзгерістерді байсалды және елеусіз жасауға мүмкіндік туғызады.

Экономиканың бүгінгі даму кезеңінде қандай да болсын кәсіпорында ақшалай ағымдарды болжау қажеттілігі туындайды. Себебі кәсіпорынның ағымдағы қаржылық жоспарлары мен шаруашылық операциялары оларға қажетті ақшалай ағымдардың болжамымен байланыста болады.

Сондықтан кәсіпорында ақшалай ағымдарды болжауды жүргізу маңызы күшейе түсуде.

Кәсіпорында ақшалай ағымдарды болжаудың барлық түрлерін біріктіру ерекше құжатта – ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарында көрініс табады. Ол ағымдағы қаржылық жоспардың бір нысаны болып танылады.

Ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспары алдағы жылға айлар кесіндісінде маусымдық ауытқуларын

ескере кәсіпорынның ақшалай ағымдарын қамтамасыз етеді. Ол шаруашылық қызметтің түрлері мен жалпы кәсіпорын бойынша құрастырылады.

Ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарын құрудың негізгі мақсаты – кәсіпорынның шаруашылық қызметтің жеке түрлері кесіндісінде кәсіпорынның жалпы және таза ақшалай ағымдарын уақыт ұзақтығында болжау мен жоспарлау мерзімінің барлық кезеңдерінде тұрақты төлемқабілеттілікті қамтамасыз ету.

Ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарын құру мынадай кезекпен жүргізіледі:

Бірінші кезеңде ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының ақша қаражаттары операциялық қызмет бойынша болжамдалады, себебі бұл жоспардың қорытындылық көрсеткіштері құрамдас бөліктерінің бастапқы алғышарттары болып табылады.

Екінші кезеңде кәсіпорынның инвестициялық қызметі бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарлы көрсеткіштері есептелінеді, мұнда операциялық қызмет бойынша таза ақша ағымдары ескеріледі.

Үшінші кезеңде кәсіпорынның қаржылық қызметі бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарлы көрсеткіштері есептелінеді, ол болашақтағы инвестициялық және операциялық қызметтерді қаржыландырудың сыртқы көздерін қамтамасыз етуге арналған.

Төртінші кезеңде жалпы және таза ақшалай ағымдары, сонымен қатар кәсіпорынның барлық ақша қаражаттары қалдықтарының динамикасы болжамданады.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының болжамы екі негізгі әдіс бойынша жүргізіледі:

- өнімді өткізудің жоспарлы көлемі арқылы;
- мақсатқа қойған жоспарлы таза пайда көлемі арқылы.

Кәсіпорынның операциялық қызметі бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының болжамы өнімді өткізудің жоспарлы көлемі арқылы, жоспардың жеке көрсеткіштерін есептеу келесідей кезекпен жүргізіледі:

- өнімді өткізу көлемін анықтау;
- дебиторлық борышты инкассациялау коэффициенті;
- өнімді өткізуден түсетін ақша қаражаттарының сомасын есептеу;
- өнімді өндіріп өткізу бойынша операциялық шығындар сомасын анықтау;
- табыс есебінен төленетін (өнім бағасына кіретін) салықтардың сомасын анықтау;
- операциялық қызмет бойынша кәсіпорынның жалпы пайда сомасын есептеу;
- пайда есебінен төленетін салықтар сомасын есептеу;
- операциялық қызмет бойынша кәсіпорынның таза пайда сомасын есептеу;
- операциялық қызмет бойынша кәсіпорынның ақша қаражаттар шығынының сомасын есептеу;
- таза ақша ағымының сомасын есептеу.

Өнімді өткізу көлемін анықтау сәйкесті тауар нарығының потенциалын ескере өндірістік бағдарлама негізінде (өнімді өндіру жоспары) жүргізіледі. Бұл тәсіл өнімді өткізудің жоспарлы көлемін кәсіпорынның ресурспен қамтамасыз етілуі мен оларды пайдалану деңгейімен, сонымен қатар сәйкесті тауар нарығының сыйымдылығымен байланыстыруға мүмкіншілік береді. Бұл жағдайда өнімді өткізу көлемін анықтаудың негізгі көрсеткіші болып тауарлы өнімді өткізудің жоспарлы көлемі танылады.

Тауарлы өнімді өткізудің жоспарлы көлемі қолма-қол есеп айырысу мен тауарлы коммерциялық несиеге сатылу көлеміне дифференцияланады.

Дебиторлық борышты инкассациялаудың коэффициенті есептік кезеңнің дебиторлық борышының деректі деңгейі арқылы коммерциялық несиеге тауарларды ұсыну саясатын ескере анықталады.

Өнімді өткізуден түсетін ақша қаражаттарының сомасы – кәсіпорынның операциялық қызметінен болатын ақшалай кірістерінің жоспарлы сомасы.

Табыс есебінен төленетін салықтық төлемдер сомасы есептелінеді. Бұл сома жеке өнім түрлері бойынша сатудың жоспарлы көлемі мен қосылған құнға сәйкесті мөлшерлемесі, акциздік алымдар және басқа да үкcas алымдар.

Кәсіпорынның операциялық қызметі бойынша жалпы пайданың жоспарлы сомасы есептеледі.

Есептелген ақша қаражаттарын жұмсаудың жоспарлы көрсеткіші операциялық қызмет бойынша теріс нәтижелі ақша ағымдарының жоспарлы көлемін сипаттайды.

Таза ақша ағымының жоспарлы сомасы екі жолмен былай есептеледі:

$$\text{ЧДП}_n = \text{ЧП}_n + \text{АО}_n;$$

$$\text{ЧДП}_n = \text{ПДС}_n - \text{РДС}_n,$$

мұнда ЧДП_n – қарастырылу кезіндегі кәсіпорынның таза ақша ағымының жоспарлы сомасы; ЧП_n – операциялық қызмет бойынша кәсіпорынның жоспарлы таза пайда сомасы; АО_n – негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы; ПДС_n – өнімді сатудан түсетін ақша қаражаттарының жоспарлы түсім сомасы; РДС_n – операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының жоспарлы шығындар сомасы.

Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының түсімдері мен шығыстарын болжамдау кезінде мақсатқа қойған жоспарлы таза пайда арқылы жоспардың кейбір көрсеткіштерін есептеу келесідей кезекпен жүргізіледі.

Мақсатқа қойған жоспарлы таза пайда көлемі анықталады. Бұл сома қаржы ресурстарындағы жоспарлы қажеттілікті танытады, олар кәсіпорынның болашақта даму мақсатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Мақсатқа қойған жоспарлы таза пайда көлемін анықтау болашақтағы қажеттіліктердің жеке элементтерінің кесіндісінде жүргізіледі:

1-элементі – таза пайданың капитализацияланатын бөлігі: негізгі құралдардың өсімі; материалдық емес активтердің өсімі; меншікті айналым қаражаттарының өсімі; ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар портфелінің өсімі; резерв.

2-элементі – кәсіпорынның пайдаланатын таза пайда бөлігі: кәсіпорын иелеріне төленетін табыстар; пайдаға қатысатын жалдауға алынған жұмысшылар бюджеті; ішкі әлеуметтік бағдарламалар бюджеті; сыртқы әлеуметтік бағдарламалар бюджеті.

Болжамдаудың келесі кезеңі – операциялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттары шығыстарының жоспарлы сомасын есептеу. Бұл есептеу кәсіпорынның жоспарлы операциялық шығындары (амортизациялық аударымдарсыз) және табыс пен пайда есебінен төленетін салықтар мен алымдардың жоспарлы сомасына негізделеді.

Бұл әдістеменің аяқтаушы кезеңі таза ақша ағымының жоспарлы сомасын есептеу болып табылады. Бұл көрсеткіш мақсатқа қойылған таза пайда сомасы мен амортизациялық аударымдар айырмасы арқылы немесе жоспарлы кезеңдегі ақшалай қаражаттарының түсімдер мен шығыстар сомаларының айырмасы ретінде анықталады.

Инвестициялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттарының түсімдер мен шығыстар сомаларын болжамдау тікелей әдіспен есптеледі. Бұл есептеулердің негізі болып келесілер табылады:

- жүзеге асыруға бет алған жеке инвестициялық жобалардың кесіндісіндегі ақшалай қаражаттардағы салымдар көлемін сипаттайтын нақты инвестициялау бағдарламасы;
- қалыптасуға жобаланған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар портфелі. Егер кәсіпорында мұндай портфель бар болса, онда оның өсімін қамтамасыз етуге қажетті ақшалай қаражаттар сомасы анықталады;
- негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақшалай қаражаттарының болжамды сомасы. Бұл есептеудің негізіне оларды жаңалау жоспары қойылу керек;
- инвестициялық пайданың болжамды мөлшері. Пайдалану кезеңіне түскен және аяқталған нақты инвестициялық жобалардан түскен пайда кәсіпорынның операциялық пайда есебінде болатындығынан, бұл бөлімде ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар ғана пайда көлемі болжамданады, дивиденд пен алуға арналған пайыздар.

Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражаттарының түсімдер мен шығыстар сомаларын болжамдау тікелей есептеу әдістемесі арқылы анықталады. Ол кәсіпорынның сырттан қар-

жыландырудағы қажеттілігі негізінде жеке элементтері бойынша есептеледі. Оны есептеудің негізіне келесілер алынады:

- меншікті акциялардың қосымша эмиссиясы мен қосымша пайлық (үлестік) капиталды тартудың болжамды көлемі. Ақшалай қаражаттарының кірістер жоспарына алдағы нақты кезеңде сатыла алатын қосымша эмиссияланған акциялардың бөлігі ғана кіргізіледі;
- барлық нысандағы ұзақ және қысқа мерзімді қаржылық несиелер мен заемдардың тартуға белгілеген көлемі. Бұл жерде тауарлық несиені және ішкі қысқа мерзімді кредиторлық борышты тарту мен оларға қызмет көрсету операциялық қызмет бойынша ақшалай ағымдарда көрініс табады;
- қайтарусыз мақсаттағы қаржыландыру есебіндегі қаражаттардың болжамды кірістер сомасы. Бұл көрсеткіштер бекітілген мемлекеттік бюджет пен сәйкесті мемлекеттік емес органдардың (ассоциациялар, қорлар) бюджеттері негізінде жоспарға енгізіледі;
- ұзақ және қысқа мерзімді қаржылық несиелер бойынша жоспарлы кезеңдегі негізгі қарызды төлеуге қарастырылған сома. Бұл сомаларды есептеу кәсіпорынның банктермен және басқа да қаржылық институттар араларында қабылдаған нақты несиелік келісімшарттары негізінде жүргізіледі;
- акционерлерге төленетін дивидендік төлемдерінің болжамды мөлшері (пайлық (үлестік) капиталға пайыздар). Бұл есептеудің негізіне кәсіпорынның таза пайдасының жоспарлы сомасы мен жүргізетін дивидендік саясаты жатады.

Қорыға келе, есептеулер кәсіпорынның қаржылық қызметі бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебінің стандарттарымен қарастырылған позициялар кесіндісінде жалпылайды.

Алдағы жылға айлар кесіндісімен құрылған ақшалай қаражаттарының кірістері мен шығыстарының жоспары кәсіпорынның ақшалай ағымдарын басқаруға тек жалпылама негіз бола алады. Ақшалай қаражаттарын күнделікті басқару үшін төлем күнтізбелігі қолданылады.

Ақша ағындарын болжау – стратегиялық қаржылық жоспарлаудың маңызды бөлігі. Ақша ағындарын болжау ақша қаражаттарының қалыптасуы мүмкін көздері мен жұмсау бағыттарын анықтауда. Осыған байланысты ақша ағындарының құраушы элементтерін сипаттайтын көптеген көрсеткіштерін болжамдау күрделі болғандықтан, болжамдау жұмысы қолма-қол ақша қаражаттарының бюджетін құрумен негізделеді. Мұнда ағынның келесі негізгі параметрлері ескеріледі:

- сату көлемі;
- сатудан түскен түсімдегі қолма-қол ақшамен есеп айырысқаннан түскен түсімнің үлесі;
- кредиторлық борыштың болжамы.

Ақша ағындарын болжау әдістемесі келесідей операциялардан тұрады:

- жоспарлы кезеңнің ақшалай түсімдерін болжау;
- ақшалай ағындардың теріс ағынын болжау;
- таза ақша ағынын есептеу;
- қысқа мерзімді қаржыландырудағы жалпы қажеттілікті есептеу.

Кәсіпорынның болашақ табысы негізінде кәсіпорын қызметінің нәтижесін болжау үшін екі негізгі әдіс қолданылады:

- табысты капитализациялау әдісі;
- таза ақша түсімдерін дисконттау әдісі.

Табыстылық тәсілі бойынша бағалау табыстар болжамын құруды қарастырады.

Табыстардың бірқалыпты түсуіне байланысты капитализация немесе дисконттау әдісі қолданылатыны шешіледі.

Егер болашақ табыстар бүгінгі табыстарға шамамен тең болса немесе олардың өсу қарқыны тұрақты болса, капитализациялау әдісі қолданылады. Капитализациялау әдісі бизнестің қызмет етуінің шексіз мерзімін болжайды.

Дисконттау әдісі қаржылық көрсеткіштер тұрақсыз болғанда, сонымен қатар жақын арада бизнес тоқтап қалатын болса (себептерге қарамастан) немесе бизнестен шығу қарастырылса қолданылады. Бұл әдіс бойынша бағалау – болжам кезеңінің әр жылына жеке ақша ағынының болжамын құру. Әрі қарай болжаудан кейінгі кезеңдегі компанияның құны анықталады. Биз-

нестің алдын ала бағасы анықталады. Ол – болжау кезеңі ішіндегі ақша ағындарының ағымдағы құны мен болжау кезеңінен кейінгі құнның бүгінгі мөлшері. Қажет болған жағдайда түзетулер (көбінде бақылаусыз сипат үшін жеңілдіктер мен жеткіліксіз өтімділік үшін жеңілдіктер ескеріледі) енгізіледі де, компанияның қорытынды нарықтық құны анықталады.

Дисконтталған ақша ағындары әдісі.

$$PV = \sum(CF_i/(1+r)^i).$$

Мұнда PV – болашақтағы бос ақша қаражаттар ағынының бүгінгі жиынтық сомасы; CF_i – i кезеңіндегі бос ақша қаражаттарының ағыны; r – дисконттау мөлшерлемесі; i – дисконттау кезеңінің тізімдік нөмірі.

Дисконтталған ақша ағындары әдісі мынаны қарастырады:

- жоба жиектерін анықтау;
- ақша ағындарының болжамдарын құру;
- болжаулы кезең өткеннен кейінгі кезеңдегі компания құнын есептеу;
- дисконттау мөлшерлемесін анықтау;
- компанияның алдан ала бағасын есептеу;
- қорытынды бағаға түзетулер енгізіп есептеу.

1. Жоба жиектерін анықтау.

Жоба жиектері – ол компанияның тұрақты даму көрсеткіштеріне жету кезеңі немесе болжауға қолайлы кезең.

Болашақтағы бос ақша қаражаттар ағынының бүгінгі жиынтық сомасының жиегі компаниядағы болжаудың нақты болуы мен жоспарлау кезеңіне байланысты.

2. Ақша ағындарының болжамдарын құру.

$$CF = \text{Inflow} - \text{Outflow}.$$

CF – ақша ағыны;

Inflow – ақша ағынының кірісі;

Outflow – ақша ағынының шығысы.

Ақша қаражаттар ағынының құрылымы

Inflow		Outflow
Негізгі қызметтен ақша қаражаттар ағыны		
Ағым кезеңіндегі сатудан түскен ақшалай түсім		Жабдықтаушы мен мердігерлер шоттары бойынша төлемдер
Дебиторлық борышты өтеу		Еңбекақы төлеу
Бартерді сатудан түсім		Бюджет және бюджеттен тыс қорларға аударымдар
Тұтынушылардан түскен аванстар		Несие бойынша пайыздар төлеу
		Әлеуметтік шығындар
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттар ағыны		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сату		Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу
Ұзақ мерзімді салымдардан пайыздар, дивидендтер		Күрделі салымдар
Басқа қаржылық салымдарды қайтарып алу		Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттар ағыны		
Қысқа мерзімді несиелер мен займдар		Қысқа мерзімді несиелер мен займдарды қайтару
Ұзақ мерзімді несиелер мен займдар		Ұзақ мерзімді несиелер мен займдарды қайтару
Акция эмиссияларынан түсімдер		Міндеттемелі бағалы қағаздарды өтеу
Мақсатты қаржыландыру		

3. Болжаулы кезең өткеннен кейінгі кезеңдегі компания құнын есептеу үшін бірнеше әдіс қолданылады:

- жойылу құны бойынша есептеу әдісі (егер қалған кезеңде компанияның активтерін қандай да болсын бір себеппен сатып жіберу қарастырылса);
- таза активтер құны бойынша есептеу әдісі (қомақты материалдық активтері бар тұрақты компанияларға қолайлы);
- болжамды сатылу әдісі (ұқсас компаниялардың сатылу туралы ретроспективті мәліметтері негізінде);
- «Гордон моделі».

Гордон моделі болжамды кезеңнен асқаннан кейін компанияның ақша ағын қарқыны ұзақ бойы тұрақты болады деген болжамда. Гордон моделі бойынша болжамды кезеңнен өткеннен кейінгі кезеңдегі компанияның құнын анықтау келесі формула бойынша есептеледі:

$$CF_{\infty} = CF_n * (1+g)/(r-g).$$

мұнда CF_n – соңғы болжамды кезеңнің бос ақша ағыны; g – бос ақша ағынының шексіздіктегі өсу коэффициенті.

Дисконттау мөлшерлемесін анықтау.

Дисконттау әдісінің негізі – дисконттау мөлшерлемесін анықтау.

Дисконттау мөлшерлемесі – ол болашақтағы ақша ағынын ағымдағы (бүгінгі) құнға айналдырудың табыс мөлшерлемесі.

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу әдісінің бірі – оны компанияның капитал құнының (Weighted Average Cost of Capital) орташа салмақты деңгейінде бекіту.

$$WACC = r = CSE * w_1 + CD * w_2.$$

мұнда CSE – меншік (акционерлік) капиталдың құны; w_1 – компания капиталындағы акционерлік капиталдың үлесі; CD – қарыз капиталының құны; w_2 – компания капиталындағы қарыз капиталының үлесі.

$$CSE = r_0 + r_m + r_c.$$

мұнда r_0 – тәуекелсіздік мөлшерлеме, %; r_m – тәуекел үшін сыйақы (нарықтық мөлшерлеменің тәуекелсіздік мөлшерлемеден асуы), %; r_c – компанияның спецификалық тәуекелі, %.

$$CD = (r_0 + r_1) * (1-T).$$

мұнда r_1 – қарыз қаражаттары бойынша тәуекел үшін сыйақы (нарықтық мөлшерлеменің тәуекелсіздік мөлшерлемеден асуы), %; T – табысқа салық салу мөлшерлемесі, %.

Капитализациялау әдісі.

Капитализациялау әдісі дисконттау әдісіне ұқсас, бизнестің құны оның болашақтағы табысының бүгінгі құнымен анықталады.

Бұл әдіс компанияның қызмет ету мерзімі шексіз ұзақ және табыстары тұрақты болады деген сенім болғанда қолданылады.

Әдісті қолдану келесі процедураларды жүзеге асыруды қарастырады:

- қаржылық есепті дайындау мен талдау;
- капитализацияланатын пайданы бағалау;
- капитализациялау мөлшерлемесін есептеу;
- компанияның алдын ала құнын есептеу;
- жұмыс істемейтін активтердің болуына қарап түзету енгізу;
- акционерлік капитал үлесінің көлеміне түзету;
- өтімділікке түзету.

Қаржылық есепті талдау кезінде бір жолғы және тұрақсыз табыстар мен шығыстар анықталып, бос ақша ағыны мен басқа да қажетті есептеулер жасалады.

Капитализацияланатын пайданы бағалауда есептеуге ненің негіз болатынын анықтау керек: ақша ағыны немесе пайда ма, таңдалған көрсеткіш бойынша орташалау мен басқа да түзетулер жүргізіледі.

Капитализациялау мөлшерлемесін анықтау дисконттау мөлшерлемесін анықтауға ұқсас есептеледі.

Бизнестің алдын ала бағасын анықтау мына формула бойынша анықталады:

$$C = CF / (r - g).$$

мұнда CF – бос ақша ағыны немесе пайда; g – бос ақша ағынының өсу коэффициенті (пайда); r – капитализациялау коэффициенті.

9.4. Фирманың ақшалай активтерін басқару

Ақшалай активтерді басқару саясаты кәсіпорынның ағымдық активтерінің жалпы басқа саясатының бөлігі болып танылады.

Ақшалай активтерді басқару саясатының қалыптасу кезеңдері:

- өткен кезеңдегі кәсіпорынның ақшалай активтерін талдау;
- кәсіпорынның ақшалай активтерінің орташа қалдығының оптимизациясы және ақшалай құралдарына айналу уақытын есептеу (кадрлық цикл);
- ақшалай активтердің орташа қалдығын реттейтін тиімді модельді таңдау;
- кәсіпорынның ақша активтерінің тиімді жүйесін құрастыру.

Ақшалай активтердің қалдық өлшеміне кәсіпорынның шаруашылық қызмет процесінде стратегиялық әрекет жасайды, оның абсолюттік төлеу қабілеттілігінің деңгейін анықтайды. Кәсіпорынның барлық қаржылық міндеттемелерін уақытылы есептеп, төлеу қабілеттілігі операциялық циклдің ұзақтылығына әсер етеді.

Сонымен бірге инвестициялық және де қысқа мерзімді инвестициялық мүмкіндіктерді жүзеге асырады.

Алғашқы кезеңде ақшалай активтерін талдау мақсаты – соманы бағалап, ақшалай активтерінің орташа қолма-қол деңгейімен кәсіпорынның төлеу қабілетімен қамтамасыз ету және оларды тиімді қолдану:

- ағымдық активтермен оның динамикасында ақша активтерінің қатысу деңгейі бағаланады;
- қарастырылатын кезеңнің орташа айналым кезеңі және ақша активтерінің айналым саны анықталады.

Ұйымның тұрақты иелігінде болатын ақшалай активтерді немесе ақшалай қаражаттардың қалдығын басқару айналым капиталын қолдануды басқару жүйесінде өте маңызды рөл ойнайды. *Біріншіден*, ағымдағы қызмет тұрғысынан ақшалай қаражаттар үлкен маңызға ие, себебі олар қаржылық және өндірістік үдерістерде үзілістер мен ауытқуларды жоюға қолданылады.

Екіншіден, ақшалай қаражаттар қалдығының мөлшері ұйымның абсолютті төлем қабілеттігі деңгейін анықтайды (өзінің барлық қаржылық міндеттемелері бойынша тез уақытта есептесе алатын мүмкіндігі), айналым активтеріне инвестицияланатын капиталдың көлеміне әсер етеді.

Үшіншіден, ұйымның қызмет етуінің тиімділігін бақылау мен бағалау тұрғысынан қызметтің қандай түрлері ақшалай түсімдер мен ағындардың негізгі көлемін алатынын білген жөн.

Ақшалай активтерді басқару мақсаты – ұйымның тұрақты төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Фирманың ақшалай активтерін басқару келесі алгоритм бойынша орындалады. Алдыңғы кезеңдегі ақшалай активтердің талдауы. Бұл талдаудың негізгі мақсаты – ұйымның төлем қабілеттігін қамтамасыз ету тұрғысынан ақшалай активтердің орташа қалдығының сомасы мен деңгейін бағалау, сонымен қатар оларды қолдану тиімділігін анықтау.

Талдаудың бірінші сатысында ақшалай активтердің ұйымның жиынтық айналым активтеріне қатысу дәрежесі және алдыңғы кезеңдегі оның динамикасы бағаланады.

Бағалау ақшалай активтердің ұйымның жиынтық айналым активтеріне қатысу коэффициентін анықтау негізінде жүргізіледі және келесі формула бойынша анықталады:

$$KK_{aa} = \frac{AA}{АйнаА},$$

мұндағы KK_{aa} – ақшалай активтердің ұйымның жиынтық айналым активтеріне қатысу коэффициенті; AA – қарастырылатын кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы; $АйнаА$ – қарастырылатын кезеңдегі ұйымның айналым активтерінің орташа сомасы.

Талдаудың екінші кезеңінде айналымның орташа кезеңі және қарастырылып отырған кезеңдегі ақшалай активтердің айналым саны анықталады. Мұндай талдау ақшалай активтердің орташа сомасын ақшалай төлемдердің көлемімен (ұйымның теріс ақша ағынымен) қатынасы үшін жүргізіледі.

Ақшалай активтер айналымының орташа кезеңі келесі формула бойынша анықталады:

$$AK_{aa} = \frac{AA}{AKШ_6},$$

мұндағы AK_{aa} – ақшалай активтердің айналымының орташа кезеңі, күн; AA – қарастырылып отырған кезеңдегі ұйымның

жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы; АҚШ_б – қарастырылатын кезеңдегі ақшалай құралдарды шығындаудың бір күндік көлемі.

Осындай жолмен кері көрсеткіштің есебі де жүргізіледі, қарастырылатын кезеңдегі ақшалай активтердің орташа қалдығының айналым саны:

$$AC_{ак} = \frac{AKШ}{AA},$$

мұндағы АС_{ак} – қарастырылатын кезеңдегі ақшалай активтердің орташа қалдығы айналымының саны; АА – қарастырылатын кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтерінің орташа қалдығы; АҚШ – қарастырылатын кезеңдегі ақшалай құралдарды шығындаудың жалпы көлемі.

Талдаудың үшінші сатысында алдындағы кезеңнің жекелеген айлары бойынша ұйымның абсолютті өтімділігінің деңгейі анықталады:

$$K_{abc-o} = \frac{AK + KKC}{KM},$$

мұндағы АҚ – ақшалай құралдар; ҚҚС – қысқа мерзімді қаржылық салымдар; ҚМ – қысқа мерзімді міндеттемелер.

Талдаудың төртінші сатысында ақшалай активтердің бос қалдығының қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларға аудару деңгейі және қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың рентабельділік коэффициенті айқындалады.

Ақшалай активтердің бос қалдығының қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларға аудару деңгейі келесі формула бойынша анықталады:

$$AD_{кки} = \frac{ККИ * 100}{AA},$$

мұндағы АД_{кки} – ақшалай активтердің бос қалдығының қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларға аудару деңгейі, %-да; ҚҚИ

– қарастырылатын кезеңдегі қысқа мерзімді қаржылық инвестиция нысанындағы ақшалай эквиваленттердің орташа қалдығы; АА – қарастырылатын кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтерінің орташа қалдығы.

Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың рентабельділік коэффициенті – ақшалай қаражаттардың эквиваленттері келесі формула бойынша есептеледі:

$$PK_{кки} = \frac{ККИ * 100}{АА},$$

мұндағы $PK_{кки}$ – қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың рентабельділік коэффициенті; АА – қарастырылатын кезеңдегі ұйымның бос ақшалай активтерді инвестициялаудан түскен пайда сомасы; ҚҚИ – қарастырылатын кезеңдегі қысқа мерзімді қаржылық инвестиция нысанындағы ақшалай эквиваленттердің орташа қалдығы.

Жүргізілген талдау нәтижелері ұйымның ақшалай активтерін басқарудың жекелеген параметрлерін жасау процесінде қолданылады.

Ұйымның ақшалай активтерінің орташа қалдығын оңтайландыру. Мұндай оңтайландыру бұл қалдықтың жекелеген түрлерінің алдағы уақытта қажет болатын мөлшерін есептеу жолымен қамтамасыз етіледі.

Ақшалай активтердің операциялық (трансакциялық) қалдығына деген қажеттілік олардың ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыруға қажетті минималды сомасымен сипатталады. Бұл соманың есебі жоспарланған ағымдағы шаруашылық қызметке негізделеді. Бұл соманың есебі операциялық қызмет бойынша (ақшалай қаражаттардың түсу мен шығындалу жоспарының тиісті бөлімінде) теріс ақшалай ағынның жоспарлы көлеміне және ақшалай активтерінің айналымының санына негізделеді. Ақшалай активтердің операциялық қалдығының жоспарлы сомасын есептеу үшін келесі формула анықталады:

$$AAo = \frac{ЖК_{ma}}{AC_{aa}},$$

мұндағы AA_o – ұйымның ақшалай активтерінің операциялық қалдығының жоспарлы сомасы; $ЖК_{та}$ – ұйымның операциялық қызмет бойынша теріс ақшалай ағынының (ақшалай қаражаттардың шығындалу сомалары) жоспарлы көлемі; AC_{aa} – жоспарлы кезеңде ақшалай активтердің орташа қалдығы айналымының саны.

Ақшалай активтердің операциялық қалдығының жоспарлы сомасының есебі талдау үдерісінде ұйымның операциялық қызметімен байланысты барлық төлемдердің жүзеге асырылуын уақытылы қамтамасыз еткені анықталса, олардың есепті көрсеткішінің негізінде жүзеге асырыла алады. Осы жағдайда есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$AA_o = AA_{\phi} + \frac{ЖК_{та} - \Phi K_{ма}}{AC_{aa}},$$

мұндағы AA_o – ұйымның ақшалай активтерінің операциялық қалдығының жоспарлы сомасы; AA_{ϕ} – өткен кезеңдегі ұйымның ақшалай активтерінің операциялық қалдығының фактілі орташа сомасы; $ЖК_{та}$ – ұйымның операциялық қызмет бойынша теріс ақшалай ағынының (ақшалай қаражаттардың шығындалу сомалары) жоспарлы көлемі; $\Phi K_{та}$ – өткен кезеңдегі ұйымның операциялық қызмет бойынша теріс ақшалай ағынының (ақшалай қаражаттардың шығындалу сомалары) фактілі көлемі; AC_{aa} – жоспарлы кезеңде ақшалай активтердің орташа қалдығы айналымының саны.

Ақшалай активтердің сақтандыру (резервті) қалдығына деген қажеттілік олардың операциялық қалдығының есептелген сомалары мен алдыңғы кезеңдегі жекелеген айлары бойынша ақшалай қаражаттардың түсуінің әркелкілік коэффициенті (вариация коэффициенті) негізінде анықталады. Ақшалай активтердің сақтандыру қалдығының жоспарлы сомасын есептеу үшін төмендегідей формула қолданылады:

$$AA_c = AA_o * BK_{акт},$$

мұндағы AA_c – ұйымның ақшалай активтерінің сақтандыру қалдығының жоспарлы сомасы; $BK_{\text{акт}}$ – есепті кезеңде ақшалай қаражаттардың түсуінің вариация коэффициенті.

Ақшалай активтердің өтемақылық қалдығына деген қажеттілік банктік қызмет көрсету туралы келісіммен анықталған мөлшерде жоспарланады. Егер де ұйымға есептік қызмет көрсететін банкпен жасалған келісім мұндай талапты қарастырмаса, онда ақшалай активтер қалдығының түрі жоспарланбайды.

Жоспарлы кезеңдегі ақшалай активтердің орташа қалдығының жалпы мөлшері олардың жекелеген түрлеріне деген есептелген қажеттіліктерді қосу жолымен анықталады.

$$AA = AA_o + AA_c + AA_o + AA_u,$$

мұндағы AA – жоспарлы кезеңдегі ұйымның айналым активтерінің құрамындағы ақшалай активтердің орташа сомасы;

AA_o – жоспарлы кезеңдегі ақшалай активтердің операциялық қалдығының орташа сомасы; AA_c – жоспарлы кезеңдегі ақшалай активтердің сақтандыру қалдығының орташа сомасы; AA_o – жоспарлы кезеңдегі ақшалай активтердің өтемақылық қалдығының орташа сомасы; AA_u – жоспарлы кезеңдегі ақшалай активтердің инвестициялық қалдығының орташа сомасы.

Ақшалай активтер ұйымның қаржылық міндеттемелерінің екі түрі – шұғыл (орындалу мерзімі бір айға дейін) және қысқа мерзімді (орындалу мерзімі үш айға дейін) міндеттемелердің төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үдерісінде анықтаушы рөлді атқарады, орындалу мерзімі бір жылға дейінгі ағымдағы міндеттемелер айналым активтердің басқа түрлерімен қамтамасыз етіледі. Ақшалай активтер қалдығының жиынтық деңгейін бақылау ұйымның төлем қабілеттілігін қамтамасыз етуде келесі критерийлерге сүйенуі тиіс:

- шұғыл міндеттемелер \leq ақшалай активтердің қалдығы;
- қысқа мерзімді міндеттемелер \leq ақшалай активтердің қалдығы + ағымдағы дебиторлық қарызды жүзеге асырудың таза құнының мөлшері.

Ұйымның ақшалай қаражаттарының эквиваленттері – қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың қалыптастырылған портфельінің тиімділігінің деңгейін бақылау төмендегі критерийлерге сүйенуі тиіс:

- портфельдің тұтастай және жекелеген инструменттерінің табыстылығының деңгейі \geq тәуекелдің тиісті деңгейіндегі қысқа мерзімді инвестициялар табыстылығының орташа нарықтық деңгейі;
- инвестициялаудың әрбір инструментінің табыстылық деңгейі $>$ инфляция темпі.

Фирманың ақша қаражаттарын басқару жүйесі экономикалық шешімдерді қабылдауда жоғары үлеске ие болып табылады. Ақша қаражаттарын басқару шешімін дұрыс қабылдауда инвесторлар, кредиторлар және акция иелері маңызды.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Ақша ағындарының экономикалық мәні мен мазмұнын сипаттаңыз.
2. Ақша ағындарының ақпараттық негіздеріне не жатады?
3. Ақша ағындарын болжамдау мен жоспарлау қалай жүргізіледі?
4. Фирманың ақшалай активтерін басқару жөнінде не білесіз?

Есептер

Фирманың қаржылық есебін талдау негіздері

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде келесі көрсеткіштерді талданыз.

1. Баланс активінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасы мен оның пассивінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасына теңдігін тексеріңіз.

$$A(I+II)=П(I+II+III).$$

Фирма қаражаттары екі аспектіде көрсетілген:

– құрамы мен таратылуы бойынша;
– қалыптасу көздері (қаржыландыру) бойынша талдау жүргізіп, оған тұжырымдама жасаңыз.

2. Ережеге сай активтің екінші бөлімінің жиыны пассивтің үшінші бөлімінің жиынынан аз деп айтылады, осында таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде мына теңсіздіктер сақталады ма қарастырыңыз:

$$A(II) < П(III).$$

3. Қысқа мерзімді активтердің жалпы сомасы қысқа мерзімді міндеттемелердің көлемінен асады деп айтылады. Таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде мына теңсіздіктер сақталады ма қарастырыңыз:

$$A(I) > П(I).$$

4. Берілген теңсіздік алдыңғы теңсіздікпен байланысты. Ол қалыпты жұмыс істеу кезінде айналым қаражаттарының едәуір бөлігі кәсіпорынның өзінің қаржы ресурстары есебінен алынуына бағытталған дегенді таңдалған фирманың қаржылық есебіне сүйеніп сандармен дәлелдеңіз.

5. Меншік қатынастарын сипаттайтын баланс баптарының топтары арасындағы байланыстың нарықтық экономика жағдайында әлдеқайда терең экономикалық мәні бар, ол келесі теңсіздікте көрсетілгендігін таңдалған фирманың қаржылық есебіне сүйеніп сандармен дәлелдеңіз.

$$A = C_k + П_k,$$

мұндағы А – кәсіпорынның активтері; Ск – меншікті капитал; Пк – міндеттемелер.

Берілген теңдік кәсіпорынның барлық активтері (А) негізінен екі түрлі көзден тұратынын көрсетеді: меншікті капитал (Ск) және міндеттемелер (Пк).

2-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде *көлденең (ұақытшиа) талдау* – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру қажет. Өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтаңыз.

3-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде *тікелей (құрылымдық) талдау* – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау қажет. Баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтаңыз.

4-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде *трендік талдау* барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен жыл басы мен жыл соңы көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеңіз.

Фирманың қаржылық капиталының құрамы мен құнын талдау

1-есеп. Капитал құрылымын Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде сандарын қарастырып талдаңыз, мөлшері жыл басында қанша, жыл соңында қанша болды. Ол өзгеріске әсер еткен факторларды атап өтіңіз.

Мына көрсеткіштерді талдаңыз:

1. Меншікті капитал.
2. Жарғылық капитал.
3. Қосымша капитал.
4. Резервтік капитал.
5. Фирманың басқа да резервтері.
6. Қарыз капиталы.
7. Қарыз капиталының құны (K_3).
8. Айналым қаражаттарының жүктеу коэффициенті.
9. Күнмен есептелген бір айналымның ұзақтығы.
10. WACC.

2-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде қаржы ресурстарының көздерін талдаңыз:

- меншікті қаржы ресурстарының көздері: өнім өткізуден түскен табыс; субъектінің сыртқы экономикалық қызметі; мүлік;
- шаруашылық жүргізуші субъектісінің меншікті қаражаттарына теңестірілетін қаражаттар: тұрақты пассивтер нысанындағы жалақы; қосымша жалақы – қызметкерлердің демалыстарын төлеуге арналған ақша;
- қаражаттарды қайта бөлу тәртібімен алынатын көздер: жоғары инстанциялардан алынатын қаражаттар; сақтық өтеулері.

3-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде жарғылық капитал мөлшерінің заңға сәйкестігін талдаңыз.

4-есеп. Кәсіпорынның сатылған өнімнің жоспарланған шығындары $Зр=1630$ мың тг., жоспарлы жыл басына сатылмай қалған өнімнің қалдығы $O_1=85$ мың тг., жоспарлы жыл соңына сатылмай қалған өнімнің қалдығы $O_2=90$ мың тг., жоспарлы жылдың жоспарланған өзіндік құны бойынша тауарлы өнімі $ТП=950$ мың тг. Кәсіпорынның жоспарлы жылғы өндірістен тыс шығыстарын анықтаңыз.

5-есеп. Кәсіпорынға сатылған өнімнің жоспарланған шығындарын есептеңіз. Жоспарлы жылдың басындағы сатылмай қалған өнім қалдығы $O_1=6$ млн тг., жоспарланған өзіндік құны бойынша тауарлы өнімі $ТП=19$ мың тг., жыл соңында сатылмай қалған өнім қалдығы $O_2=4$ млн тг., өндірістен тыс шығындары $C=24$ млн тг.

6-есеп. Жоспарлы жылдың пайдасын есептеңіз.

O_1 – жоспарлы жылдың басындағы өткізілмей қалған өнімдердің өткізу құны бойынша қалдықтары = 6 млн тг.;

$V_{тп}$ – жоспарлы жылдағы өткізу құны бойынша тауарлы өнім = 28 млн тг.;

O_2 – жоспарлы жылдың соңындағы өткізілмей қалған өнімдердің өткізу құны бойынша қалдықтар = 7 млн тг.;

O_1 – жоспарлы жылдың басындағы өткізілмей қалған өнімдердің өзіндік құны бойынша қалдықтары = 5 млн тг.;

$ТП$ – жоспарлы жылдағы өзіндік құны бойынша тауарлы өнім = 24 млн тг.;

O_2 – жоспарлы жылдың соңындағы өткізілмей қалған өнімдердің өзіндік құны бойынша қалдықтар = 6 млн тг.;

C – өндірістен тыс шығындары = 1 млн тг.

7-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирма-

ның қаржылық есебі негізінде *қор қайтарылымдылығы, қор сыйымдылығы, қормен қаруландыру* көрсеткіштерін есептеңіз. Қормен қаруландыру көрсеткішін есептеу үшін жұмысшылар саны туралы ақпараттар болмаса ҚР сәйкесті заңына сүйене жұмысшылар санын өзіңіз белгілеңіз. Мысалы, фирма акционерлік нысанға жатса, ҚР АҚ туралы заңына сәйкес жұмысшылар санын қолдансаңыз болады.

Қаржылық тұтқа мен капитал құрылымы. Капитал құрылымы туралы шешім қабылдау

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде қаржылық тұтқа мен капитал құрылымын талдаңыз. ЭФР деңгейін, меншік қаражаттарының рентабельділігін анықтап талдау жасаңыз.

2-есеп. «Лайық» ЖШС орташа пайыздық ставкасын табыңыз. Кәсіпорын талдау кезеңде бірнеше банк несиелері қолданылады. Бизнестің дамуында АБС банкінің несиесі – 5000000 тг., жылдық пайызы – 25%. «Евро» банктің несиесі – 7500000 тг., жылдық пайызы – 14%. «Агро» банктің несиесі – 300000 тг., жылдық пайызы – 19%. Сонымен қатар «Лужок» ЖШС 1000000 тг. уақытша қаржылық көмекпен қолданылады.

3-есеп. Кәсіпорынның бір дана өнімінің бағасы – 9300 теңге. Өзгермелі шығындар – 1800 теңге. Тұрақты шығындар – 5500 теңге. Жалдау төлемдері өсуіне байланысты тұрақты шығындар 8%-ға өседі. Тұрақты шығындардың өсуі рентабельділік шегіне қалай әсер етеді?

4-есеп. Өнімнің сату құны – 250 000 мың теңге, басқа кәсіпорынның көрсеткен қызметінің құны – 142 000 мың теңге, еңбекақы қоры – 50000 мың теңге, амортизациялық қоры – 20000 мың теңге, актив мөлшері – 500000 мың теңге. Активтердің экономикалық рентабельділігін анықтаңыз.

5-есеп. Талдау кезеңінде «Радуга» АҚ-ның несие бойынша ұсталымдар «Туран Алем» банкіне 15000000 теңгені құрайды, ал «ВСС» банкіне 20000000 теңгені құрайды. Талдау кезеңінде қолданылатын қарыздар сомасы 85000000 теңгені құрайды. Пайыз бойынша орташа есеп мөлшерлемесін анықтаңыз.

6-есеп. Дифференциал мөлшерін анықтаңыз. Егер кәсіпорынның экономикалық рентабельділігі 27%-ды құраса, онда несиелер тиімді болады ма? Несиелер бойынша ұсталымдар: 1) 6000000 тг.; 2) 3000000 тг. Талдау кезеңінде қарыздар сомасы – 20000000 тг.

7-есеп. Талдау кезеңінде кәсіпорын несие бойынша ұсталымдар «Альянс» банкіне 45000000 теңгені құрайды, ал «АТФ» банкіне 20000000 теңгені құрай-

ды. Талдау кезеңінде қолданылатын қарыздар сомасы 85000000 теңгені құрайды. Пайыз бойынша орташа есеп мөлшерлемесін анықтаңыз.

8-есеп. Қаржылық тұтқа әсерінің мөлшерін табыңыз. Егер кәсіпорынның экономикалық рентабельділігі 35%-ды құраса, онда несиелер тиімді болады ма? Несиелер бойынша ұсталымдар: 1) 2300000 тг.; 2) 4800000 тг. Талдау кезеңінде заемдық сомасы – 23800000 тг. Кәсіпорынның меншік капиталы – 15000000 тг. Заемдық сомасы 23800000 теңгені құрайды.

9-есеп. Кәсіпорынның меншік капиталы 15000000 тг., қарыздар сомасы 20000000 теңгені құрайды. Тұтқа иығын анықтаңыз. Кәсіпорынның капитал құрылымы қандай жағдайда?

10-есеп. Қаржылық тұтқа әсерінің мөлшерін табыңыз. Егер кәсіпорынның экономикалық рентабельділігі 35%-ды құраса, онда несиелер тиімді болады ма? Несиелер бойынша ұсталымдар: 2300000 тг.; 2) 4800000 тг. Талдау кезеңінде заемдық сомасы – 23800000 тг.

Операциялық талдау: мазмұны мен жүргізу тәртібі

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде операциялық тұтқаның әсер ету күшінің өлшемін, рентабельділік шегін, қаржы тұрақтылық босалқы қорының мөлшерін анықтаңыз.

2-есеп. «Кәусар» ШЖС тауар сатылымынан түскен табыс – 999 994 мың тг. Өндіріске кететін шығындардың 55%-ы тұрақты шығыстардың үлесінде. Өнім өндірісіне кететін шығындар – 990 000 мың тг. Операциялық тұтқаның әсер ету күшінің өлшемін анықтаңыз. Тұрақты шығыстардың жабылу көлемін және жоспарлы шығындардың мөлшерін табыңыз.

3-есеп. «Арман» кәсіпорнының есепті кезеңдегі тауар сатылымынан түскен табыс – 550 777 мың тг. Жоспарлы жылда өндіріс көлемі 3%-ға өседі деп күтілуде. Жоспарлы жылдың өндіріске кететін шығындарының 55%-ы өзгермелі шығыстардың үлесінде. Жоспарлы жылы өнім өндірісіне кететін шығындар 450 000 мың теңгені құрайды. Операциялық тұтқаның әсер ету күшінің өлшемін анықтаңыз. Тұрақты шығыстардың жабылу көлемін және жоспарлы шығындардың мөлшерін табыңыз.

4-есеп. Тауар сатқаннан соң түскен табыс мөлшері – 550 654 мың тг. Өндіріске кеткен шығындардың 48%-ы өзгермелі шығыстардың үлесінде. Өнім өндірісіне кететін шығындар – 420 000 мың тг. Операциялық тұтқаның әсер ету күшінің өлшемін анықтаңыз. Тұрақты шығыстардың жабылу көлемін және жоспарлы шығындардың мөлшерін табыңыз.

5-есеп. Компанияның өзгермелі шығындары – 450654 мың тг., тұрақты шығындары – 320000 мың тг. Өнімді өткізуден түскен түсім көлемі – 870000 мың теңге. Операциялық тұтқа әсерін анықтаңыз.

6-есеп. Рентабельділік шегін анықтаңыз. Компанияның тұрақты шығындары – 320000 мың тг., өзгермелі шығындары 780654 мың тг. Өнімді өткізуден түскен түсім көлемі – 1470000 мың теңге.

7-есеп. Кәсіпорынның бір дана өнімінің бағасы – 9300 теңге. Өзгермелі шығындар – 1800 теңге. Тұрақты шығындар – 5500 теңге. Жалдау төлемдері өсуіне байланысты тұрақты шығындар 8%-ға өседі. Тұрақты шығындардың өсуі рентабельділік шегіне қалай әсер етеді?

8-есеп. Рентабельділік шегін есептеңіз. Компанияның тұрақты шығындары – 678 200 мың тг., өзгермелі шығындары – 780000 мың тг. Өнімді өткізуден түскен түсім көлемі – 5555000 мың теңге.

9-есеп. Тауарды өткізуден түскен түсім – 450 654 мың тг. Өнімді өндіру шығыстары 400 000 мың теңгені құрайды. Өндіріске жұмсалған өзгермелі шығыстардың үлесі 45%-ды құрайды. Операциялық тұтқаның әсер ету күшін анықтаңыз, тұрақты шығыстар, жоспарланған шығыстардың көлемі қандай?

Табыстарды бөлу: дивидендтік саясат пен фирманың нарықтық құнын реттеу

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде табысын бөлу мен кәсіпорынның дивидендтік саясатына сәйкес кәсіпорынның иелігінде (өкімінде қалған) табысын талдаңыз.

2-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) корпоративтік кодекспен танысып, «Акционерлік қоғамдар» туралы ҚР заңына, 33-ХҚЕС және таңдалған фирманың Жарғысына сүйене отырып, кәсіпорынның дивидендтік саясатын құрыңыз.

3-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде кәсіпорынның иелігінде (өкімінде қалған) табысын бөлу тәртібін қарастырыңыз. Резервтерді құруға қанша қаражаттар кетеді, ол бөлу заңға сәйкес келе ме? Тұтынуға және қорлану қорына қанша қаражаттар бөлінуі керек?

4-есеп. Ағымды дисконтталған актив құнын (D) анықтаңыз. 5 жылға инвестицияланған жыл сайынғы активтен түсетін болашақ табыс – 5000 млн теңге. Банктің пайыздық нормасы – 22%.

5-есеп. Ағымды дисконтталған актив құны – 8000 млн теңге. 7 жылға инвестицияланған жыл сайынғы активтен түсетін болашақ табыс – 15000 млн теңге. Банктің пайыздық нормасын табыңыз.

6-есеп. Акцияға базалық табыс көлемін анықтаңыз. Ұйымның жай акциялар иелеріне тиісті таза табысы – 8000 млн теңге, кезеңдегі айналыста жүрген жай акциялардың орташа салмақталған мөлшері – 5000 мың теңге.

7-есеп. 2014 жылы АҚ-ның таза табысы 500 000 000 теңгені құрады, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер 240 000 000 теңге мөлшерінде есептелінді, онда есептік кезең үшін жай акциялар бойынша бөлу үшін таза табыс қанша теңгені құрайды?

8-есеп. Фирманың қорлану қоры қандай мөлшерде қалыптасады және қандай мақсаттарға пайдаланылады? Кәсіпорын иелігінде қалатын табыс (пайда) – 20000 млн теңге; негізгі қорларды қалпына келтіру үшін амортизациялық аударымдар – 18 млн теңге; есептен шығарылған мүлікті өткізуден түскен түсім – 5 млн теңге; банк кредиттері – 2120 млн теңге.

9-есеп. Фирманың қорлану қоры – 280 млн теңге, оны кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландыру үшін келесі мақсаттарға пайдаланылады:

- негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін;
- ғылыми-техникалық даму, жаңа өнімді игеру үшін;
- өндірістік инфрақұрылымның құрылыстық объектілерінде өз бөлігімен қатысу (автомобильдік жолдардың, есептеуіш орталықтардың, жөндейтін, энергетикалық құрылыстардың және т.б. өндірістердің);
- құрылыс және әлеуметтік инфрақұрылымның құрылыстық объектілерінде өз үлесімен қатысу (кісі тұратын үйлердің, клубтардың, демалыс үйлерінің, пансионаттарының, шипажайлардың, емханалардың, ауруханалардың, балалар мекемелерінің, спорттық объектілердің және салулардың қолғабысшы ауылшаруашылық өндірістерінің).

Фирманың қорлану қорын аталған мақсаттарға тиімді бөліңіз.

Инвестициялық талдау негіздері

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде CFt – табыстардың таза ақша ағыны мен IC – шығындардың ақша ағындары ретінде «Ақша қаражаттарының қозғалысы» туралы қаржылық есептің 3 немесе 5 жыл аралығындағы ақпараттарын қолдана (PP = 3 немесе 5 жыл болады), CFt > IC теңсіздігін есептеп, инвестициялардың тиімділігін талдаңыз.

2-есеп. Пайданың қарапайым мөлшер әдісі (Accounting Rate of Return – ARR) бойынша қай жоба тиімді екенін анықтаңыз. «А» жобасынан таза бух-

галтерлік пайда – 257000 мың теңге; «Б» жобасынан таза бухгалтерлік пайда – 259000 мың теңге; инвестициялар – 3000000 мың теңге.

3-есеп. Жобаның басындағы инвестициялар сомасы – 3000 000 мың теңге, жобаның өмір сүру ұзақтығындағы ақша ағынының бүгінгі құны – 3200 000 мың теңге. Таза келтірілген құнды анықтаңыз.

4-есеп. Дисконтталған табыстардың жалпы жинақталған құнын мына формула бойынша есептеңіз:

$$PV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t}.$$

Егер дисконт нормасы – 12%; жобаны жүзеге асырудағы кезеңдер саны – 5 жыл; кезеңіндегі төлемдердің таза ағыны: CF_1 – 1200 мың теңге, CF_2 – 1200 мың теңге, CF_3 – 1250 мың теңге, CF_4 – 1300 мың теңге, CF_5 – 1400 мың теңге болса.

5-есеп. Дисконт нормасы – 16%; жобаны жүзеге асырудағы кезеңдер саны – 4 жыл; кезеңіндегі төлемдердің таза ағыны: CF_1 – 1300 мың теңге, CF_2 – 1300 мың теңге, CF_3 – 1300 мың теңге, CF_4 – 1300 мың теңге, жобаның басындағы инвестициялар сомасы – 3000 000 мың теңге. NPV қанша болады? Жоба жүзеге асырыла алады ма? Неге?

Айналым капиталын тиімді пайдалану

1-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде айналым капиталының айналымдылық коэффициентін, күндермен белгіленген айналым капиталының айналымдылығын, айналым капиталын тиеу коэффициентін анықтаңыз.

2-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде автономия коэффициентін, капиталды иммобилизациялау коэффициентін, босалқы қорлардың меншікті айналым капиталымен қамтамасыз етілуін, айналым капиталының меншік капиталымен қамтамасыз етілу коэффициентін есептеп талдаңыз.

3-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде жалпы өтімділік коэффициентін, критикалық өтімділік коэффициентін, абсолютті өтімділік коэффициентін, таза айналым капиталын анықтаңыз.

4-есеп. Ақша қаражаттарының айналу циклін анықтаңыз. Босалқы қорлар айналу уақыты – 240 күн, дебиторлық борыштардың өтелу уақыты – 90 күн, кредиторлық борыштың айналымдылық кезеңі – 60 күн.

5-есеп. Меншікті айналым капиталын анықтаңыз. Меншік қаражаттарының көздері – 500 000 мың теңге. Айналымнан тыс активтер – 450 000 мың теңге. Инвестициялық қажеттілікке ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар – 50 000 мың теңге.

6-есеп. Меншікті айналым капиталын анықтаңыз. Ағымдағы активтер (айналым қаражаттары) – 345850 мың теңге, ағымдағы пассивтер (кредиторлық борыштар) – 354000 мың теңге. Нәтижесін талдап, себептерін түсіндіріңіз.

7-есеп. Меншікті айналым капиталының мөлшерін табыңыз. Ағымдағы активтер – 500000 мың теңге. Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар – 400741 мың теңге.

Ақша ағындарын талдау, болжамдау мен жоспарлау

1-есеп. Таза ақша ағымының жоспарлы сомасын есептеңіз. Операциялық қызмет бойынша кәсіпорынның жоспарлы таза пайда сомасы – 689 000 мың теңге; негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы – 257893 мың теңге.

2-есеп. Фирманың таза ақша ағымының жоспарлы сомасын табыңыз. Өнімді сатудан түсетін ақша қаражаттарының жоспарлы түсім сомасы – 750000 мың теңге; операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының жоспарлы шығындар сомасы – 689741 мың теңге.

3-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде компанияның капитал құнының (Weighted Average Cost of Capital) орташа салмақты деңгейін анықтаңыз. Егер тәуекелсіздік мөлшерлеме – 5%; тәуекел үшін сыйақы (нарықтық мөлшерлеменің тәуекелсіздік мөлшерлемеден асуы) – 8%; компанияның спецификалық тәуекелі – 3%, қарыз қаражаттары бойынша тәуекел үшін сыйақы (нарықтық мөлшерлеменің тәуекелсіздік мөлшерлемеден асуы) – 5%; табысқа салық салу мөлшерлемесі – 20% болса.

4-есеп. Ақшалай активтердің ұйымның жиынтық айналым активтеріне қатысу коэффициентін табыңыз. Қарастырылатын кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы – 520 300 мың теңге, қарастырылатын кезеңдегі ұйымның айналым активтерінің орташа сомасы – 498 200 мың теңге.

5-есеп. Қарастырылатын кезеңдегі ақшалай құралдарды шығындаудың біркүндік көлемін анықтаңыз. Ақшалай активтердің айналымының орташа ке-

зеңі – 160 күн; қарастырылып отырған кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы – 520 300 мың теңге.

6-есеп. Қарастырылатын кезеңдегі ақшалай активтердің орташа қалдығының айналым санын анықтаңыз. Қарастырылатын кезеңдегі ұйымның жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы – 580 750 мың теңге. Қарастырылатын кезеңдегі ақшалай құралдарды шығындаудың жалпы көлемі – 560 000 мың теңге.

7-есеп. Абсолютті өтімділігінің деңгейін анықтаңыз. Ақшалай құралдар – 560 000 мың теңге; қысқа мерзімді қаржылық салымдар – 375 000 мың теңге; қысқа мерзімді міндеттемелер – 427 000 мың теңге.

8-есеп. Ақшалай активтердің бос қалдығының қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларға аудару деңгейін анықтаңыз. Қарастырылатын кезеңдегі қысқа мерзімді қаржылық инвестиция нысанындағы ақшалай эквиваленттердің орташа қалдығы – 440500 мың теңге; қарастырылатын кезеңдегі жиынтық ақшалай активтердің орташа қалдығы – 645000 мың теңге.

9-есеп. Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың рентабельділік коэффициенті – ақшалай қаражаттардың эквиваленттерін есептеңіз.

Қарастырылатын кезеңдегі ұйымның бос ақшалай активтерді инвестициялаудан түскен пайда сомасы – 250 000 мың теңге; қарастырылатын кезеңдегі қысқа мерзімді қаржылық инвестиция нысанындағы ақшалай эквиваленттердің орташа қалдығы – 357 000 мың теңге.

10-есеп. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz) эмитенттер тізімінен листинг тобындағы кәсіпорындардың ішінен таңдалған фирманың қаржылық есебі негізінде ұйымның ақшалай активтерінің операциялық қалдығының жоспарлы сомасын; ақшалай активтерінің операциялық қалдығының жоспарлы сомасын; ұйымның ақшалай активтерінің сақтандыру қалдығының жоспарлы сомасы мен жоспарлы кезеңдегі ұйымның айналым активтерінің құрамындағы ақшалай активтердің орташа сомасын анықтаңыз.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің түрі:

1. Инвестициялық қызмет
2. Өндірістік
3. Инновациялық
4. Амортизациялық
5. Бюджеттік

2. Даяр өнімді бағалаудың келесі түрі қолданылады:

1. Толық өзіндік құны
2. Сатып алу құны
3. Нақты үзілген құны
4. Әдеттен тыс құны
5. Сату құны

3. Кіріс пен залалдың құрамына кіреді:

1. Табиғи апаттың өтелмейтін залалы
2. Өзге шығыстар
3. Кірістер
4. Операциялық алынған кірістер
5. Залалдан түскен шығыстар

4. Жинақтау қорлары:

1. Әлеуметтік салаға ҚС
2. Қаржы салымдары
3. Қызметкерлері
4. Зейнетақы қорлары
5. Резервтік қорлары

5. Резерв қорлары:

1. Кепілдік қорлары
2. Зейнетақы қорлары
3. Несие қоры
4. Бөлінбеген таза пайда
5. Ауыстырылатын қалдығы

6. Кәсіпорын иелігінде қалатын таза кіріс түрлері:

1. Резервтік қорлары
2. Меншік капиталы

3. Капиталдар
4. Капитал активтерінің үлесі
5. Сатып алынған көлемі

7. Сату құны дегеніміз не?

1. Актив үшін төлейтін
2. Шығыстары
3. Кірістері
4. Шығыстары мен кірістері
5. Айырбас

8. Қаржы қызметі:

1. Меншік капиталы
2. Таза кіріс
3. Түсімдер
4. Жеке тұлға
5. Заңды және жеке тұлға

9. Операциялық қызмет және:

1. Инвестициялық
2. Жеке тұлға кірісі
3. Қаржы қызметіне жататын қызмет
4. Қысқа мерзімді активтер
5. Қысқа мерзімді пассивтер

10. Негізгі емес қызметтен алынатын кіріс:

1. Негізгі емес қызметтен пайда болатын кіріс
2. Кезең шығыстары
3. Өзге шығыстар
4. Таза кірістен бөлінетін бөлігі
5. Дағдылығы қызметтен салық

11. Тұтыну қорлары:

1. Сыйақы төлеу қорлары
2. Негізгі қорлар
3. АҚ резерв қоры
4. Сақтандыру қоры
5. Жөндеу қоры

12. Кәсіпорынның меншік иесі алатын кіріс көзі және ұйымның одан әрі өсу көзі:

1. Таза пайда
2. Резервтік қор
3. Арнайы қор
4. Меншікті қаражат
5. Қарыз қаражаты

13. Кәсіпорын иелігінде қалатын таза кірісті қайда бөледі?

1. Жинақтау қорларына
2. Несие алуға
3. Операциялық қызметке
4. Даяр өнімді бағалауға
5. Инвестиция тартуға

14. Кәсіпорынды басқарушы меншік иелері:

1. Жарнашылар
2. Жеке тұлғалар
3. Банктер
4. Қарыз берушілер
5. Жеткізушілер

15. Акционерлік қоғамда салық төлегеннен кейін төленеді:

1. Дивиденд
2. Арнайы қор
3. Тұтыну қоры
4. Жинақтау қоры
5. Айыппұл

16. Қандай қорлар кәсіпорынның резерв қорларына жатады?

1. АҚ резерв қорлары
2. Дивидендтер
3. Қаржы салымдары
4. Кәсіпкерлік пайда
5. Тұтыну қорлары

17. Нарықтық қатынас жағдайында кез келген кәсіпорын келесі-дей қызмет түрлерінен кіріс алуы мүмкін:

1. Негізгі
2. Ақпараттық
3. Техникалық
4. Несиелік
5. Күрделі

18. Кәсіпорынның шаруашылық қызметі түрлері?

1. Инвестициялық қызмет
2. Өндірістік
3. Инновациялық
4. Амортизациялық
5. Бюджеттік

19. Кәсіпорын иелігінде қалатын таза кіріс бөлінеді:

1. Резервтік қорларға
2. Капитал активтерінің үлесі

3. Сатып алынған көлеміне
4. Қарыз капиталына
5. Капиталдарға

20. Қаржы есебінде және түсіндірме жазбада да әрбір тоқтатылған операция үшін мыналарға жатады:

1. Үзілген операцияның түрі
2. Үйлесімді операция түрі
3. Операция қаржы есебінің мақсатында құрамына енгізілген салалық
4. Географиялық сегмент
5. Қаржы есебінің мақсатында құрамына енгізілген салалық және географиялық сегмент

21. Сату құны дегеніміз не?

1. Айырбас
2. Шығыстары
3. Актив үшін төлейтін
4. Кірістері
5. Шығыстары мен кірістері

22. Бухгалтерлік есеп-қисаптың қаржысын талдаудың түрлері:

1. Салыстырмалы, трендтік, факторлық
2. Әртараптандырылған
3. Есептеу
4. Кері бағамдық тәсіл арқылы
5. Бөлу, антисипавтық тәсіл арқылы

23. Холдингтік компанияның қандай артықшылықтары бар?

1. Тәуекелді жою, элиминациялау
2. Шаруашылық қызметте өзін-өзі реттеу
3. Трансакциялық шығынның төмендігі
4. Білікті кәсіпкерлердің шоғырлануы
5. Шектеулі жауапкершілік

24. Корпорацияны қаржыландырудың ең тиімді тәсілдерін көрсетіңіз:

1. Міндеттеме бойынша төлемді кешіктіру есебінен қаржыландыру
2. Өзге кіріс есебінен қаржыландыру
3. Мемлекеттің бюджет жүйесімен
4. Салық төлемі арқылы есебінен
5. Тегін қаржы бөлу есебінен

25. Бюджетті дайындауда қолданылатын ақпараттар:

1. Күрделі салым мен оларды қаржыландыру көзі мөлшерінің болжамы

2. Бастапқы болжамдық деректер
3. Актив пен пассив балансының болжамы
4. Жиынтық бюджет деректері
5. Ақшалай қаражаттың қозғалысы

26. «Капиталды, кірісті және ақша қорын қалыптастыру» функциясы қандай шаруашылық операцияларын атқарады?

1. Капиталды, кірісті және ақша қорының есебін жүргізу мен талдау
2. Тәуекелді жою
3. Ұйымдастырушылық
4. Бөлу және қайта бөлу
5. Өзін-өзі қаржыландыру

27. Корпорация жедел қаржы жұмысын қандай әріптестерімен тұрақты қамтамасыз етеді?

1. Мемлекеттің бюджет жүйесімен
2. Орталық компаниямен
3. Холдингтермен
4. Акционерлік қоғамдармен
5. Шаруашылық серіктестіктермен

28. Корпорацияның қаржы қызметі қандай бағыттарда жүзеге асырылады?

1. Қаржыны жоспарлау, ақша айналымын басқару жөніндегі жедел қызмет
2. Шығынды болжау бойынша
3. Ақша қаражаттары бойынша
4. Бақылау және бөлу жұмысы
5. Қаржы резервтерін құру

29. Негізгі құралдар:

1. Өз құнын жаңа өнімге біртіндеп аударады, ұзақ уақыт пайдаланады
2. Өзінің қасиеті мен түрін сақтамайды
3. Әр өндірістік циклде тұтынылады
4. Өндіріске ақша салымдары
5. Өзінің қасиеті мен түрін сақтамайды

30. Пайданы жоспарлау қажет:

1. Салықтық бюджет құруға, компания құнының болжамды мөлшерін анықтау үшін ақша қаражаттарының қозғалысының болжамды бюджетін қалыптастыру
2. Смета құруға, салықтық емес бюджетті құру, капитал бағасын анықтау,
3. Капитал бағасын анықтау, салықтық емес бюджетті құру
4. Салықтық емес бюджетті құру
5. Жанұялық бюджет құруға, салықтық емес бюджетті құру

31. Жарғылық капитал:

1. Жай акция, артықшылықты акция, жарғылық капиталға салынатын салым мен жарна
2. Өзге активті бағалаудан қалған пайда
3. Негізгі капитал
4. Резервті капитал
5. Орны толмаған залал

32. Қаржылық есеп-қисапты талдау әдістері:

1. Сатылас талдау, қаржы коэффициенттерін есептеу, деңгейлес талдау
2. Бірыңғай әдіс, экстраполяция әдісі
3. Экстраполяция әдісі
4. Сызықтық талдау, экстраполяция әдісі
5. Экспертті әдіс, экстраполяция әдісі

33. Қаржыны жоспарлау міндеті:

1. Құқықтық, есептік және нарықтық ақпарат
2. Дара және күрделі
3. Қысқа мерзімді және ақпарат
4. Ұзақ мерзімді және ақпарат
5. Бюджет жүйесі және ақпарат

34. Негізгі өндірістік құралдарды қалыпқа келтіру келесілер арқылы асырылады:

1. Модернизациялау, реконструкциялау мен жөндеу
2. Жою мен жөндеу
3. Қалыпқа келтіру мен жөндеу
4. Сату мен жөндеу
5. Сатып алу, реконструкциялау

35. Ақша ағынын талдаудың кезеңдері:

1. Ақша ағынының тәуекел деңгейінің бағасы
2. Болжанған ақша ағын мөлшерін есептеу, ақша ағынының нақты құнын анықтау
3. Кіріс деңгейінің бағасы
4. Капиталды қалыптастырудың есебі және талдау
5. Тәуекел деңгейінің бағасы
6. Капиталды талдау
7. Ақша ағынының тәуекел деңгейінің бағасы

36. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастырудың қайнар көздері:

1. Қарыздық, меншік
2. Тартылған
3. Зейнетақыға бөліністер

4. Сақтандыру төлемдері
5. Сыртқы
6. Бағалық
7. Зейнетақылық

37. Корпорацияның іскерлік белсенділік коэффициенттері:

1. Активтердің айналымдылық коэффициенті, өндірістік және қаржылық цикл
2. Материалдық-өндірістік запастың айналымдылық коэффициенті
3. Айналымдылық коэффициенті
4. Материалды емес активтердің айналымдылық коэффициенті
5. Абсолютті өтімділік коэффициенті
6. Ағымды өтімділік коэффициенті
7. Жалпы өтімділік коэффициенті

38. Ақша ағынын талдау кезендері:

1. Ақша ағынының нақты құнын анықтау
2. Ақша ағынының тәуекел деңгейінің бағасы, болжанған ақша ағын мөлшерін есептеу
3. Ақша ағын мөлшерін есептемеу
4. Капиталды тарту
5. Кіріс деңгейінің бағасы
6. Тәуекел деңгейінің бағасы
7. Капиталды қалыптастырудың есебі және талдау

39. Капиталдың салым жіктемесі:

1. Жаңа құрылыс, техникалық қайта жандану және қайта құрылымдау
2. Өндірістік және өндірістік емес бағыттағы объектілер
3. Жұмыстар, қондырғыларды сату
4. Капиталды күн шығындалуы
5. Капиталды қайтарып алу
6. Инвестициялар тиімділігі
7. Инвестициялық қызмет субъектілері

40. Меншіктік капитал құны қалыптасады:

1. Бөлінбеген кіріс құнынан
2. Жай акция құнынан, артықшылығы бар акция құнынан
3. Облигациялық қарыз құны мен лизингтен
4. Капиталдың қарыздық қайнар көз құнынан, облигациялық қарыз құнынан
5. Облигациялық қарыз құнынан
6. Ұзақ мерзімді банктік несие құнынан
7. Қысқа мерзімді қарыздар құнынан

41. Айналым активі мен қысқа мерзімді пассив арасындағы қолайлы арақатынасқа жету үшін:

1. Өндіріс пен өнім өткізу кестесін сақтау, компанияны қаржыландыруға жұмсалатын шығынды барынша төмендету
2. Компанияның өтімділігін біршама жеткілікті деңгейде ұстау
3. Өндіріс кестесін зерттеу
4. Оптималды капитал салуды мақсатты таңдау
5. Төлем қабілеттілікті қолдау
6. Мақсатты қаржыландыру
7. Рынок конъюнктурасын ескеру

42. Негізгі құралдар:

1. Өткізгіш тетіктер, құрылыс машиналары
2. Көлік тасымалдау құралдары, өндіріске арналған үйлер, ғимараттар
3. Дамытуға арналған ақша қаражаты
4. Маусымдық өсімдіктер және көшеттер
5. Өндірісті дамытуға арналған ақша қаражаты
6. Пайдалану мерзімі бір жылдан аспайтын өндіріс құралдары
7. Өндірістің дамуына ақша

43. Айналыс қаражатының элементтері:

1. Ақшалай қаражаттар, дебиторлық берешек
2. Есеп айырысу қаражаты
3. Берешек
4. Мөлшерленетін айналым капиталы
5. Өндіріс қалдықтары (запастар)
6. Болашақтағы мерзім шығындары
7. Аяқталмаған өндіріс

44. Компанияның таза кірісі бағыттармен таратылады:

1. Дивидендке, жинақтау қоры және қорлану қоры
2. Резервтік қорға бөліністер
3. Облигацияға
4. Корпоративті табыс салығына
5. Еңбекақы төлеуге
6. Капиталды қалыптастыруға шығындарды үнемдеу
7. Амортизациялық бөлініске

45. Баланс абсолюттік болу үшін арақатынас болуы тиіс:

1. $A3 \geq П3$
2. $A1 \geq П1, A2 \geq П2$
3. $A4 = П4$
4. $A4 = П5$
5. $A3 = П3$
6. $A1 \geq П4$
7. $A4 \geq П6$

46. Кәсіпорынның активі өтімділік дәрежесіне қарай топтарға бөлінеді:

1. Ең өтімді актив, баяу сатылатын актив
2. Жылдам сатылатын актив
3. Өтпеген, сатылмаған
4. Ұзақ мерзімді актив
5. Ағымдағы актив
6. Жедел өтімді актив
7. Ағымдағы өтімді актив

47. Таза кіріс:

1. Әрі қарай даму қайнар көздері
2. Кәсіпорын иеленушісінің кіріс қайнар көздері
3. Пайда және шығын айырмашылығы
4. Кәсіпкерлік пайда
5. Қаржылық қызметтен табыс
6. Баланстық пайда
7. Амортизациялық аударымдар

48. Меншік капитал құны қалыптасады:

1. Бөлінбеген кіріс құнынан
2. Жай акция құнынан
3. Облигациялық қарыз құнынан
4. Ұзақ мерзімді банктік несиелер құнынан
5. Кредиторлық берешек құнынан
6. Қысқа мерзімді қарыздар құнынан
7. Несиелерден

49. Жоспарлы жылдың басы мен аяғына өткізілмеген өнімнің кіру және шығу қалдықтарына енгізілген түзетулерді ескере отырып өткізілген өнімнің көлемін анықтайтын формула:

1. $V=(O_n+T)-O_k$
2. $V=O_n+T-O_k$
3. $V=O_n/O_k+T$
4. $V=O_n/O_k+T$
5. $V=O_n-O_k-T$
6. $V=O_n-T+O_k$
7. $V=O_n-T/O_k$

50. Компанияның жарғылық капиталында үлесі бар тұлғалар:

1. Меншік иелері
2. Акционерлер
3. Қосымша төленген капитал
4. Андеррайтерлер
5. Қарыз берушілер
6. Эмитенттер
7. Жеке кәсіпкер

Әдебиеттер

1. *Бочаров В.В., Леонтьев В.Е.* Корпоративные финансы. – СПб.: Издательский дом «Питер», 2004.
2. *Шеремет А.Д.* Комплексный анализ хозяйственной деятельности. – М.: Издательство: ИНФРА-М, 2006.
3. *Балабанов И.Т.* Основы финансового менеджмента: учеб. пособие. – 2-е изд, доп и перераб. – М.: Финансы и статистика, 2010.
4. *Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С.* Финансы предприятий. – М.: Издательский дом «ИНФРА-М», 1998.
5. О бухгалтерском и финансовом учете. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу закона, от 28 февраля 2007 года, № 234.
6. *Назарова В.Л.* Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп: оқулық / жалпы ред. басқ. Н.Қ. Мамыров. – Алматы: Экономика, 2005.
7. Әбдіманапов Ә. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері: оқулық. – Алматы, 2006.
8. *Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г.* Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007.
9. *Дюсенбаев К.Ш.* Анализ финансовой отчетности. – Алматы: 2009. – 368 с.
10. *Әкімбеков С., Баймұхаметов А.С., Жанайдаров А.* Экономикалық теория: оқу құралы / жалпы ред. басқ. С. Әкімбеков. – Астана, 2002.
11. *Мельников В.Д.* Основы финансов: учебник. – Алматы: ТОО Издательство «ЛЕМ», 2005. – 560 с.
12. *Мейірбеков А.Қ.* Кәсіпорын экономикасы. – Алматы, 2003.
13. Руководство по финансовому учету, отчетности и аудиту. Центральный и операционный отдел учета и отчетности. Всемирный банк, январь 2006.
14. *Сатмурзаев А.А., Абдыкалыков Т.А.* Бухгалтерский учет в рыночной экономике. – Алматы: Экономика, 2006.
15. *Сейткасымов Г.С., Шаяхметова К.О., Абдраимова Г.Т.* Бухгалтерский учет и отчетность в банках. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2000.
16. Финансовый менеджмент: учебно-практическое руководство / рук. авт. колл. Е.Е. Стоянова. – М.: Перспектива, 1993.
17. *Шуляк П.Н.* Финансы предприятия. – М.: Издательства «Дашков и К», 2003.

18. Методические рекомендации по применению международного стандарта бухгалтерского учета №33 «Прибыль на акцию» от 24 января 2005 года.
19. Қаржы жағдайындағы өзгерістер туралы есеп 7 (IAS) Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты.
20. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар 16 (IAS) ХҚЕС.
21. Валюталық бағам өзгерісінің әсері 21 (IAS) Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты.
22. Қарыздар бойынша шығындар 23 (IAS) ХҚЕС.
23. Бірлескен қызметке қатысу 31 (IAS) ХҚЕС.
24. Шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігі 27 (IAS) ХҚЕС.
25. Қаржы есептілігін ұсыну 1 (IAS) ХҚЕС.
26. Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және кәсіптіктер 8 (IAS) ХҚЕС.
27. *Көпешова Б.Қ.* Корпорациялар қаржысы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
28. *Көпешова Б.Қ.* Экономиканың ғаламдану жағдайындағы интеграциялық үдерістеріндегі қаржы менеджменті: монография. – Алматы: «Академия Экономика и права» баспасы, 2012.
29. *Өсербайұлы С.Ө., Тұрлыбекова А.Ж.* Корпоративтік қаржы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.
30. *Ермекбаева Б.Ж., Купешова Б.К.* Курс лекций «Корпоративные финансы»: учеб. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
31. *Купешова Б.К., Ахметов А.А., Канагатов А.М.* Практикум по курсу «Корпоративные финансы» для студентов экономических специальностей. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, ВШЭБ: УМЛ, 2013. – 75 с.
32. *Михель Э.Э., Рахимбаев А.Б.* и др. Корпоративные финансы. – Алматы: Азия-принт, 2009. – 400 с.
33. *Кадрова Н.Н.* Корпоративтік қаржы. – Алматы: Экономика, 2008.
34. *Құлтыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д.* Қаржы: оқулық. – Алматы, 2010. – 670 б.
35. *Раимов Н.* Корпоративные финансы. – Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2004. – 512 с.
36. *Бертонеш М., Найт Р.* Управление денежными потоками. – СПб.: Питер, 2004. – 204 с.
37. *никитина Н.В.* Корпоративные финансы: учебное пособие. – М.: Издательство «КноРус», 2013.
38. *Ковалев В.В., Ковалев В.В.* Корпоративные финансы и учет: понятия, алгоритмы, показатели: учебное пособие. – М.: Проспект, 2013.
39. Принципы корпоративных финансов / Брейли Ричард, Майерс Стюарт. – М.: Издательство «Олимп-Бизнес», 2009.
40. *Асқарова Ж.А.* Бизнесі бағалау: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006.
41. *Оразалин К.Ж.* Кәсіпорын экономикасы: тәжірибе сабағына арналған оқу құралы. – Алматы, ТОО Издательство «LEM», 2007. – 296 б.

42. «Акционерлік қоғам туралы» ҚР заңы. 13 мамыр 2003 жыл № 415-ІІ.
43. *Серғалиев М.* Русско-казахский словарь. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2000.
44. *Насырова М.Р., Токсанбай С.Р., Құлтыбаев С.К., Гуляева С.П.* Современный экономический русско-казахский толковый словарь-справочник – Қазіргі экономикалық орысша-қазақша түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы, 2003.
45. *Ковалев В.В.* Введение финансовый менеджмент – М.: Финансы и статистика, 2012. – 768 с.
46. *Павлова Л.П.* Финансовый менеджмент: учебник. – М.: Инфрс-М, 2012.
47. *Ковалев В.В.* Финансовый менеджмент: конспект лекций с задачами и тестами. – М.: Проспект, 2011. – 504 с.
48. *Баффетт У.* Эссе об инвестициях, корпоративных финансах и управлении компаниями. – М.: Издательство «Альпина Бизнес Букс», 2009. – 268 с.
49. *Чиркова Е.В.* Как оценить бизнес по аналогии. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2009. – 224 с.
50. Стоимость компаний: оценка и управление / коллектив авторов. – М.: Олимп-Бизнес, 2008. – 576 с.
51. *Положенцева А.И., Соловьева Т.Н., Есенкова А.П.* Финансы организаций (предприятий). – М.: Издательство «КноРус», 2010. – 206 с.
52. *Теплякова Н.А.* Финансы и финансовый рынок. Издательство: ТетраСистемс 2010, 208 стр.
53. *Щербаков В.А., Приходько Е.А.* Краткосрочная финансовая политика. – М.: КноРус, 2009. – 272 с.
54. Қазақстан қор биржасының ресми сайтынан (www.kase.kz).

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. ФИРМАНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ МАЗМҰНЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ	4
1.1. Фирма қаржыларын басқару мақсаты мен міндеттері	4
1.2. Фирма қаржысын басқару қызметтері.....	6
1.3. Фирмадағы қаржылық жұмысты ұйымдастыру.....	8
2. ФИРМАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІН ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ.....	11
2.1. Қаржылық жағдайдың мәні және оны бағалаудың мақсаты	11
2.2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негіздері	13
2.3. Қаржылық жағдайды талдау әдістері	25
2.4. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау.....	28
3. ФИРМАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰНЫН ТАЛДАУ	33
3.1. Капитал мен қаржылық капиталдың анықтамалары	33
3.2. Фирманың қаржылық капиталы – қаржы ресурстарын қалыптастыру көздері	35
3.3. Меншікті қаржы ресурстарының көзі – жарғылық капитал	36
3.4. Өнім өткізуден түскен табыс	40
3.5. Негізгі және айналым капиталы	44
3.6. Меншікті және қарыз қаражаттарының құнын анықтау	51
4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҮТҚА МЕН КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ. КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	65
4.1. Капитал құрылымы	65
4.2. Қаржылық түтқа. Қарыз қаражаттарының меншік капиталының рентабельділігіне әсері.....	67
4.3. Капитал құрылымы туралы шешім қабылдау.....	70

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ: МАЗМҰНЫ МЕН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ	73
5.1. Операциялық талдау мазмұны. Шығындарды сыныптау.....	73
5.2. Операциялық талдауды жүргізу тәртібі.....	76
6. ТАБЫСТАРДЫ БӨЛУ: ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ПЕН ФИРМАНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫН РЕТТЕУ	79
6.1. Кәсіпорынның пайдасын (табысын) жоспарлау әдістері.....	79
6.2. Кәсіпорынның табысын бөлу	84
6.3. Бөлу нормасы. Кәсіпорынның дивидендтік саясаты	89
7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ.....	94
7.1. Инвестициялардың экономикалық негіздері.....	94
7.2. Инвестициялардың тиімділігін талдау әдістері	99
8. АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ	109
8.1. Айналым капиталын пайдалану көрсеткіштері.....	109
8.2. Таза айналым капиталын анықтау әдістері	112
9. АҚША АҒЫНДАРЫН ТАЛДАУ, БОЛЖАМДАУ МЕН ЖОСПАРЛАУ	116
9.1. Ақша ағындарының экономикалық мәні мен мазмұны	116
9.2. Ақша ағымдарының ақпараттық негіздері	119
9.3. Ақша ағындарын болжамдау мен жоспарлау.....	134
9.4. Фирманың ақшалай активтерін басқару	145
ЕСЕПТЕР	153
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	163
Әдебиеттер	172

Оқу басылымы

Купешова Баян Қуанышбекқызы

Фирмалар қаржысы

Оқу құралы

Редакторы *К. Сәбит*

Компьютерде беттеген *Н. Базарбаева*

Мұқабасын безендірген *Ф. Қашева*

ИБ №8449

Басуға 23.07.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлем 11,12 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №2283.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды